

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛГІГЕ ӨТУГЕ ТИІС



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жиынға Мәжіліс және Сенат депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, Ұлттық құрылтай, Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, қоғам мен еңбек ұжымдарының өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы жыл сайын халыққа Жолдауын Парламент сессиясының ашылуында жариялайды. Бүгінде бұл жақсы дәстүрге айналды. Мұның айрықша мәні бар. Себебі дәл осы сәтте және дәл осы жерде билік тармақтарының барлық өкілдері бас қосады. Алдағы орта мерзімді жұмыстың бағыт-бағдары айқындалады. Нақты тапсырмалар беріледі, жаңа міндеттер жүктеледі. Парламент, Үкімет және басқа да құзырлы органдар тың қарқынмен іске кіріседі. Бір сөзбен айтсақ, мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

— Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді. Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді — тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде

300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор — балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖОЛДАУ ҮШ ЖЫЛДА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Мемлекет басшысының айтуынша, осы Жолдауда айтылатын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі. Қазіргі ең басты міндет — еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет. Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртарапандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуда. Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн.

Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек.

— Еліміздің туристік әлеуетін де пайдалану керек. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс. Өкінішке қарай, осы маңызды саладағы жұмыс дұрыс атқарылмай жатыр, еліміз басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келеді. Жалпы, кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуға тиіс. Осы салада бұрын болған қателіктерді қайталауға болмайды. Жобаларды тиімді қолдау шараларын және оларды орындау мерзімдерін нақты айқындау керек. Оны іске асыруға шетел инвесторларын және еліміздің бизнес өкілдерін барынша тартқан жөн. Жұмысқа өзіміздің шикізатты, тауарлар мен кадрларды, басқаша айтқанда, барлық ішкі мүмкіндіктерімізді пайдалану қажет. Біз жана өнеркәсіп саясаты арқылы жанаша даму үлгісіне көшуге тиіспіз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, мемлекет ірі кәсіпорындармен бірлесіп, өндірістің барлық сатысы өз елімізде болуын қамтамасыз етуі керек. Ол үшін өндіріс саласын реттейтін және ынталандыратын түрлі тәсілдерді қолдану қажет. Өңдеу өнеркәсібі шикізатты көңілге қонымды бағамен жеткілікті көлемде алуы керек. Сонымен бірге реттелетін сатып алу кезіндегі өз тауарларымыздың үлесін арттыру және офтейк жүйесін толық іске қосу қажет. Еліміздегі өнім өндірушілермен жасалатын офтейк келісімшарттардың үлесін кемінде 10 пайызға жеткізу керек. Бұл — жыл сайын 2 триллион тенге деген сөз.

(Жалғасы 2-бетте)

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Адамзат үшін қоршаған ортаның маңызын түсіну үшін терең білімнің қажеті жоқ. Өйткені табиғатты аялау — адам баласының өмір сапасын жақсартатыны ешбір дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Өкінішке қарай, түйсік танымымызды пендешіліктің алдында тізерлетіп, табиғатқа орасан зиян тигізіп жатырмыз. Әрекетіміздің жауабын да алдық. Табиғат талай рет адамзаттың осындай іс-әрекетіне тиісінше жауап берді.

6 >>



ҮКІМЕТ АҚПАРАТЫ ТЫҢДАЛДЫ

«АМАНАТ» партиясының фракциясы Президент Жолдауларының орындалуы туралы Үкіметтің ақпаратын тыңдады. Биыл мемлекеттің экономикадағы үлесі 14%-ға дейін қысқарды, 600 мыңнан астам отандасымыз жұмысқа орналастырылды, бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды. Мемлекет басшысының Жолдаулары қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы Премьер-Министр Әлихан Смайылов Мәжілістегі «АМАНАТ» фракциясының кеңейтілген отырысында баяндады.

4 >>



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Шавкат Мирзиёевті және Өзбекстан халқын ұлттық мерекесі — Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

— Біздің халықтарымыздың түпкі мүдделерін, ғасырлар бойғы достық және тату көршілік дәстүрлерін негізге ала отырып, казак-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі нығайтуға басымдық беремін. Біз ортақ күш-жігерді біріктіре отырып, бауырлас халықтарымыздың өркендеуі және Орталық Азияның тұрақтылығы мен игілігі үшін көпжақты ынтымақтастықтың орасан зор әлеуетін жүзеге асыра алатынымызға сенімдімін», — деп жазылған жеделхатта.



ҚҰТТЫҚТАУ

Қасым-Жомарт Тоқаев Instagram парақшасында ұстаздар мен оқушыларды Білім күнімен құттықтады.

Құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Сіздерді Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін жаңа оқу жылы басталады. Республикамыздағы барлық мектеп миллиондаған шәкіртке есігін айқара ашады. Өскеден ұрпақ — еліміздің ертеңі! Мемлекет жас өрендердің сапалы білім, тағылымды тәрбие алуы үшін барлық жағдайды жасайды.

«Мектептің жаны — мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ұстаздың бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Әр оқушының тұлға болып қалыптасуында мұғалімдер маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз педагогтерді әрдайым қолдаймыз.

Қазақстанның болашағы — білімді ұрпақтың қолында! Олардың оқуда озат болып, қоғамның барлық саласында биік белестерді бағындыруына тілектеспін! Жастарымыз келешекте Отанымызға адал қызмет етіп, оның дамуына үлес қосатынына көміл сенемін!

Білім күні құтты болсын!



ТАҒАЙЫНДАУ

Ғизат Дәуренбекұлы Нұрдәулетов Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы болып тағайындалды, сондай-ақ бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Руслан Сұлтанұлы Желдібай — Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі;

Ержан Хозеұлы Қазыхан — Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық мәселелер жөніндегі көмекшісі;

Ержан Нұрланұлы Жиенбаев — Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкілдерімен:

Мұрат Қалибекұлы Баймұқашев Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының орынбасары болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды;

Қанатбек Бакытұлы Жайсаңбаев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды;

Руслан Мұхтарұлы Тұрғаналы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды;

Алексей Дмитриевич Калайчи Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды;

Расул Қабдоллаұлы Оразұлов Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Қауіпсіздіктің өзекті мәселелері бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды;

Айдын Жәнісұлы Құлсейітов Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық саясат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды;

Ернар Лазар Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Сыртқы саясат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

АЯУЛЫ МАМАНДЫҚҚА АДАСЫП КЕЛГЕНДЕР КӨП

Елімізде соңғы жылдары педагогикалық мамандықтарға бөлінетін грант саны күрт өсті. Кейінгі екі жылда бөлінген тегін грантты игере алмаған колледж бен университеттер түлектерді шекті балына қарамай қабылдауға даяр екендерін айтып, жарнама таратып өзүрге түсіп келеді.

7 >>



ЖОЛДАУДА БЕЛГІЛЕНГЕН БАСЫМДЫҚТАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палатаның VIII шақырылған Парламенттің II сессиясындағы алғашқы отырысы өтті. Отырыс барысында сенаторлар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда белгілеп берген басымдықтарды талқылады. Сенат Төрағасы ел Президентінің бастамалары мен реформаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету палатаның аса маңызды міндеті екенін атап өтті.

Мәулен Әшімбаев Жолдауда берілген тапсырмалар қазіргі жағдайда өзекті екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы ұсынған реформаларды іске асыру жолында азаматтардың жұдырықтай жұмылуы маңызды екенін назар аударды.

«Мемлекет басшысы Жолдауда еліміздегі экономикалық саясаттың жаңа моделін қалыптастыруға басымдық берді. Қазір әлемдегі күрделі ахуал мемлекеттердің дамуына өз әсерін тигізуде. Осындай қиын кезеңде Президентіміз халықтың тұрмыс сапасын арттыруға үлкен көңіл бөліп отыр. Жолдауда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың жүйелі механизмдері көрсетілді. Бәріне бірдей түсінікті, ашық, әділетті салық саясатын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды. Инвестиция тартуға қолайлы бизнес климат қалыптастыруға баса мән берілді. Сондай-ақ Президентіміз елімізді индустриаландыру кезеңдерінде қордаланған проблемаларды шешіп, бұл үдерісті сапалы жүргізуді тапсырды. Ауқымды инфрақұрылымдық серпіліс жасау арқылы өңірлердің дамуына жана тыныс беру көзделіп отыр. Мұның бәрі халықтың өмір сүру сапасын арттырып, әділеттілік қағидатының барлық салада жүзеге асуы

на мүмкіндік беретіні сөзсіз. Алдағы уақытта Сенат Президентіміз белгілеп берген міндеттерді заңнамалық тұрғыдан сапалы әрі уақытылы қамтамасыз ету жолында белсенді жұмысын жалғастыра береді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата Спикері сенаторлардың өңірлерге сапарларын қорытындылап, барлық деңгейдегі депутаттармен және жұртшылықпен жүйелі өзара байланыс орнатудың маңыздылығына тоқталды.

Мәулен Әшімбаев жаз айларында сенаторлар өңірлерде жергілікті халықпен, қоғам өкілдерімен және мәслихат депутаттарымен 580-нен астам кездесу өткізгенін атап өтті. Аталған кездесулерде айтылған ұсыныстар, мүдделі тараптардың, түрлі әлеуметтік топтың, сарапшылардың, қоғамдық институттардың және ғалымдардың пікірлері заң шығару қызметінде назардан тыс қалмау керек екені де тілге тиек етілді.

Сондай-ақ палата отырысында депутаттар электронды жүйені пайдалануын және оған қызмет көрсететін персоналдың жұмысын бақылау жөніндегі комиссияны құру туралы мәселені қарады.

ЖАҢА СЕССИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен палатаның жалпы отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысының Жолдауы аясындағы алдағы жоспарды талқылап, бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа алды.



Отырысты ашқан Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында депутаттардың алдына қойылған міндеттерді жария етті. Оның барлығы өңірлердегі проблемалармен үндес екенін атап өтті. Бұл әрбір отбасының амандығы, тұрақты жұмысы, лайықты жалақысы, амандығы мен қауіпсіздігі, елдегі тыныштық, бейбітшілік пен келісім.

— Қасым-Жомарт Кемелұлы бүгін жұртшылықты алаңдатқан мәселелердің бәріне нақты жауап берді. Президент азаматтарға қамқорлық жасау, олардың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің басты назарында екенін тағы да айқын көрсетті. Мәселен, келер жылы 1 қантардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге дейін көтеріледі. Бұл шара 1,8 миллион адамды қамтиды, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы бірінші кезектегі міндеттер қатарында отандық өндірісті дамыту, инфрақұрылым мәселелерін шешу, халықтың қарыз жүктемесін азайту, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік қолдау, Салық және бюджет кодекстерін қабылдау, сонымен қатар цифрландыру, ғылым мен технологияны дамыту екенін айтты.

Суға қатысты мәселелерді толық шешу үшін Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылып, көлік-логистикалық секторды дамыту үшін Көлік министрлігі қайта құрылады.

Мәжіліс Спикері Президенттің атом электр стансасын салу бойынша референдум өткізу туралы бастамасын стратегиялық шешімдердің бірі деп атады. Бұл мәселе қоғамда қызу талқылануы және ол бүкіл ел тұрғындарының пікірін ескере отырып шешілетін болады.

— Біздің міндетіміз — Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді заңнамалық деңгейде сапалы әрі жедел орындауды қамтамасыз ету. Республикалық бюджеттен бөлінген әрбір тиын мүлтіксіз өз мақсатына жұмсалып тиіс. Депутаттар мұны қатаң қадағалауы қажет. Заң шығару процесі азаматтық қоғамдастықтың пікірін ескере отырып, ашық болуы керек, — деді Спикер.

Жалпы отырыста Мәжіліс депутаты Ғалымжан Елеуовтің өкілетті мерзімінен бұрын тоқтатылды. Депутаттар экс-мәжілісменді шығарып салып, жана қызметіне сәттілік тіледі.

Одан соң депутаттар бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады. Соның ішінде 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт, қоғамдық бірлестіктер туралы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң жобасы мен ілеспе түзетулер, өкімшілік әділет саласын жетілдіру және кенейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар және екі ратификациялық заң жобасы бар.

Пікір



Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс Төрағасы:

ЖАСАМПАЗДЫҚКА ЖЕТЕЛЕЙТІН ТАРИХИ ЖОЛДАУ БОЛДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл халықты жасампаздыққа жетелейтін тарихи Жолдау болды.

Бұл Жолдау — елімізде кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқан ауқымды әрі маңызды реформалардың жалғасы. Жалпы, соңғы бес жылдағы Президент Жолдаулары бір-бірімен біте қайнасып жатыр. Өткен жылы бастау алған саяси жаңғыру жұмыстары үлкен экономикалық өзгерістерге ұласты.

Бұл Жолдаудың жөні бөлек. Себебі Президент осы Жолдауында елдегі экономикалық, әлеуметтік дамудың таяу жылдардағы эволюциясын айқындап берді. Ол заңды да. Өйткені халықтың тұрмыс сапасы, берекелі өмір сүруі экономиканың дамуымен тікелей байланысты. Мемлекет басшысының Жолдауы осы саладағы күн тәртібінде тұрған, халық, қоғам күткен өткір мәселелердің шешімін тап басады.

Әлемдегі геосаяси ахуалға қарамастан Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді. Негізгі бағыттар бойынша оң көрсеткіштерге қол жеткіздік. Алайда жаһандық экономика өзгеріп жатыр. «Түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды», — деді Президент.

Осындай сын-қатерлерге қалай төтеп бере аламыз, технологиялық бәсекеге дайынбыз ба, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, орнықты даму сияқты өзекті мәселе көп. Қасым-Жомарт Кемелұлы бүгін осы және жұртшылықты алаңдатқан өзге де сұрақтардың бәріне нақты жауап берді.

Ең бастысы, осынау маңызды кезеңде үлкен экономикалық серпіліс жасауға мемлекетімізде толық мүмкіндік бар. Ресурс та жеткілікті. Экономика легеніміз — ең әуелі тұрақты жұмыс, лайықты табыс. Халыққа керекі де осы. Бұл орайда әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жана экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады. Мұны Мемлекет басшысы дөп басып айтты.

Осы орайда мен бірнеше жайтақ тоқталғым келіп отыр.

Біріншіден, Президент қазіргі күрделі жағдайда елдің экономикалық моделін қайта қарауды ұсынды. Қазақстанның қай салада да әлеуеті зор. Мұнай-химия, шикізат өңдеу, машина жасау, ауыл шаруашылығы және т.б. Біздің экономикамыз тиімді болуы керек. Сапалы өнімдермен өзімізді-өзіміз толық қамтамасыз етуге тиіспіз. Ол үшін экономиканы әртараптандыру маңызды. Мемлекет басшысы осыған ерекше мән берді.

Екіншіден, экономиканы қаржыландыру. Қазір экономикаға қаржы керек. Инвестиция жетіспейді. Бұл жерде отандық банктердің әлеуеті мен ресурсын молынан пайдалану маңызды. Қазір нақты секторды қаржыландыру азыайп кеткен. Керісінше, банктердің дені тұтыну несиесіне көп көңіл бөледі. Мемлекет басшысы Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде

ұстап тұрғандықтан, банктердің мол пайдаға кенелгенін айтты. Алмақтын да салмағы бар. Енді банктер экономиканың нақты секторын қаржыландыруға күш салатын болады. Экономика жұмыс істеуі керек. Қаражат айналуы қажет. Бұл — үлкен әрі маңызды мәселе. Банктер экономиканы дамытудың қайнар көзіне айналуға тиіс. Президент осы жөнінде тиісті тапсырма берді.

Үшіншіден, көлік-логистиканы дамыту. Тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның бұл саладағы мүмкіндігі зор екені айтпаса да белгілі. Еуразияның қак ортасында орналасқан мемлекетіміз арқылы ең маңызды жол тораптары кесіп өтеді. Біздің теңіз және құрғақ порттарымыз, автомагистралдарымыз арқылы Қытайдан Еуропаға, Ресейден Парсы шығанағына тауар тасымалдау әлдеқайда жылдам. Сондықтан көлік-логистика саласын экономиканың жана драйвері, күретамырына айналдыру — басты міндетіміз. Ол үшін Көлік министрлігі қайта құрылып, осы жұмыспен тікелей айналысатын болады. Жол инфрақұрылымын дамыту азаматтарымыздың тұрмысын жақсартып, табысын арттыруға зор септігін тигізеді.

Елімізде тағы бір министрлік — Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады. Өйткені бұл мәселе еліміз үшін аса өзекті. Судың сапасы мен халыққа қолжетімділігіне қатысты өңірлерде проблема көп. Енді суға қатысты барлық мәселені шешу осы ведомстваның мойнына жүктелгелі отыр.

Тағы бір маңызды мәселе — табысты өмір сүрудің кілті ақша табуда ғана емес. Сонымен қатар үнемдей білуде. Бұл баршаға аян. Қазір бүкіл әлем үнемдеуге бет бұрып отыр. Ол су ресурстарынан бастап қарапайым отбасы табысын үнемдеуге де қатысты. Біз де осыны үйренуге тиіспіз.

Тұрғындардың кредитті шамадан тыс алуы да Президентті қатты алаңдатуда. Бүгінде миллионнан астам қазақстандық несиеден төлей алмай отыр. Мемлекет басшысы бұған да нақты жауап берді. Осы орайда азаматтарды жаппай қаржылық сауаттылыққа оқытудың ауқымын кеңейтуді тапсырды. «AMANAT» партиясы бұл жұмысты бастап кетті. «Қарызсыз қоғам» жобасының алғашқы нәтижелері көңіл көншітерлік. Еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Президент бұл жобаны Үкіметпен бірлесіп іске асыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ел болашағына қатысты мәселелерге келгенде әрдайым халықтың пікірін ескереді. Бұған біз тағы бір мәрте көз жеткіздік. Мәселен, Атом стансасының құрылысы бойынша референдум өткізу жауапты әрі маңызды қадам болмақ. Халық өз болашағын өзі тандауға құқылы.

Бүгінгі Жолдаудан түйген басты ой — тиімділік. Біз осы тапсырмалардың бәрін жүйелі әрі тиімді орындасақ қана нәтижеге қол жеткіземіз. Тиімді экономика қалыптастырып, игіліктеріміздің бәрін — жер, су, табиғи байлықтарды әділ де тиімді пайдалануымыз керек. Сонда ғана халықтың әл-ауқаты артып, мемлекетіміз өркендейді.

Ал біздің мақсатымыз — Жолдауда айтылған міндеттердің барлығын заңнамалық деңгейде сапалы әрі жедел орындалуын қамтамасыз ету.



Нұрғөре ЖҮСІП,
Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы:

ЖОЛДАУДЫҢ АРҚАУЫ — ЖҮЙЕЛІ

— Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Өткен Жолдаудың орындалу барысынан хабарлар өтті. Нақты іске асқан шаралардың бірнеше бөлігін ғана атап өтті. Бір сөзбен айтқанда, талай жұмыс атқарылғаны рас.

Елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары жүргізілгенін бәріміз жақсы білеміз. Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген түбегейлі өзгеріс жасалды. Билік тармақтары арасында тиімді теп-тендік жүйесі орнықты. Басқару жүйесі ықпалды Парламентті бар президенттік республика үлгісіне көшті. Елімізде «күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидасы берік негіз қалады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты өз нәтижесін беріп жатыр.

Қазір жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы күн сайын өзгеруде. Технологиялық бәсеке мықты мемлекеттердің өзіне тізгін ұстатпай тұр. Қай жаққа қарасаныз да ресурстар үшін талас пен тартыс. Осындай жағдайда Қазақстан экономикасының басты бағыт-бағдары қалай болмақ? Президент өз Жолдауында осыны айқындап берді.

«Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жана экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады. Қазақстанның экономикалық дамуының жана парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді. Жана экономикалық саясатта жүзеге асуы екіталай. Сондықтан ұзақ мерзімді мақсат қоюға болмайды. Осы Жолдауда айтылатын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі», — деп нақты мерзімді белгіледі.

Біз өңірлерде болғанымызда мемлекеттік сатып алу жүйесінің көптеген кемшілігін көрдік. Көп жағдайда бітпейтін дау-дамай өрістеп жатады. Осыған орай Мемлекет басшысы жана мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізуді тапсырған болатын. Үкімет жана заң жобасын әзірледі. Бұл құжат бюджет қаржысын үнемдеп әрі есеп бере отырып жұмсауға септігін тигізеді деп отырмыз.

Бізге керекі «Баға емес, сапа» қағидаты. Президент айтқандай, демпингке тиімді тосқауыл қойылса және үдерістер толық автоматтандырылса, халықтың талай шаруасы тез шешілген болар еді.

Ең маңызды нәрсе — Адамның жаны, ұлттың рухы! Мемлекет басшысы «Адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды. Әрбір ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды» деген аталы сөз айтты. Міне, ендігі таңда қоғамды осы мақсатқа жұмылдыру, жүйелі ұлттық ұстаным орнықтыру өте өзекті деп есептеймін.

ҮКІМЕТ АҚПАРАТЫ ТЫҢДАЛДЫ



«AMANAT» партиясының фракциясы Президент Жолдауларының орындалуы туралы Үкіметтің ақпаратын тыңдады. Биыл мемлекеттің экономикадағы үлесі 14%-ға дейін қысқарды, 600 мыңнан астам отандасымыз жұмысқа орналастырылды, бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды. Мемлекет басшысының Жолдаулары қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы Премьер-Министр Әлихан Смайылов Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының кеңейтілген отырысында баяндады.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов фракцияның кеңейтілген отырысын аша отырып, былтырғы референдумда халық Мемлекет басшысының саяси реформаларын толық қолдағанын және жанарған Ата Заң ауқымды өзгерістердің бастауы болғанын атап өтті. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы әр Жолдауында елімізде әділдік пен демократия принциптерін орнықтыру және нығайту жолында жүйелі түрде, кезен-кезеңімен жағдай жасап келе жатқанын алға тартты.

«Мемлекет басшысының бастамасымен биыл алғаш рет жеңіске жеткен партия Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсынды. Бүгін жаңа саяси маусымның қарсаңында біз тағы бір дәстүрді бастағалы отырмыз. Алғаш рет фракция отырысында Президенттің Жолдаулары мен сайлауалды бағдарламаларының орындалуы жөнінде Премьер-Министрдің ақпаратын тыңдайтын боламыз. Сондықтан басым дауысқа ие болған партия ретінде фракция отырысына Үкімет басшысы арнайы шақырып отырмыз», — деді Ерлан Қошанов.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Президент жүктеген міндеттерді орындау бойынша Үкіметтің атқарған жұмысын баяндады. Ол экономикалық даму, кәсіп-

керлікті, ауыл шаруашылығы мен өндірісті қолдау, азаматтардың табысын арттыру, әлеуметтік саясатты жақсарту, жұмыспен қамту, өңірлердің инфрақұрылымдық дамуы мәселелерін шешу және жұмыс барысындағы өзге де маңызды бағыттарға егжей-тегжейлі тоқталды.

Мәселен, жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны тек соңғы 1 жылда 27%-ға өсіп, 1,8 млн-нан асты. Осы секторда жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны бір жылда 18%-ға артып, 4,1 млн адамға жетті.

«Жалпы, бизнес өкімшілік жүктемені азайту бойынша он өзгерістерді атап өтуге. «Таза парактан реттеу» қағидаты сәтті енгізілуде. Жаңа реттеуші саясаттың шарттарына сәйкес келмейтін 10 мыңнан астам талап анықталды. Қазірдің өзінде оның 9 мыңы заң аясында алынып тасталды», — деді ол.

Үкімет басшысы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатқаны туралы айтты. Саланы субсидиялау көлемі 430 млрд теңгеге дейін өсті. Президент тапсырмасы бойынша, кейінгі екі жылда пайдаланылмай жатқан және жекеменшікке заңсыз берілген 8 млн гектар ауыл шаруашылығы жерлері қайтарылды.

«Ауыл аманаты» арнайы бағдарламасы бойынша ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған ауқымды жұмыс басталды. Осы мақсаттарға 1 трлн теңге, оның ішінде биыл 100 млрд теңге бағытталды. Бүгінде 29 млрд теңге сомасында 5,3 мың шағын несие берілді. Нәтижесінде, 4,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды», — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар жаңа Әлеуметтік кодекс қабылданды. Ол азаматтарды туғаннан бастап елге жасқа жеткенге дейін әлеуметтік қолдауды көздейді.

«Балалары бар отбасыларды әлеуметтік қолдау үшін бала күтімі кезеңі 1,5 жасқа дейін ұлғайтылды. Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы артты.

Бүгінде бұл жәрдемақыны 750 мыңнан астам ана алады. 1 қыркүйектен бастап жалпы білім беретін мектептердің 1-4-ші сынып оқушылары тегін тамақтан-дырылады. Сондай-ақ биыл әлеуметтік жағдайы осал отбасылардан шыққан 97 мың баланың балабақшаларда тегін тамақтану мәселесі шешілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, мүгедектігі бар және асыраушысынан айырылған адамдарға берілетін әлеуметтік жәрдемақы 23%-ға артты», — деді Үкімет басшысы.

Бұл ретте, жыл сайын мұғалімдердің жалақысы 25%-ға, дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, орта медициналық персоналдың және басқа санаттағы жұмыскерлердің жалақысы 20%-ға артып келеді. Ертеңнен бастап 380 мыңнан астам студенттің шәкіртақысы өседі.

Әлихан Смайылов Президент Жолдаулары халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысының алдыңғы Жолдауларда берген тапсырмалары жалпы орындалды деп айтуға болады. Жүйелі және ұзақмерзімді тапсырмаларды іске асыру жалғасуда. Жалпы халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ауқымды, жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Үкімет Парламентпен бірлесіп, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру жұмысын жалғастырады», — деді ол.

Мәжіліс Спикері Парламенттегі жаңа сессиясының ашылуы қарсаңында осындай жиын өткізудің өте орынды екенін атап өтті.

«Қазір Үкіметтің барынша жұмыс істеп жатқанын көріп отырмыз. Ең бастысы, Президент жүктеген міндеттер орындалып жатыр. Азаматтардың әлеуметтік мәселелерін шешу бойынша он қарқын байқалады. Фракция депутаттары Үкіметпен бірге Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау жолында осы қарқынды сақтап қалуы қажет», — деп қорытындылады Ерлан Қошанов.

ӘР ОКРУГКЕ — БІР КАНДИДАТ



Мемлекет басшысы өз Жолдауында аудандар мен облыстарда әкімдер сайлауын өткізіп көру идеясын айтты. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтың ойынша, әкімдер сайлауын республиканың барлық өңірінде өткізген дұрыс болмақ.

Комиссия төрағасы оның әр өңірде әртүрлі өтетінін жеткізді.

«Әрине, сайлауды ұйымдастырушы орган ретінде бізге бір кезде өткені қолайлы болар еді. Қазір облыстық мәслихаттардың шешімін күтейік. Заң бойынша сайлауға дайындық және өткізу мерзімі 50 күннен кем болмау керек. Сайлау орын-тындысы шыққанға дейін заң осындай уақыт беріп отыр. Кемінде екі

ай ішінде өткізуіміз керек», — дейді ол.

Қолданыстағы Сайлау туралы заңның нормаларына сәйкес әрбір Қазақстанда тіркелген саяси партия өзінің өкілдерін ұсынуға құқылы. Бірақ әрбір округке бір ғана кандидатты ұсына алады.

Сондай-ақ Н.Әбдіров осы ретте тәуелсіз байқаушылар институты жақсы дамып келе жатқанын тілге тиек етті.

«Сайлаулардың статистикасын байқайтын болсақ, жылдан-жылға, кампаниядан-кампанияға саны да, сапасы да өсіп келе жатыр деп айта аламын. Өйткені байқаушы өз қызметін сапалы өткізеді. Қоғамдық бірлестіктер оларды сапалы дайындауды қолға алып жатыр», — деді комиссия төрағасы.

Пікір



Саят ӘЛІМҚҰЛОВ,
«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ
басқарма төрағасының орынбасары:

ЕЛІМІЗДІҢ СУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖАСАЛҒАНЫ ДҰРЫС

— Су саласында жеке мемлекеттік органның құрылуын сала мамандары берісі 2000-жылдардан бастап көтеріп келеді. Әрине, суды басқаруды жеке орган құрмай да тиімді етуге болады дегендей қарсы уәждер де болды. Бірақ су адамның тұрмыс-тіршілігі мен қоршаған ортасынан бастап экономиканың қай саласын алсақ та, басты тапшы ресурстар екенін, оны бір саланың жетегінде отырып тең үлестіріп басқарудың мүмкін емесін ескерген дұрыс. Осы тұрғыдан жеке органның құрылуы саланың дамуының алғышарты деуге болады.

Салада кезек күттіретін мәселе қалған жоқ, ахуал солай. Оған мысал Президенттің кешегі Жолдауы, онда су тапшылығы да, трансшекаралық өзендер де, бағалау мен болжамдау да, тиімсіз су пайдалану және басқа бәрі де қамтылған. Соның негізінде саланы басқарудың басты құралы — еліміздің су стратегиясы жасалғаны дұрыс деп санаймын.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ



«AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының 2021-2022 жылдарда атқарған жұмыс қорытындысы XXXVI есеп беру-сайлау конференциясында талқыланды.

Конференция жұмысына партия Хатшысы Руслан Әлішев, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері, депутаттық фракциялардың мүшелері және партия жанындағы қоғамдық кеңестердің басшылары қатысты.

«AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Жәніс Асанов екі жылда атқарылған жұмысты қорытындылап, бүгінде 8 партиялық жоба жүйелі жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Оның бірі — «Келергісіз келешек» жобасы. Жоба аясында аманаттықтар мүгедектігі

бар 986 адамды жұмысқа орналастыруға көмектесті.

«Өткен 2 жылда 369 нысан жүріп-тұруы қиын адамдардың ыңғайына қарай бейімделді. Өкінішке қарай, былтыр нысандарды бейімдеу жоспары тек 43%-ға орындалды. «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында 5 мыңнан астам ардагерге, тыл еңбеккерлеріне, зейнеткерлерге атаулы көмек көрсетілді. Бір жарым мыңнан астам қарттың үйіне көшпелі медициналық тексеру ұйымдастырылды», — деді Жәніс Асанов.

Партиялықтар «Бақытты отбасы» жобасы аясында жыл сайын «Баланы мектепке дайындайық!» акциясын ұйымдастырып келеді. 2021-2022 жылдары 5 827 балаға 92,5 млн теңге сомасына қайырымдылық көмек көрсетілді. Өңірде партияның «Жер аманаты» жобасына да айрықша назар аударылады. Былтыр осы өңірде заңсыз

бөлінген және пайдаланылмай жатқан 304 мың гектардан астам жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Биыл кемінде 330 мың гектар жерді қайтару жоспарлануда.

Конференция барысында делегаттар өңірлік және 14 аумақтық филиалдардағы Саяси кеңестердің жаңа құрамын бекітті. Олардың құрамына бас-аяғы 240 адам кірді. Биыл Саяси кеңестердің құрамы 50%-ға жаңарды. Оның 20%-ы — жастар, 43,5%-ы — әйелдер.

«AMANAT» партиясының Хатшысы Руслан Әлішев Саяси кеңестердің жаңадан сайланған мүшелері өңірлік мәселелерді шешуге және инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударуы тиіс екенін атап өтті.

«Өңірлік Жол картасы аясында алдағы бес жылда 120 іс-шара жүзеге асырылады. Олардың қатарында жол, әлеуметтік нысандар салу және жөндеу, тұрғын үй тұрғызу, халықты сумен қамту бастамалары бар. Биыл 112 іс-шара жүзеге асырылып жатыр. Саяси кеңестер сайлауалды бағдарламалардың орындалуын бақылау жұмысына белсенді араласуы қажет. Сондай-ақ Саяси кеңестің әр мүшесі партиялық бақылау бекеттеріне тіркеліп, олардың жұмысына жетекшілік етуі тиіс. Сонымен қатар «AMANAT» депутаттары бюджетті қарау кезінде партияның сайлауалды міндеттемелерін қаржыландыруға ерекше назар аударуы керек», — деді партия Хатшысы.

Руслан Әлішев облыстық мәслихат депутаттарымен, «AMANAT»-тың өңірлік және аумақтық филиалдары басшыларымен жүздесіп, партия қызметін жандандыру міндеттерін талқылады. Осы күні партиялықтар Николаевка ауылындағы орта мектепке барып, білім ошағының іргесіндегі интернаттың күрделі жөндеу жұмысымен танысты.



Баянды САХАРИЯҰЛЫ,
Қосшы қаласы мәслихатының депутаты:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛ ЕКТ — ӨРКЕНИЕТТІ ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Биылғы Жолдаудың бір ерекшелігі — алғаш рет жасанды интеллект туралы сөз болды. Қазір әлемдік ірі державалар арасында технология өндіруден бәсеке болып жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Үкімет жасанды интеллектті дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек», — деді. Сондай-ақ мәліметті сақтау және өңдеу саласында Қазақстанның мүддесін ілгерілету қажеттігі сөз болды. Сонымен қатар цифрландыру ісінде бастылыққа алынатын қағидағарды заң жүзінде бекітетін кез келгені де айтылмай қалмады.

Күн өткен сайын жасанды интеллект барлық салада жылдам жетістіктерге жетуде. Осындай ұзақ тарихы бар бұл технология күннен-күнге сапасы жоғарылап, маңыздылығы одан сайын артқан. Бүгінде жасанды интеллекттің мүмкіндігі сан қырлы. Оның көмегімен бұрын-соңды адамға ғана мүмкін болған тапсырмаларды орындай аламыз. Жасанды интеллекттің көмегімен адам мүмкіндіктерін бағдарламаларда қолжетімді және сапалы түрде жүзеге асыруға болады. Ол адамның мүмкіндіктерін түсіну, пайымдау, жоспарлау және коммуникация және қабылдауды бағдарламаларда қамтамасыз ету арқылы өте тиімді және төмен шығындармен маңызды орын алады. Әсіресе, уақыттың көп бөлігі деректерді жинақтау мен синтездеуге кететін секторларда ең қажетті болып саналады. Мысалы: қаржылық қызметтер, бөлшек сауда және сауда, кәсіби қызметтер, өндіріс және денсаулық сақтау салаларында жасанды интеллекттің қажеттілігі жоғары. Ендеше мемлекет басшысының бүгінгі Жолдауда айтқан тапсырмасы өте орынды. Бұл — еліміздің дамуына оң серпін беретін тың қозғалыс.

Еліміз Тәуелсіздік алып, жаңа тарихқа бой түзеген шақта жас Қазақстанның буыны бекіп, бұғанасы қату жолында өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар жетерлік. Солардың ортасында бүгінде шоқтығы биік бір жан бар. Ол – саяси қайраткер, мемлекетшіл тұлға, Мәжіліс депутаты, «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов ағамыз. Бар ғұмырын еліміздің гүлденуіне арнаған Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері биыл 1 қыркүйекте 75 жасқа кеңіп отыр. Оның өмір жолымен көзі қарақты оқырман таныс екеніне дау жоқ. Осы бір межелі шақта мерейтой иесімен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

болғаны төрт-ақ миллион еді, оның үстіне жері кішкентай, құбыр тартсаң да, жол салсаң да қатынас оңай. Халықаралық алпауыт компаниялар үшін ең ыңғайлы нарық сол болды. Ал бізде мүлдем басқаша жағдай. Жер аумағымыз әлемде 9 орында, 2 млн 700 мың шаршы шақырым. Егемендік алғанда Мәскеу бізге ешқандай да инфрақұрылымдық мүмкіндіктер жасаған жоқ. Шикізат тасу мақсатында ғана құрылған жолдар мен желілер жаңа жағдайға жарамды. Ауыл-аудандар түгел қалалардың арасында жол болмаған жерлер бар. Әлі күнге дейін сол жолдарды тартып жатырмыз. Осындай факторларды есепке ала отырып, «Біз неге Араб Әмірліктері сияқты болмадық» деп ренжудің ешқандай қисыны жоқ.

Бақтықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ, Мәжіліс депутаты:

ЕҢ БАСТЫСЫ

АДАЛ НИЕТ

ЕЛГЕ ДЕГЕН МАХАББАТ БОЛУ КЕРЕК



– Бақтықожа Салахатдинұлы, жаңа жасыңыз жақсылығымен келсін! «Айқын» газетінің атынан құттықтаймыз! Өмір жолыңызға көз жіберсек, сізбен әңгіме ел дамуының асыл межесі, мемлекет боп қалыптасудың белестері туралы болатын сияқты. Ендеше тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық тарихына қандай баға бересіз? Біз егемендік берген мүмкіндікті қаншалықты пайдалана алдық? – Тілегіңізге рақмет! Мен 1971 жылы Уфаның мұнай институтын бітіргенмін. Міне, содан бері 53-ші жыл жұмыс істеп келе жатырмын. Осы уақыт ішінде 30 жылдай өндірісте, 20 жылдан астам мемлекеттік қызметте жүрмін. Бұрғышынның көмекшісі, бұрғыш қызметінен бастап, аға инженер, отряд бастығы, зертхана менгерушісі, бас технолог, директордың орынбасары, директор сияқты өндірістік қызмет баспалдақтарынан өттім. Мемлекеттік секторға келгенде де өндірістен көз үзген жоқпын. Министрліктерде, мұнай-газ саласына қатысты Ұлттық компанияларда, инвестиция тартуға жауапты біріккен компанияларда қызмет еттім. Екі облысқа әкім болдым. Үш мәрте Мәжіліс депутаты, Мәжіліс төрағасының орынбасары, төрағасы болдым. Биыл сегізінші жыл «Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымының» төрағасымын.

Кеңес өкіметінен қалған мұра жаңа экономикалық модель құруға жарамды. Жаңадан инфрақұрылым тартуға, логистика түзуге тура келді. Біз осындай уақыт талабында жұмыс істедік. Мысалы, экономикамыздың локомотиві – мұнай-газ саласында бұрын тереңдігі 4 шақырымға дейін ұңғылар қазып жүрсек, одан кейін жеріміздің қойнауының геологиялық ерекшеліктеріне байланысты 5,5-6 мың шақырымға дейін қазу қажеттілігі туы. Оның үстіне мұнайымыздың құрамында күкіртті сутегі көп, сондықтан да аса қауіпті технологиялық жағдайларда жұмыс істеуге мәжбүр болдық. Оған жарайтын құбырымыз да жоқ, пайдаланатын техникамыз да жоқ, оны білетін мамандарымыз да жоқ, осылардың барлығына инвестиция керек болды. Міне, осы кезеңдерде халықаралық инвесторлар тарту міндеті алдымыздан шықты. Сонау 90-шы жылдардың басында келіссөздер жүргізіп, инвестиция тарту жұмыстарын бастаған азаматтардың бірі – менмін. Келіссөз жүргізетін бірнеше үлкен топтардың басшысы болдым. Қарашығанақ кен орнын игеруге қатысты келіссөздер жүргізген топтың ішінде жұмыс істедім. Одан бөлек, біріккен компания «ҚазТүрікМұнайдың» құрылуында да болдым. «ҚазГерМұнайдың» пайда болуы да көз алдыма өтті. Немістердің БегоОйл, Фифаойл деген компанияларымен бастан-аяқ келіссөздер жүргізгенмін, сол кездегі топтың басшысы болдым. Міне, сондай көптеген шетелдік компаниямен талай келіссөздер жүргізгенбіз. Соның барлығы 30 жылдың ішінде атқарылған жұмыстар.

– Өмір жолыңызға қарап отырсақ, елге инвестиция тарту саласында алғашқы қарлығаштардың бірі болған екенсіз. Ел экономикасына қаржы құюда үлкен үлес қостыңыз. Ендеше инвестиция тартудың қиындығы неде? – Халықаралық деңгейде жұмыс істеу үшін ең бірінші кезекте тәжірибе мен білім керек. Кез келген инвестор ақша салғанда не үшін салады? Тек қана пайда табу үшін. Пайда таппайтын жерге ешкім миллиардтаған ақшасын жұмсамайды. Олар біздің елге келгенде бізді ойлап келмейді ғой, соны түсіну керек. Мен әркез әйгілі Ататүріктің: «Түріктің түріктен басқа досы жоқ» деп айтқан сөзін мысалға келтіріп отырамын. Елін сүйетін адамдар ғана елдің жағдайын ойлайды. Міне, сондай жағдайда білімі болуы керек, тәжірибесі болуы керек. Бұл – ең басты мәселе! Өйткені талай жыл инвестиция салып, қаншама елдермен келіссөздер жүргізіп жүрген адам өрте тәжірибелі болып келеді. Олар болашақта жасалатын неше түрлі келісімшарттарға, соның ішінде контракттық дейміз, өзіне керек нәрселерін жазуға тырысады. Мысалға, мұнай-газ саласын алатын болсақ, бұл салада өте көп инвестиция жасалады, соларды мұқият зерделеу керек. Айталық, Сауд Арабия еліндегі немесе Солтүстік теңіздегі ағылшындар мен италиялықтардың тәжірибесі бар. Американың үлкен-үлкен концерндері Exxon-mobil, Chevron-лардың тәжірибесін зерттеу керек. Бұл салада жұмыс істеймін дейтін адамдарға солардың барлығын оқуға тура келеді. Біз 90-шы жылдардың басында, нарықтық қатынас басталған кезде соқыр кісідей болдық. Әйтеуір, өйтіп-бүйтіп оқып, өзіміздің білгенімізге сүйеніп, экономиканы өз түйсігімізбен алып шықтық. Ел кезде де біз нәрсе жасалды. Кемшіліктері өрине бар. Мысалы, «ТенісШеврОйлдың» келісімшартындағы салықтардың деңгейі төмен. Салықтай ауырталық деген сөз бар, сол жеңіл. Үлкен контракттеріміздің бірде біреуінде біздің ішкі заңымызға мұнай беру қаралмаған. Мұның барлығын жасауға болатын еді. Оны бұл жобаның экономикасы көтеретін еді, бірақ қаралмаған. Десе де, бұл тұста объективті де себеп бар. Бізде ол кезде, жасыратыны жоқ, жалақы түгел зейнетақымызды ала алмай отырған кезіміз болды. Сондықтан қалай болғанда да бір үлкен қаржы түсу керек еді. Жұмыс орындарын ашып, салық көлемін көбейтіп, елдің экономикасын көтеру керек. Сол себеп ол уақытта осындай жеңілдіктерге баруға мәжбүр де болдық. Енді қазір біз ондай жағдайдан шықтық. Халықаралық қауымдастық алдында белделі бар ел болып орнықтық. Қазір біздің инвестиция тарту саласында шетелде білім алған, сол жақта жұмыс істеген кереметтей мамандарымыз бар. Сол мамандар

осы жағдайлардың барлығын жан-жақты қарау керек. Әсіресе, салық мәселесі жөнінде, экология мәселесі жөнінде, өндірістің қауіпсіздігі мәселесі жөнінде ерекше көзқараста болу керек. – Енді осынау үлкен тәжірибеніңізді Жаңа Қазақстан үшін де зор пайдасы тиері сөзсіз. Осы тұрғыда қандай ұсыныстарыңыз бар? – Менің бірнеше ұсыныстарым бар, Қасым-Жомарт Кемелұлының алдында бірнеше рет айтқанмын. Сол кездесулердің бәрінде де баратын кезде ұсынысымыз

қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Бізде бұл мәселе тұрғысында әлі жасалмаған нәрсе өте көп. Өйткені ауылдық жерлерде көптеген адамдар бос отыр, айналасында жерлер бос жатыр, қасында су келіп тұр. Құдай-ау, неге мен сол суларды пайдаланып, сол жерлерге егін екпеймін? Неге жылыжай салмаймын? Мысалы газбен қамтылған көптеген өңірлеріміз бар. Батыс өңірі, Қызылорда суы бар, Оңтүстік Қазақстаннан Алматыға,

бармаймын. Олардың біразы жүзеге асып келе жатыр. Кешегі өткен бірінші сессияда Үкіметке үш депутаттық сауал жолдадым. Мысалы соның бір-екеуін айта кетейін. Бізде су тапшылығы жылдан жылға күшейіп келе жатыр. Менің су жөнінде мынандай ұсыныстарым бар. Біріншіден, Қазақстанда жерасты суларын пайдалану дұрыс жүйелі қолға алынып жатқан жоқ. Мәселен, бізде соңғы жылдары жасалған тым жақсы карта бар, қай жерде қандай жерасты сулары бар, пайдалануға келетін қазылған ұңғылар бар деген сияқты. Өрине, жерасты сулары бізді барлық су тапшылығынан құтқармайды, бірақ соның арқасында жекелеген елді мекендерде өнім шығарып, жұмыс орындарын ашуға, мысалы жылыжай салып, егінге пайдалануға мүмкіндік бар. Маңғыстау, Атырау, сосын осы Ақмола жерінде осындай көптеген ұңғыларды пайдалану жөнінде ұсынысым бар, ол бір.

Екінші, одан да үлкен мәселе, ол – тамшылатып суғаруды пайдалану. Тамшылатып суғарудың өте үлкен артықшылықтары бар. Біріншіден, су аз кетеді, екіншіден – біздің

Талдықорғанға дейін жетіп отыр. Сол газ бар жерлердің барлығында жылыжай салуға болады. Газ өзге отын түрлеріне қарағанда арзан, оған көп шығын кетпейді. Сосын жаңағы айтқан, жерасты суларын пайдаланса. Газ бар, су бар, ендеше неге ауылдық жерлерде 20-30 кісі жылыжай ашып жұмыс жасамайды. Солай етсе, жұмыс орны ашылар еді, экологиялық таза өнім шығар еді, өзімізді-өзіміз қамтамасыз етер ек.

Бір мысал келтірейін, Атырауда әкім болған кезде біраз нәрселер жасадым. Соның ішінде бір жобаны айтайын: лимон өсіруді қолға алдым. Сол тропикалық өсімдікті үлкен бір жылыжайда өсіретін үлкен шаруа қожалығын басқарған менің бір әріптес азаматым былтыр «Қазақстанның Еңбек ері» атағын алды. Сол жылыжайда 2021 жылы 29 тонна, былтыр 35 тонна өнім жиналды. Биыл 45 тоннаға дейін жеткелі отыр. Мен сол жігітке бірден айттым: «сен болашақта лимон ағашынан өнім аласың ғой, ендеше осы бастан лимоннан сусын шығаратын нәрсе ойлан» деп. Соны биыл бірінші жартыжылдықта іске қосты, неміс

Екінші, одан да үлкен мәселе, ол – тамшылатып суғаруды пайдалану. Тамшылатып суғарудың өте үлкен артықшылықтары бар. Біріншіден, су аз кетеді, екіншіден – біздің Атырау, Ақмола сияқты жерлерде су жайылған жерлердің тұзы шығып кетеді. Ал тамшылатып суғаруға көшек, тұз шықпайды. Жер эрозияға ұшырап, тозбайды.

Атырау, Ақмола сияқты жерлерде су жайылған жерлердің тұзы шығып кетеді. Ал тамшылатып суғаруға көшек, тұз шықпайды. Жер эрозияға ұшырап, тозбайды. Үшіншіден, егінге су жіберіп, суғарсаң бір гектарда 30-35 кісі жұмыс істейді, ал тамшылап суғаруды 3-4 кісі атқара алады. Сосын бұл жүйеде тынайтықш дозатор дейтін құрылғы салынады. Сол кезде бірнеше есе аз тынайтықш кетеді. Әрбір өсіп тұрған өсімдіктің түбіне су да барады, тынайтықшы та барады. Өнім әлдеқайда артық шығады. Сосын тамшылатып суғаруға қолданылатын құрылғыларды Қазақстанда емін-еркін шығаруға болады. Мен Атырауда әкім боп тұрған кезде соларды Оралдың зауыттарында жасатып, тамшылатып суғаруды кәліміздей дұрыстап қолға алдым. Сол жобам бүгінгі күнге дейін мың жарым гектардан астам жерде жұмыс істеп тұр. Тек қана шланганы Израильден сатып аламыз, қалғанының бәрі өзімізден шығады. Менің ұсынысым – осы жүйені шаруаларға заңмен міндеттеу керек.

Тағы мәселенің бірі: біз тынайтықшты дұрыс пайдаланып отырма жокпыз. Жердің балл бонитетінің, яки құнарлығының ең жоғары деңгейі 50-ге дейін барады. Ал біздің елде ол көп жерде 20-ның айналасында. Керемет өнім алып отырған, бидай өсіріп отырған жерлеріміздің өзінде балл бонитеті 40-қа жетпейді. Мысалы бидайдағы тынайтықштың өзіндік үлесі Қазақстанда 2 пайыз, ал анау балл бонитеті 50-ге жақындайтын Канаданың жерінде ол – 12 пайыз. Ойланңыз! Онда неге тынайтықшты пайдаланбақса? Тынайтықшты шығаратын мекемелерге қолдау көрсетіп, субсидия жасап, көбірек шығару керек. Ал оның қандай түрін шығару керек? Өйткені қазір жылдан жылға бәрі дамып жатыр. Өзімізде жок болса, басқалардың мүмкіндігін алайық. Өзімізде де ғылыммен айналысып жатқан тым жақсы мамандар бар, міне, сол мамандарды пайдаланып, тынайтықш мәселесіне үлкен көңіл аударуымыз керек.

Сосын тағы бір айтатын ең басты мәселе – азық-түлік қауіпсіздігі. Бұл денсаулықтан кейінгі маңызды фактор. Оған бәрі байланысты. Егер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етпесек, сенің өндірісің де болмайды, басқасы да болмайды. Мен мұны баяғыдан айтып жүрмін. Суелі Оралда жүргенде бастадым, одан кейін Атырауда жалғастырдым. Әрбір аймақтың қолдан келгенше мүмкіндігін пайдаланып, азық-түлік

технологиясымен сусын шығарып, тіршілігін жасап отыр. Міне, біздің қаншама миллиондаған ақшаларымыз далаға кетіп жатыр. Ал біздің оның бір бөлігін өзімізде қалдыруға мүмкіндігіміз бар. Атырауда өскен лимон Шымкентте неге өспейді, былтырдан бастап Түркістан да соған кірісіп жатыр.

Сосын министр болып жүрген кезде 2006 жылы Италияда болғанымда ешкі сүтін шығаратын өндірісті көргенмін. Сонда таң қалып, бізде де жасауға болады ғой деп ойладым. Соны Оралда жасағым келген, бірақ «ҚазАгроКаржы» деген мекемеден қаражат ала алмадық. Ондағы жігіттер өзі кредит аламын деп отырған шаруадан «бізге қанша ақша бересің?» деп айтқан көрінеді. Бұл коррупцияның бір түрі ғой. Сосын Атырауға келгеннен кейін, онда мүмкіндік көбірек, сол бойда осы жобаны қолға алдым. Қазір тамаша жүріп жатыр, барып көруге болады. Ол шетелдік технологиямен жасалған. Заанен ешкісі деген швейцариялық тұқым бар, күніне әрқайсысы 5-7 литр сүт береді, сондай мың ешкі алғызып, қазір соның жылына 700-дейін сауып отыр. Одан 15-16 түрлі өнім түрлерін шығарып жатыр, оның ішінде сол ешкінің сүтінен жасалатын дүние жүзіндегі ең қымбат және денсаулыққа пайдалы «Качокавалло» деген ірімшік бар. Әлгі жігіттер оның бір бөлігін Ресейге сатып отыр. Егер, білетін болсаңыз, ешкінің сүті – ана сүтін айырбастайтын жалғыз сүт. Оның емдік қасиеті бөлекше, тіпті май шығарғанда бөлінетін көксуының да бірнеше ауруға шипасы бар. Ол қандағы қантты төмендетеді, холестеринді азайтады. Мұның барлығы дәлелденген нәрселер. Ешкілер қорада тұратын «стейло-режимде» бағылады. Сосын берілетін тамақтары да өзгеше болады. Мысалы, ешкі сүтінде өзіне тән иіс болады, сол иіс болмауы үшін күніне бір алма немесе бір сәбіз берсең, ол иіс кетіп қалады. Міне, осыған дейін бәрі қаралған.

Бұның барлығы мен не үшін айтып отырмын. Атырауда 12 жоба жасаттым. Оның барлығын Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация арқылы жүзеге асырдық. ӘҚК-ге біз қаржы береміз, сосын олар белгілі келісімшарт бойынша оны кері қайтарайды. Бұл мен ойлап шығарған нәрсе емес. Үкімет деңгейінде қолға алынған механизм. Ендеше оны кез-келген екім жасай алады. Ең бастысы адал ниет пен елге деген махаббат болу керек.

– Адал ниет пен елге деген махаббат – Президентіміздің Ұлттық құрылтайда айтқан

«Әділетті Қазақстан – Адал Азамат» тұжырымдымымен үндеседі екен. Мемлекет басшысының ала қойып отырған тағы бір концепциясы – «Мықты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Сіз Мәжілістегі байырғы депутаттардың бірісіз. Ендеше Парламент қаншалықты ықпалды бола алып отыр деп ойлайсыз?

– Парламенттің ықпалды болуына барлық алғышарт бар. Менің депутаттық көзқарасым: оны жүзеге асыру үшін жоқ заңдарды кіргізіп, бар заңдарға өзгерістер енгізу керек. Өйткені бұл – бірнеше саясаткерлердің қамтитын мәселе. Мемлекеттік сатып алудан бастап, әрі қарай тамыры тереңдей береді. Мемлекеттік сатып алудың өзінде де көптеген олқылықтар бар. Солардың бәрін қалпына келтіруіміз керек. Әкім болып жүрген кезімнен мысал келтірейін: облыста 250 млн теңгеге конкурс жарияланады – бір жұмыс 250 млн теңге тұрады. Сол конкурсты бірінші кезекте жарысып-жарысып бағасын түсіріп, айтпалық 170-180 млн-ға дейін, бір компания ұтып алады. Кейде бағасын 20-30 пайызға дейін түсіріп жіберетін кездер болады. Өйткені талап сондай: арзан баға ұсынған үміткер жеңеді. Өрине, ол ұтып алады да, ештеңе жасай алмай пұшайман болады. Белгілі бір уақыттан кейін ол жайына қалады, жұмыс тоқтайды, оны басқа кісіге бере алмайсың, жұмыстың барлығы орындамай, ақша игерілмей қалады, сосын сот болады. Бәрі бітіп, бұл жобаға артынан қайта оралғанда, ол бұрынғыдай 250 млн емес, 350 болып қымбаттап кетеді. Бұл – бір мәселе. Екінші мәселе, мысалы Атырауда теңдере шыққан 250 млн-ның жұмысын, Шымкенттің немесе Талдықорғанның компаниясы ұтып алады. Ол жерге ол адамдарын, техникасын апармайды, барады да сол жерден субмердигер болатын қосымша компания іздейді. Өзі арзанға ұтып алған қаржыдан үлесін алып қалады да, қалғанын соларға береді. Одан жұмыстың сапасы кемиді. Міне, бұл үлкен проблема. Осы сияқты көптеген заңдардың барлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу керек. Өйткені көптеген заңдар ескіріп кеткен. Мысалы 90-шы жылдардағы дұрыс болған нәрсе, қазір оңай емес, талап өзгеріп жатыр, барлық адамдардың қарым-қатынасы, экономикалық қатынастар өзгеріп жатыр. Сондықтан көп нәрселерді қазіргі заманның талабына сай қайта қарау керек. Өйтпесе, заңда қалай жазылған, солай орындау керек болғандықтан, көп нәрсенің қионы келмей жатады.

Енді сұрағыңызға нақты жауап берер болсам, Парламент ықпалды бола алады! Өйткені соңғы сайланған лекпен бұрын оппозицияда жүрген, үкіметке, басқару органдарына көңілі толмай жүрген азаматтар келді. Олардың қазіргі бет аластарына, бастамаларына мен өз басым оң көзқараспен қараймын. Өрине, олардың депутат ретінде тәжірибесі аз болар, ол жағын түсінемін, бірақ бұрыннан бірнеше жылдардан бері келе жатқан біз көмегімізді аймаймыз, тек олар ілесіп кетуі керек. Міне, осы топ көптеген жаңа ықпал өкеліп отыр. Мәжіліске өздері де, пікірлері де таза азаматтар келді. Мен соған ризамын! Айтпалық, Парламентте Ермұрат Бапи деген замандасымыздың өзі неге тұрады? Мысалы оны кезінде өлтірмеңкі де болды, отырғызбақшы да болды, қанша қиналды, қанша қуғындалды, бірақ ол берілген жоқ, еш уақытта өзгерген жоқ, басын иген жоқ. Ақыры мақсатына жетіп, Мәжіліске келіп отырды. Айттып отырған нәрселерінің бәрі көңілге қоңады. Одан да басқа Айдоос Сарым, Абзал Құспан сияқты тағы да басқа керемет азаматтар бар. Мен осындай азаматтардың білімі де, көргенділігі де, айттып отырған пікірлері де өте орынды деп санаймын. Енді сол мүмкіндікті біз ұтымды пайдаланып, тиісті заңдарға өзгерістер енгізуді тездетуіміз керек.

Жалпы атқарылып жатқан жұмыстардың, қаржының тиімді жүзеге асуында, бақылануында, заңсыздықтардың түзетілуіне осы кісілердің үлкен ықпалы болады деп сенемін. Сондықтан осы сайланым ықпалды Парламент болатынына менің ешқандай күмәнім жоқ.

Тағы бір нәрсе айтайын, жағынып отыр деп ешкім ойламадың, 75-ке келіп отырған адаммын! Мен Ерлан Жақанұлын жастайынан, төменірек сатыларда жүрген кезімнен бастап білемін. Ол елге сыйлы азамат, көп нәрсені жақсы аңғарып білетін, ойланғы жұмыс істейтін білікті басшы. Оның қазіргі жұмыс істеу бағытына мен өз басым оң көзқараспен қараймын. Сондықтан да Парламенттің бір Палатасын ол кісінің басқарып отырғаны, жаңа топтың белсенді жұмыс жүргізіп жатқаны – Президент қойған міндеттің келісі, сіз қойған сұрақтың жауабы.

Тағы бір айтқым келетіні – биыл алғаш Мәжіліске келген уақытта маған бір журналист: «Сен Назарбаевпен бірге неге кетіп қалмадың?» дегендей әңгімелер айттып ұрынды. Сол жерде мен: «Жұрттың бәрін өзгертіп жібергенде не болады? Мына жаңадан келген адамдар ілесіп кетуі үшін, бағытты білетін, заңды менгерген, өмірді көрген, өндірісті білетін, тәжірибесі мол, өз пікірі бар адамдар бірге жұмыс істеуі керек емес пе? Мен осынашама уақыт қызмет етсем де, әлі істейтін дүниелерім, тиер пайдам көп, көптеген ұсыныстарым бар» деп жауап бердім. Сонда әлгі журналист маған: «Сол ұсыныстарыңды сол кезде неге жасамалымыз?» деп сұрақ қойды. Оған да «90-шы жылдары бізде 2000-шы жылдары жасайтындай мүмкіндігіміз болған жоқ, 2000 жылдары қазіргі кезелгедей мүмкіндік болған жоқ. Қазіргі уақыт басқа. Әр кезеңнің өз мүмкіндіктері болады, өз талаптары болады. Ендеше өткен күндердің қателігін қайталамай, сол күндердің тәжірибесінен сабақ ала отырып, ауызбіршіліктен ажырамай, бүгінде екі есе күшпен, екі есе қарқынмен жұмыс істеуіміз керек. Сонда ғана алар асуларымыз биік болмақ» деп жауап бердім. Ендеше бүгінгі өңгімеміздің де түйіні осы деп ойлаймын. Бағыт – айқын, бағдар – түзу. Ол – Жаңа Қазақстан!

– Әңгімеңізге рақмет! Абырой биігіңіз аласармысыз!

Адамзат үшін қоршаған ортаның маңызын түсіну үшін терең білімнің қажеті жоқ. Өйткені табиғатты аялау – адам баласының өмір сапасын жақсартатыны ешбір дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Өкінішке қарай, түйсік танымымызды пендешіліктің алдында тізерлетіп, табиғатқа орасан зиян тигізіп жатырмыз. Әрекетіміздің жауабын да алдық. Табиғат талай рет адамзаттың осындай іс-әрекетіне тиісінше жауап берді. Біздің жадымызда дүниенің түкпір-түкпірінде болып жатқан табиғи катаклизмдер, техногендік апаттар сақталды. Өзге құрлықты айтпағанда, өз еліміздегі талай апаттардың артында адам баласының үлесі тұрғаны айтпаса да түсінікті.

Адам мен табиғаттың қарым-қатынасы біздің еліміз үшін өте өткір мәселе болып отыр. Әсіресе, су ресурстарының есепсіз жұмсалып, табиғаттың тегін беретін тамаша сыйын тиісті дәрежеде бағалай алмай жүрген секілдіміз бе дейсің...

Бүгінде еліміз бойынша жерүсті су ресурстарының жалпы көлемі 100,9 текше километрді құраса, оның 56,2 пайызы республика шеңберінде қалыптасып, қалған көлемі көрші елдердің аумағынан бастау алып, бізге келеді екен. Су ресурстарының басым көлемі Ертіс, Балқаш-Алакөл су шаруашылығы алқаптарында шоғырланған. Ал жерасты суларының Қазақстан бойынша жылдық болжамды көлемі 64,28 текше километрді құраса, оның бүгінгі күні пайдаланылып жүрген қоры жылына 15,56 текше километр мөлшерінде. Жерасты тұщы суының негізгі қорлары еліміздің оңтүстігі аумақтарында орналасқан. Бұл шамамен 54%-ы құрайды. Еліміздің батысы және теріскейінде жерасты тұщы су қорларының тапшылығы әзірден байқалады.

Жерүсті су ресурстарының көпжылдық динамикасына қарасақ та су көлемі жылдан жылға азайып бара жатыр. Егер 2000 жылдары жерүсті су ресурстарының көпжылдық орташа көлемі 120 текше километрді құраса, бүгінгі күні бұл көрсеткіш 102 текше километр деңгейінде болып отыр. Бұл негізінен климаттың өзгеруімен және шаруашылық субъектілерінің суды тиімсіз пайдалануымен байланысты факторлардың әсерінен болды. Салдарынан қазір Жайық, Тобыл, Іле, Ертіс, Есіл өзендерінің де таяздануы байқалатынын айта отырмаймыз.

Еліміздегі су ресурстарының азаюы, өзендер деңгейінің қатты төмендеуі тек қана климаттың өзгеруіне ғана байланысты емес екенін ескерген жөн. Бұл процеске өзінің елеулі үлесін қосып отырған тағы бір жай бар. Ол бізге сырттан келетін өзендердің бас жағында отырған көршілеріміздің сол ортақ, трансшекаралық су көздерін пайдаланудағы, біздің мүдделерімізді толықтай ескермей жүргізіп отырған саясаттары. Мысалы, Жайық өзенінің бас жағында отырған Ресей облыстары салып тастаған, әрқайсысы кем дегенде 10 млн текше метр су ұстайтын 12 су қоймасы бар екен. Нәтижесінде, соңғы 15 жылдың ішінде Жайық өзенінің деңгейі үш есеге төмен түсіп кеткен. Дәл осындай жағдай оңтүстіктегі ұлы көршімізбен арада да қалыптасып отыр. Синьцзян-Ұйғыр автономдық ауданының ауыл шаруашылығы мен өндірісінің қарыштап дамуына байланысты Іле мен Ертіс өзендері арқылы бізге келетін су мөлшері де жылдан жылға азаюда. Соңғы жылдары іргедегі көршілеріміз – қырғыз ағайындарымыздың Шу мен Талас өзендерінен бізге тиесілі су көлемін бермей отырғанды да осының бір айқын мысалы.

Әрине, бүгінгі күні мұздықтардың еселеп еруі әлемдегі суға деген сұранысты белгілі бір мөлшерде қанағаттандырып отыр. Бірақ 2030–2050 жылдарда мұздықтардың еруінің жылдамдығы өзінің жоғары деңгейіне жеткенде әлемнің көптеген елдері, оның



ішінде біздің Қазақстан да бар, су тапшылығын айқын сезінетін болады. Ал осы газырдың аяғына қарай мұздықтардың көпшілігі толығымен еріп кетуі де ғажап емес. Осы сала мамандарының зерттеулері бойынша, Жонғар мұздықтар жүйесі 2080, ал Іле мен Алтай мұздықтар жүйелері 2085 жылдарға қарай толық жоғалуы мүмкін.

Су ресурстарының бар нақты көлемін тиімді пайдаланып жүрміз бе? Күні ертең басымызға келетін су тапшылығына дайынбыз ба? Бұл өте үлкен және маңызды сұрақ. Мамандардың болжамы бойынша, 2040 жылы елімізде су тапшылығы елеулі түрде байқалып, ол қажетті мөлшердің 40 пайызын құрауы мүмкін. Ел экономикасының барлық саласы су ресурстарына тәуелді екенін ескерсек, 2050 жылдың деңгейінде, су тапшылығынан еліміздің ішкі жалпы өнім мөлшері 6 пайызға төмендеуі де ақиқатқа айналуы ғажап емес. Ал бүгінгі күні мемлекетіміздің осы мәселелерге қатысы бар лауазымды тұлғалары да, қарапайым халық та осы проблеманың қаншалықты айрықша маңызы барын, оны ертеңге қалдырмай бүгін қолға алу қажеттігін жете түсініп отырмаған сынайлы. Айта берсек, тіпті бүгінгі күні Қазақстанда осы су проблемаларын жете түсінетін, трансшекаралық су мәселелері бойынша Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан су мамандарымен тең дәрежеде келіссөз жүргізе алатын мамандар қалмады десем артық айтқандық емес. Су ресурстарын үнемді де тиімді пайдалануға бағытталған нақты шаралар қолданбаса, еліміз жақын болашақта өте қиын жағдайларға ұрынуы әбден мүмкін.

Елімізде су ресурстарын ең көп пайдаланатын тұтынушы ауыл шаруашылығы екені даусыз. Ал осы салада суды ысырап ету деңгейі 50 пайызды құрайды екен. Оның негізгі себептері – инженерлік жүйелердің, каналдардың, гидротехникалық құрылыстардың ескіргені. Сонымен бірге суармалы жерлерде суды пайдаланудың шетелдерде өзін жаксы танытқан

технологиялық әдістері қолданысқа баю енгізілуі де суды тиімді пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Ал қалалар мен елді мекендерде де су ысырабының деңгейі өте жоғары. Су құбырлары мен көріз жүйелерінің тозығы жетуі себебінен су ысырабының көрсеткіші 40–45 пайыз мөлшерін құрап отыр. Ал батыстың дамыған елдерінде, мысалы Германияда, бұл көрсеткіш 5–7 пайыздың төңірегінде екен.

Қазақта мынадай «Үш күндігі ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без» деген қанатты сөз бар. Ал мемлекет кем дегенде 30–40 жылды алға салған болашақты жоспарлауы тиіс. Үкімет осы бір кезек күттірмейтін мәселені ертеңге қалдырмай, бүгін қолға алып, тиісті шаралар қолдануы тиіс. Ал мен өз тарапымнан, осы салада көп жылдар қызмет істеген маман ретінде, кезек күттірмей қолға алуды қажет ететін бірқатар іс-шаралар пакетін ұсынғым келеді. Егер тиісті мемлекеттік органдар қажет деп тапса, керегіне жаратар деген сенімдемін.

Біріншіден, бір кездері республиканы су шаруашылығы мамандарымен толық қамтамасыз етіп келген, ал 90–шы жылдары биліктің шалақ саясатының нәтижесінде оптимизацияға ұшырап, Тараз қаласының басқа да жоғарғы оқу орындарымен біріктіріліп жіберілген, Гидромелиоративтік-құрылыс институтын қалпына келтіріп, оған дербес ЖОО мәртебесін берген жөн.

Екіншіден, Үкімет жанынан су ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде трансшекаралық су ресурстарын бөлу мәселелері бойынша консультативтік кеңес құрғаны дұрыс. Оның төрағасы Премьер-Министрдің орынбасары деңгейінде тағайындалуы қажет. Сонымен қатар осы кеңес құрамына еліміздегі су шаруашылығы мәселелерін бүге-шүгесіне дейін білетін, трансшекаралық су ресурстары сұрақтарының қалтарыс тұстарын кезінде жақсы игерген Нариман Қыпшақбаев, Төлеген Сәрсембеков, Құдайберген

Асқаров, Ислам Әбішев сияқты және басқа осы саланың ардагерлерін қосу керек деп санаймын.

Үшіншіден, ел аумағындағы жерасты ауызу қорларын зерттеу және осы су қорларын халық игілігіне кең пайдалану жұмыстарын қайта қолға алып, бұл жұмысты жандандыру қажет.

Төртіншіден, Парламент деңгейінде Ауыл шаруашылығы мен коммуналдық шаруашылық салаларында және өндірістік кәсіпорындарда, сонымен қатар қала мен ауыл тұрғындарының су ресурстарын үнемді де тиімді пайдалану мәселелері бойынша қатайтылған заң актілерін қабылдау уақыт күттірмей керек.

Бесіншіден, БАҚ-да су ресурстарын үнемді пайдалану туралы халыққа түсінікті тілде және әсерлі мағынада дайындалған жарнамалық мақалалар мен бейнеклиптерді ұдайы оқырмандар мен көрермендердің назарына ұсынып отырған артық болмайды.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласында атқарылуы қажет шаралар да бар. Оның ішінде суармалы жерлердегі егіс алқабына егілетін дақылдар құрылымын қайта қарау керек. Күріш, мақта секілді суды көп талап ететін дақылдар егілетін алқапты мейлінше азайтып, басқа дақылдармен ауыстыруы тиіс. Су ресурстарын пайдаланатын шаруашылықтарға, шаруа қожалықтарына суды лимитпен бөлуді қатаң тәртіпке көшіретін уақыт келді. Ал ауыл шаруашылығы дақылдарын суғарудың шетелдерде өз тиімділігін көрсеткен суды үнемдеп пайдалануға мүмкіндік беретін технологияларды, бірінші кезекте Израиль мемлекетінде қолданылатын, тамшылап суғару әдістерін барынша кең көлемде енгізген дұрыс. Республика көлемінде суармалы жерлерге инвентаризация жүргізу. Оның нәтижесінде байланысты суармалы жерлер массивтері мен сол жерлердегі инженерлік, гидротехникалық нысандарды күрделі жөндеуден өткізу, қайта құру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылдап, оған бюджеттен жеткілікті қаражат бөлінгенін абзал. Жобасыз салынған суармалы жерлерге су ресурстарын беруді тоқтататын уақыт келді деп есептеймін.

Сонымен қатар қалалар мен елді мекендер тарапынан қолданылуға тиіс шаралар да шаш етекстен. Мәселен, қалалар мен елді мекендерді сумен қамтамасыз ететін магистральды және калааралық су жүйелері мен олардың құрамындағы инженерлік нысандарға инвентаризация жасау, олардың техникалық жағдайын анықтау және аталған нысандарды жаңалау немесе ағымды және күрделі жөндеуден өткізу бағдарламаларын жасау керек. Инвентаризация барысында калааралық су тарту құбырларында бұрын пайдаланылып, кейін қолданыстан шығарылған жүйелерді (бросовые) анықтап, оларды жұмыс істеп тұрған су тарту жүйесінен ағытып, демонтаж жасалғаны дұрыс. Одан бөлек, инвентаризацияның нәтижесінде калааралық су беру мен тартудың, көріз жүйелерінің компьютерлік картасын жасау және ақпараттық мәліметтер базасын жинақтасу нұр үстіне нұр. Ал қалалардағы су пайдаланатын тұтынушылардың толықтай суды есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етілуін қатаң қадағалануы тиіс. Қалалар мен елді мекендерде су тарту жүйелеріндегі су ысырабын кезек-кезек бойынша қысқарту мәселесі бойынша арнайы бағдарлама қабылдап, оның орындалуын қатаң түрде бақылауға алынуы қажет-ақ. Қалалардағы су беру мен тарту мәселесімен айналысатын мекеме басшыларының өз міндеттерін атқару деңгейін бағалаудың ең басты критерийлерінің бірі су ысырабының көлемін қысқартуы тиіс болғанда да су ысырабының алдын алған болар едік. Біздің көзқарасымызда табиғаттың суы тегін шығар. Алайда судың да сұрауы барын қаперден шығармаған дұрыс-ау.

Сәмет БАЙҚОҢЫРОВ,
Ақтау қаласы

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ ТӨМЕНДЕТТІ

Ұлттық банк соңғы үш жылда алғаш рет базалық мөлшерлемені төмендетті. 2023 жылдың шілде айындағы көрсеткіштерге сүйенсек, барлық өңір бойынша инфляцияның тұрақталғанын немесе төмендегенін көреміз. Инфляция жоғары болса немесе тұрақты түрде өсіп отырса, онымен күресу үшін қаржы реттеушісі пайыздық мөлшерлемені көтеруге мәжбүр болады. Өйткені инфляция – бұл қазақстандықтардың сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкеп соқтырады. Мұндай жағдайда Ұлттық банк базалық мөлшерлемені көтеріп, нарықтағы несиелерді қымбаттатады. Нәтижесінде, елдегі тұтынушылық деңгей төмендеуі себепті инфляциялық қысым да азаюы қажет. Қазіргі жағдайда керісінше, базалық мөлшерлеменің төмендеуі экономикаға жаңа дем беруі ықтимал.

Кәмила ЕРКІН

2023 жылдың алғашқы 7 айында экономика 4,8 пайыз өсім көрсетіп, соңғы 10 жылдағы ең серпінді көрсеткішке жетті.

Ішкі нарық сұранысқа бюджет шығыны есебінен елеулі қолдау көрсетілгенімен, республикада осы жылдың басынан бастап дезинфляциялық процестер байқалған. Сарапшылардың айтуынша, мөлшерлеменің төмендеуі ішкі нарықта кәсіпкерлік белсенділікті арттырады, өйткені несиелердің құны төмендейді және сәйкесінше бизнес несиелер алуға және өз жұмысын бастауға мүмкіндік алады. Сонымен кейбір сарапшылар инфляцияның тұрақталғаны немесе баюлағаны елдің іскерлік белсенділігіне зиян келтірмеу үшін базалық мөлшерлемені төмендетуге болады деп санайды. Себебі



Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша Қазақстандағы жылдық инфляция 2023 жылдың маусым айының қорытындысы бойынша 14,6 пайыз. Салыстырар болсақ, биыл сәуір айында – 16,8%, мамыр айында 15,9% болған.

Ұлттық банк хабарламасында: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 16,5 пайызға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Шешім Ұлттық банктің жаңартылған болжамдары, деректерді талдау және инфляция тәуекелдерінің теңгерімін бағалау негізінде қабылданды» делінген.

Сондай-ақ қаржы реттеушісі сыртқы ортада инфляциялық қысым біртіндеп әлсіреп келе жатқанын атап өтеді. Көптеген елде орталық банктердің баға тұрақтылығын қамтамасыз ету саясаты нәтиже беріп, инфляция баяулай бастады. Дүниежүзі бойынша Орталық банктер, оның ішінде Қазақстан да ақша-кредит шарттарын бағалау және салыстыру кезінде базалық мөлшерлеменің номиналды мәні ғана ескерілді. Оның деңгейін



Қаржы реттеушісі сыртқы ортада инфляциялық қысым біртіндеп әлсіреп келе жатқанын атап өтеді. Көптеген елде орталық банктердің баға тұрақтылығын қамтамасыз ету саясаты нәтиже беріп, инфляция баяулай бастады.

талдау негізінде сарапшылар мен БАҚ ақша-кредит саясаты тежеуші немесе ынталандырушы сипатта жүргізілетіні туралы қорытынды жасайды. Яғни, әртүрлі елдердің ақша-несие шарттары базалық мөлшерлеменің номиналды мәндері негізінде салыстырылады. Реттеушінің мәліметінше, инфляцияның орнықты

болып қалу себебінен мөлшерлемені төмендету мерзімі дамыған елдерде кейінге қалды. Әлемнің азық-түлік нарықтарында баға мен логистикалық шығындар төмендеп келеді.

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені төмендетудің негізгі себептерінің бірі ретінде сауда-саттық қарым-қатынас орнаған серіктес елдердегі баға динамикасының нашарлағанын көрсетеді. Мәселен, Еуроодақта инфляция барынша баю қарқынмен төмендесе, Ресейде жоғары тұтынушылық сұраныс, рубль бағамының әлсіреуі және инфляциялық күтулердің артуы себебінен тұтынушылық инфляция жеделдей бастаған. Қытайда экономикалық белсенділіктің ағымдағы төмен көрсеткіштері салдарынан дефляция байқалауда.

Тәуелсіз сарапшы, экономист Бауыржан Ысқақов «Ұлттық банктің базалық мөлшерлемені аз болсын төмендетуі қазіргі Үкімет жұмысының оң нәтижесі» деген пікірде.

Атап айтар болсақ, 2023 жылғы шілдеде айырбастау пункттеріндегі америкалық валютаны сату 194,1 млрд теңгені құраса, маусым айында бұл көрсеткіш 95,6 млрд теңге болған. Бірінші несиелік бюро қазіргі сұраныс 2023 жылғы ең жоғары деңгейге жеткенін мәлімдеп отыр. Шілде айында Қазақстанның барлық өңірінде АҚШ долларының таза сатылмы өсті. Оның ішінде долларға деген ең күшті сұраныс Алматыда – 58 млрд теңге. Шымкентте де таза сұраныс айтарлықтай өскен. Мұнда маусым айында 28,5 млрд теңге болса, шілдеде 44,8 млрд теңгеге дейін жеткен.

– Ұлттық банк пен атқарушы билік арасындағы қоянқолтық байланыс осындай жағымды нәтижеге әкеліп отыр. Осы уақытқа дейін орталық қаржы реттеушісі базалық мөлшерлемені тек өсім жағына қарай ұсынып келді. Тіпті, соңғы рет былтыр 5 желтоқсанда 16,75 пайызға дейін

Жыл сайын орта және жоғарғы білім ордаларының орта есеппен 70 мыңнан астам түлегі жұмыспен қамтылмайды, екі қолға бір күрек тапқандардың 40, 1%-ы мамандығымен жұмыс істемейді, ал жоғары білімі бар жұмыссыз жастардың 23%-ы біліктілігі төмен жұмысқа орналасады.

Айдана НҰРМҰХАН

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы «Қазақстанның еңбек нарығы: жаңа реалия жағдайындағы даму» деп аталатын зерттеуінде осындай деректер келтіріп, оның бірнеше себебін атайды. Мәселен, жылда шамамен 225 мың адам кәсіптік білім алып, еңбек нарығына араласады екен, алайда олар лайықты еңбекақы, өнімді жұмыспен қамтамасыз етілмейді. «Көбіне білімнің төмен сапасына байланысты олардың жұмысқа орналасу келешегі бұлыңғыр» делінген зерттеуде. Тағы бір мысал. Елімізде азаматтарға ресми білім беруді ұсынатын оқу орындарының саны көп: 774 колледж (57% мемлекеттік) және 129 ЖОО. Олардың көптігіне байланысты оқу орындары қазіргі заманғы өндірістің қажеттілігіне қарай материалдық-техникалық базаны жаңарту үшін жеткілікті қаржыландыру ала алмайды. Бұдан басқа, өңір шегінде оқу орындарында кадрлар даярлау бір мамандықтар бойынша жүзеге асырылады. Мысалы, Алматы облысындағы колледждердің 26%-ы «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша білім береді. Осы орайда, бүгінгі жұмысшы жастардың арасындағы жиі кездесетін құбылыс — академиялық білім алудан гөрі қысқамерзімді курс оқып, лайықты жалақыға жұмыс істеу ілгерідегі мәселеге «жақсы» параллель бола алады.

28 жастағы Назым Жайлаубек Алматы техникалық университетінде жоғары білім алған, мамандығы — технолог. Университет бітірген соң, өз саласында жұмыс таба алмай, қалғанды дөмжанағында сатушы болып істеуге мәжбүр болған.

«Университетте азық-түлік өндірісінің технология мамандығына 4 жыл ақылы бөлімде оқыдым. Бұл салаға қызығып, өзім тандап түскен едім. Бірақ оқу бітірген соң

«КУРСТАН» «КУРСҚА» СЕКІРІП...

АКАДЕМИЯЛЫҚ БІЛІМГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ ТӨМЕНДЕГЕНІ ҚАУІПТІ ЕМЕС ПЕ?



жұмыс таба алмадым. Сүт өнімдерін дайындайтын бірнеше фабриканың есігін тоздырдым. Алдымен ақысы төленбейтін тәжірибеден өтесім дейді де, 3-4 айлап жұмысқа алмай жүріп алатын. ЖОО бітірген соң 2 жылға жуық жұмыссыз жүрдім, стажировканың соны көрінбейтін еді. Ата-анам Алматыда тұрады, жол пұлы, ішіп-жегеніме солардан ақша алатын едім. Басшылыққа уәжіңді айтып, жұмыс сұрай барсан, университетте сендерге ештеңе үйретпеген, толыққанды маман болу үшін өлі де тәжірибе жинақтап жүру тұра керек деген сынайда жауап айтатын еді. Сөйтп, өке-шешеме масыл болудан ұялып, кезіккен жұмысқа келісе кеттім. Өне-міне дегенде қызмет көрсету саласында жүргеніме 4 жылдан асты: сағушы, кассир, өкімші болдым. Қазір кадр бөлімінде тәжірибе жинақтап жүрмін. HR-менеджердің міндеттерін үйрететін 2 айлық қысқа мерзімді курс оқып алдым. Жарты жылдан кейін біліктілігі арттыратын бір айлық тағы бір курс оқимын, сонымен дайын маманмын. Жеке компанияда қызмет

етемін, жалақым 480 мың теңге», — дейді Назым.

Жастардың еңбек нарығындағы үрдістер, сұранысқа ие мамандықтар туралы жеткілікті ақпараты болмағандықтан, көзқарасы көбіне бейресми мәліметтер мен туыс-достарының негізсіз пікіріне сүйенуден басқа амалы жоқ. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының зерттеуіне сүйенсек, мамандық тандауда әрбір төртінші жасөспірімге ата-анасы ықпал етеді екен (23,7%), тағы 6,4%-ы оқу грантының болуына, 4%-ы достарының ұсынысына сүйенеді. Яғни, жұмыс істейтін және оқитын жастардың үштен бірінен астамы мамандығын өзі тандамайды.


Тағы бір тұздық. GorodRabot.kz бос жұмыс орнын іздеу жүйесі жүргізген сауалнамаға сәйкес, еліміздегі ата-аналардың көпшілігі балаларының жеке бизнес ашқанын, қаржылай тәуелсіз болғанын немесе IT, медицина, мемлекеттік қызмет, білім беру және қаржы саласында жұмыс істегенін қалайды. Өйткені бұл салаларда жалақы жоғары деп ойлайды. Осыған

байланысты білім беру жүйесінде гуманитарлық бағытты тандауда басымдық бар. Техникалық мамандықтар бойынша гранттар саны жыл сайын артып келе жатқанына қарамастан, жастар әлі де басқа салаларды таңдайды және тіпті ақылы оқуға дайын. 2020 жылы ЖОО түлектерінің 72%-ы және колледж түлектерінің 50%-ы гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, медицина, білім беру, өнер, экономика және қызмет саласындағы мамандықтар бойынша оқу бітірді. Нәтижесінде, түлектер өз калауынсыз мамандық тандап, ол салада жұмыс істей алмайды. Әрі өз әлеуетін толық іске асыра алмай, білім ордасында үйренген дағдысы мен білімі уақыт өте ескіреді және еңбек нарығында б секеге қабілетсіз болып қалады.

Шымкент тұрғыны Дәурен Қажыкентін де дипломы бар, алайда өз мамандығымен жұмыс істемейді.

«2016 жылы Алматыдағы Satbayev университетіне оқуға түстім. Онда инженерлік желілер мен жүйелер мамандығын менгеруім керек еді, 3-курсан кейін оқудан шығып кеттім. Өйткені бұл саланы тандағым келмеген еді, әкем табандап тұрып алды. Кейін Шымкентке қайтсаңда, жұмыс табуын оңай болады деген уәж айтып. Оның үстіне мемлекеттік грант иегері едім. Хош деп тәуекел еттім. Десе де, бұл мамандыққа мүлдем қызығушылығым оянған жоқ. Үш жылымды бос өткізіп, ақыры оқуды тастадым. Қазір графикалық дизайнмен айналысамын. Бұл саланы тез менгеріп алдым, Алматыда дизайнды үйрететін курс көп, 220 мың теңгеге соның бірін — 6 айлық курс оқып алдым. Қазір Шымкентте тұрамын, фриланста жұмыс істеймін. Еліміздің бірнеше қаласынан тапсырыс аламын, орта есеппен айлық табысым 500-600 мың теңге. Болашақта осы салада дамығым келеді. Алайда ол үшін университетке түсу қажет емес, тіл үйреніп алсаң тіпті шетелдік қысқа мерзімді курстарды оқи аласың. Қазір ЖОО қабырға-

Елімізде соңғы жылдары педагогикалық мамандықтарға бөлінетін грант саны күрт өсті. Кейінгі екі жылда бөлінген тегін грантты игере алмаған колледж бен университеттер түлектерді шекті балына қарамай қабылдауға даяр екендерін айтып, жарнама таратып әуреге түсіп келеді. Мемлекет қазір мұғалім болғысы келетін түлектердің шәкірт-ақысын да өзге мамандықтарға қарағанда анағұрлым арттырып, жалақысына дейін жыл сайын көбейтіп отыр. Әрине, ұрпақ тәрбиелеудегі ұлы міндетті мойнына алғысы келетіндердің қатары өскені қуантады.



Жадыра МҮСІЛІМ

Тек айлық үшін айлаға барып, жар жері қалмаған соң білім саласына жоғары түскендердің де жүйелі бастағаны жаңға батып отыр. Олай деуімізге себеп те жоқ емес. Осы күні шекті балды жинай алмаған түлектер де тегін гранттан үмітті бола алады. Ал сұмдығы сол, өзге салалармен салыстырғанда орта білім беру мекемелерінде жалған дипломмен жұмысқа тұрғандардың саны да санырауқұлықтай қаптап барады.

Бүгінде елімізде 49 ЖОО-ның педагогикалық бағыттар бойынша лицензиялары бар. Осы оқу орындары талапкерлерге тегін білім беру үшін мемлекет мүмкіндікті молынан беріп отыр. 2021-2022 оқу жылында бакалавриатқа түсу үшін 56 мыңнан астам грант бөлінді. Былтыр бакалавриатқа түсушілерге 73 мың грант тағайындалса, биыл 2023-2024 оқу жылына жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін барлығы 73 061 грант берілген. Сондай-ақ халқы тығыз, батыс және жаңадан құрылған өңірлерден жастарды оқыту үшін 5000 нысаналы грант бөлінді. Соның ішінде жыл сайын педагогтерді даярлау үшін гранттардың саны да өсіп келеді екен. Мысалы, 2019-2020 оқу жылы — 9497, 2020-2021 оқу жылы — 9529, 2021-2022 оқу жылы — 11323, 2022-2023 оқу жылы — 15 273, ал биылғы оқу жылында 15 923 грант бөлініп отыр. Ал 2021 жылдан бастап педагогикалық бағыттарға түсу үшін оқу балы 50-ден 75 балға дейін көтерілді. Нақтылап айтсақ, ең жоғары 139 балды жинағандар шет тілі мұғалімі, ал болашақ әлеуметтік педагог атану үшін белгіленген ең төменгі балл — 75 балды жинауы тиіс. Айталық, биылғы оқу жылында ақпараттық

технология мамандығына түсушілердің шекті бал саны 105-тен 136-ны құрап отыр. Ақпараттық қауіпсіздік саласы мамандығына 84 балдан бастап 123 балл жинағандар іліксе, авиациялық техника және технологияларға — 99-127, ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшыта пайдалануға — 108-119 балл алғандардың айы оныңан туған. Ал педагогика және психология мамандығына оқуға түскендердің тізімінен 50, 51, 52, 53 балл жинаған түлектердің де қарасы көрінеді. Оған қарағанда болашақ мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеушілер 76 балмен грантқа ілінген екен.

Биылғы оқу жылында 88 204 студент мемлекеттік грант бойынша білім алады. Себебі 94 мың түлек 73 мың грантқа «таласты». Бәсеке жоқ. Кей мамандықтардың гранты жабылмай қалғандықтан жарты жылдан соң қайта бөліске түсіп, сапырылысып жатыр. Тегін грантты талапкерлерден қызғанып отырған біз жоқ. Біздің айтпағымыз, аяулы мамандыққа адалып келушілер мен жалақы үшін жалған дипломмен жұмыс істеп жүрген «мұғалімдердің» біліктілігі білімді ұрпақ тәрбиелеу ісіне балта шаппас па деген күдік. Өйткені таяуда ел мектептерінде білім сапасының сын көтермейтінін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова да айтқан еді. Оның айтуынша, ел мектептерінде білім сапасының сын көтеруіне бірнеше себебі бар. Айтуынша, тәжірибе көрсеткендей, мектептердегі білім сапасының төмендігінің себебін мектепті басқару мен басқару жүйесінің нашарлығы, мұғалімдердің біліктілігінің төмендігі және материалдық-техникалық базаның әлсіздігі болуы мүмкін. Бұл мәселені ол оқушылардың оқу жетістігін бақылау арқылы шешуге болады деп есептейді. «Жүйе нәтижелі болды және біз PISA халықаралық студенттерді бағалау бағдарламасының халықаралық бағалау

АЯУЛЫ МАМАНДЫҚҚА АДАСЫП КЕЛГЕНДЕР КӨП

кезденді арасындағы жұмыстың нәтижесін көре алдық. Бұл жүйе ЭЫДҰ-ның барлық елінің тәжірибесінде бар. Бағалауды жыл сайын тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, үкімет айқындайтын ұлттық үйлестіруші жүргізетін атап өткім келеді. Бағалау жүргізілсе, оларға қатысты максатты шаралар қабылдау үшін өңірлер бойынша әлсіз мектептер анықталады», — дейді вице-премьер. Бүгінде жергілікті әкімдіктерге мұғалімдердің үздіксіз біліктілігін арттыруға қаржы бөлу, ал оқу-ағарту министрлігіне мұғалімдер үшін сұранысқа сай, сапалы әрі қысқа мерзімді курстарды дайындау міндеті жүктеліп отыр. Яғни әкімдіктерге тиісті біліктілігі, ұжыммен және балалармен жұмыс істей алатын білікті мамандарды ұйым басшылары етіп тағайындау қажет.

Бұл дегеніміз, он бір жыл мектеп қабырғасында және төрт жыл университетте тартып алған дайын мамандық жылдар бойы сүйрелеп, біліктілігін арттырумен әуесарсанға түсіп келеміз деген сөз. Әрине, оның ішінде ұстаздық етудің ісі мұрнына бармайтын жалған педагогтер де толып жүр. Бұл өз кезегінде білім ошағындағы кадр қабылдауда баптың емес, бақтың шабуына көп көңіл бөлетін «бармақ басты, көз қысты» әрекетке тосқауыл жоктығын көрсететіндей.

СЕНІМСІЗДІКТІН СЕБЕБІ ДЕ ЖОҚ ЕМЕС

Білім беру саласының құрметті қызметкері Өмір Шыныбекулы білімді ұрпақ тәрбиелеудегі бірінші амалды көпқорлықты жоюдан басталумен байланыстырады. Себебі бәрін кадрлар шешеді. Оның айтуынша, Оқу-ағарту министрлігі де, қоғам да оқу жылының ұзақ-қысқалығы секілді сыртқы формаға күш сала бермей, жалған диплом, жалған санат, жалған есеппен, біліксіздікпен жүресуі тиіс. «Білім саласын жалған дипломды, жалған санатты педагогтерден, Оқу-ағарту министрлігі мен оның айналасындағы құрылымдарды, Білім басқармалары және аудандық білім бөлімдерін біліксіз мамандардан тазартып, оқу жылын 11 айға созсаң да еш нәтиже бермейді. Өйткені білікті мамандар жемқор басшыға тәубейі. Егер біздегі жемқорлардан білім саласын тазартса, білім саласы өзін өзі-ақ тазартар еді», — дейді ол. Әйтпегенде қазіргідей кеше ғана тиісті мемлекеттік емтихандарды тапсырып, дипломдық жұмысының жобасын қорғап, қолына диплом алған жас маманға бір айға жетер-жетпес уақытта жұмысқа түру үшін біліктілік тестін тапсыруын талап ету —

абсурд. Бұл деген бір Үкіметтің құрамындағы қос министрлік — Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің бір-біріне деген мүлдем сенімі жоктығын аңғартып отыр. Десе де Өмір Шыныбекулы сенімсіздіктің себебі де жоқ емес екенін айтады.

ТҮСУ ТАЛАПТАРЫН ҚАТАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Халықаралық Edu Stream тіл орталығының директоры Наталья Мұхамеджанова грант санын көбейту ғана емес, грант сомасын ұлғайту саясатын сақтау қажет екенін жеткізді. Бұл ретте, педагогикаға байланысты факультеттердегі жоғары түсу талаптарын белгілеу маңызды. Сол арқылы талапкерлер мен жоғары оқу орындары тарапынан да «таңдау құқығы қалмау» қағидатына нүкте қою қажет. Педагогиканың шығармашылық көзқарасқа, сондай-ақ жеке қасиеттер мен құзыреттерге назар аударатындығын түсініп, ҰБТ нәтижелерін ұсынумен қатар, сұхбаттасуды енгізу керек екенін жеткізді. Осы арқылы мұғалім болғысы келетіндерді өз арасында іріктеу керек екенін айтып отыр. Себебі әркім ұстаз бола алмайды. «Расында да қазір елімізде мұғалімдердің жалақысы жоспарлы түрде өсіп жатыр. Сондықтан бұл саладағы кадрлар ағынына да ықпал етіп келеді. Бірақ бұл ЖОО түлектерінің есебінен емес, «қайта даярланған» ересектердің есебінен десек болады. Сонымен қатар айлықтың артуы саладағы жалған дипломдармен жұмыс істейтін «педагогтердің» да санын өсіріп отыр. Сол үшін жалған диплом жасаушылар мен қолданушыларға берілетін жауапкершілік қайта қаралу керек. Біріншіден, дипломдарды растау бақылау комитетіне сұрау салу арқылы оңай жасалады. Мәселен, шетелдік университеттерде дипломдардың жарамдылығын растау тәжірибесі бұрыннан бар. Тіпті апостильмен де, ресми сұрау арқылы жалған немесе жалған еместігін білу мектеп басшылығына қиындық тудырмайды. Сол секілді бізде де министрлікке сұрау салу арқылы дипломның жарамдылығын растау бойынша талаптарды белгілеу қажет. Екіншіден, жұмысқа қабылдаушы да, құжат тапсырушы да екі тараптың жауапкершілігін енгізу уақыт күттірмейтін», — дейді ол.

БІЛІКТІЛІККЕ БАСА МӘН БЕРУ ҚАЖЕТ

Балалардың білімді болуы педагогтердің білімі мен біліктілігіне тікелей байланысты. Сол үшін 2019 жылдан бастап педагог кадрларды даярлау және олардың қоғамдағы мәртебесін арттыруға байланысты Мемлекет басшысы іргелі реформа-

сында ғылыммен айналысамын демесен, бір мамандықты менеру үшін төрт жыл жүріп, зая уақыт кетірмеуге болады. Оның үстіне қазіргі уақытта автоматтандыру мен цифрландырудың нәтижесінде көптеген мамандық жойылып барады. Болашақта төрт жыл академиялық білім алып, ол бойынша жұмысшы бола алмай қалуында ықтимал», — дейді Дулат.

Мұндай мысалдар көп. Бүгінде мұғалім, дәрігер, инженер, тіпті әкімдік, құқық қорғау саласындағы жұмысын мобилография, графикалық дизайнер, СММ-маман, яки сұлулық саланыңда мастер болуға алмастырған талай жас бар. Себеп ортақ — оқу бітірген соң жұмыс таба алмай, өз калауымен мамандық тандамаған, жалақы аса және тағы басқа.

«Еңбек нарығының басты өлшемшарттарының бірі — халықты өнімді еңбекпен қамтамасыз ету. Ол дегеніміз әрбір адамның әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін оларға жағдай жасау. Қызметкеріне жағдай жасайтын жұмыс берушілер бар, ол үшін жұмысшының білімі, қарым-қабілеті, мамандығы еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыруы керек. Өкінішке қарай, академиялық білім беретін мекемелер нарықты заматында зерттеп, уақытында қажетті мамандар даярлай алып отырған жоқ. Оның үстіне, егер сіздің алған білімінің жұмыс орнында талап етілсе, өз қабілетіңізді 100% жүзеге асыра аласыз. сәйкесінше лайықты жалақы да талап етесіз. Ал егер жұмыс барысын 100% меңгермеген болсаңыз, онда кез келген жалақыға келісуге тура келеді. Сондықтан кез келген еңбекке қабілетті жас өзі толық білетін мамандыққа қысқа мерзімді курстан болса да оқып алуды күп көреді әрі бұл қалпыты құбылыс», — дейді әлеуметтанушы Ақнұр Таласбаева.

Қысқа мерзімді курстар көп жастың нәпақа табуына көмектесіп жатқан да шығар, бірақ академиялық білімге қызығушылықтың төмендегені қауіпті емес пе? Жоғары білім беру мен жұмыс беруінің арасындағы алшақтықты азайтудың жолы қайсы? Орта және жоғары оқу орнын бітірген жастардың барлығы бірдей қысқа мерзімді курс оқып, лайықты жұмыс тауып жатыр ма? Өкінішке қарай, әзірге бұл сауалдардың басы ашық қалады, өйткені, татымды жауап беретін статистика да, зерттеу де жоқ.

ларды қолға алды. Осылай деген депутат Жұлдыз Сүлейменова «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданғанын айтады. Оның аясында педагогтердің жалақысын жыл сайын көтеру және олардың біліктілігін арттыру қолға алынған. «Қазір мұғалімдердің білім сапасына көз жеткізу мақсатында аттестаттаудан өткізіледі. Сондай-ақ 2021 жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға оқуға түсетін мамандықтардың шекті балы 75 балға дейін көтерілді.

Оған сәйкес мектепте жақсы оқыған, педагогика саласын тандап келген, жоғары нәтиже көрсеткен, университетте үздік оқитын студенттерді де ынталантыру үшін басқа мамандықтарға қарағанда шәкіртқа көлемін арттырды. Мысалы, былтыр басқа мамандықтарда оқитын студенттер 38 мың алса, педагогика саласын тандаған студенттер 58 мың шәкіртқа алды. Ал биыл педагогикалық мамандықтардың шәкіртіне 67 200, қалған факультеттің студенттері 41 мың теңгеден астам ақша алады. Мұның өзі — бұл мамандыққа деген үлкен қолдау. Ғылым және жоғары білім министрлігінің берген ресми ақпаратына сәйкес, қазір педагогика мамандығына 75 балдан жоғары жинағандар ғана іліге алады. Мәнінше, бұдан төмен болмау керек. Өйткені кезінде 50 балмен осы салаға түскен мамандардың өзінің біліктілігін арттыру маңызды болып отыр. Балалардың біліміне бас ауыртқымыз келсе, білім ордасындағы мамандардың біліктілігіне баса мән беру қажет. Ол үшін педагогика мамандығына грант үшін емес, жүрек қалаумен келгенде ғана нәтиже болады», — дейді депутат.

Осыдан бірер ай бұрын ғана Солтүстік Қазақстан облысында бір жыл ішінде 80 жалған құжат сатып алу дерегі тіркелгені мәлім болды. Облыстық прокуратураның дерегіне, өңірде ай сайын жалған диплом дайындаушылар кем дегенде алты дерегі тіркеледі екен. Былтыр осындай 80 дерек анықталғанымен, мерзіміңіз өтіп кетуіне байланысты қылмыстық істердің басым бөлігі тоқтатылса, жалған құжат ұсынған «мұғалімдер» жұмыстан босатылып қоя беріліпті. Ал жақында Атырау облысында 81 мұғалімнің жалған дипломмен жұмыс істегені анықталды. Оның 51-і мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, ал 30-ы орта мектепте сабақ берген. Айта берсең, мұндай мектепте, «мұғалім» де көп. Алайда құзырлы орындар әрбір мектептің артынан шам алып жүруге қауқары жоқ. Күдікті мәліметті білген күннің өзінде тексеріс жасауға ешкімнің құзыры жүрмейді. Ол үшін арнайы арыз жазылу керек. Ал арыздай атанғысы келмейтін қазақ қоғамында жеп отырған наньын айырылуға ешкімнің құлды жоқ. Бар заңның өзі аяқтарту мен жалған «маман» иелеріне 160 АЕК-ке дейін айыппұл салып, ары кетсе сол мөлшерде түзету жұмыстарына жетілуген бітеді. Сол үшін де жалған дипломмен жалғанды жалпағынан басып, ұлт тәрбиелеу ісін ұятқа қалдырып жүргендер көп.

Білімнің бастауы – оқулық. Кітап арқылы бала өріп танып, ғылым атаулымен алғаш танысады. Қазір мектеп оқулықтары заман талабына сай мазмұнын да, форматын да өзгерткен. Ал қазақтың алғашқы оқулықтары қашан басылды? Олардың қандай ерекшелігі болды?

Көктем ҚАРҚЫН

«ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ» – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ ОҚУЛЫҒЫ

Қазір Абай, Ыбырай, Шокандардың қандай әліппе құралдары арқылы сауат ашқаны туралы көкейге қонымды деректер жоқтың қасы. Дегенмен бізге қазақтың ең алғашқы толыққанды оқулығын тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсарин жазғаны белгілі. XIX ғасырда кирилл қарпіінде жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» – ұлт тарихындағы алғашқы оқу-әдістемелік еңбек ретінде бағаланады. Автор Л.Толстойдың «Әліппе және оқу құралын», Д.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы», К.Ушинскийдің «Балалар дүниесін» қазақ баласына оқу құралы ретінде ұсынып, ұлтына риясыз қызмет еткен.

– Қазақ оқулықтары Ы.Алтынсариннің 1879 жылы жарыққа шыққан «Қазақ хрестоматиясынан» бастау алады. Ұлт ұстазы мектепке арналған оқулыққа қойылатын бірнеше талапты да анықтап берген. Біріншіден, «Мектептерге арналып жазылатын оқу кітаптары өзінің идеялық мазмұны мен материалдары жағынан ана тілінің және халық даналығының бай қазынасына негізделуге тиіс. Екіншіден, балаға түсінікті әрі қызықты болуы керек. Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» деп басталатын «Қазақ хрестоматиясы» ағартушылық қызмет атқарды. Ол туралы өзінің 1862 жылы жазған хатында: «Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселе оны ағартуда болып отыр», – деп жазады. Өзінің мұғалімдік тәжірибемде Ы.Алтынсарин шығармалары баланың тілін дағдыдан бастап, танымын кеңейтетін, ойын жетілдіріп, білімін тереңдететін жетекші әдістемелік құралым болды. Білім алуды сабақта және сабақтан тыс уақытта ұштастыру, баланың білуге құштарлығын оятып, зердесінде сақталуын назарда ұстау тәсілін өзіме бағдарламай көрдім.

Ғылыми еңбектеріме зерттеу жұмысымның мәнін ашып, маңызын айқындауға қайнарқоз болды. Ұлы ұстаздың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы қарапайымнан күрделіге, жақыннан алысқа, төменнен биікке ұмтылу, білім мен тәжірибені ұштастыру сияқты маңызды ұстанымдарына сүйендім, – дейді педагогика ғылымдарының кандидаты Бижан Игенбаева.

Оның айтуынша, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде білім мазмұнының тұғыры болатын Ыбырай Алтынсариннің озық идеялары мен адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін шығармаларының орны ерекше болды. Ұлы ағартушының қысқа және тартымды жазылған көркем шығармасының барлығы оқушыларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы зор. Оқушылардың мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері де үлкен әсер етеді. Қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеу арналған шығармаларын кез келген жастағы балалар қызыға отырып оқиды. Әңгімелерінің тілі жатық, оларда оқушының ойын жетелейтін идеялар басым.

– Бұл жөнінде белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: «Ыбырай Алтынсарин – қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы. Көркем әңгімелердің композициялық құрылысын шебер етіп құруда да оның еңбегі зор», – дейді. «Сондықтан ұлт тағдыры үшін күрескен Алаш арыстары да – «Қазақ хрестоматиясымен» өскен азаматтар деп айтуға негіз бар, – деді Бижан Игенбаева.

БІР УАҚЫТТА

БІРНӘШЕ ӘЛІППЕ БОЛҒАН

Дегенмен Ыбыраймен бірге орыс ұлтының өкілдері қазаққа оқулық жазуға қызығушылық танытқан деген деректер бар. Бір қызығы, аталған кезеңде орыс белсенділері қазаққа оқулық қана емес, әліппи жасап беруге тырысқанын көп адам біле бермейді. Олардың көбі орыс жазуынан қазаққа шала бейімдеп әліппелер жасаған болатын. Ыбырай Алтынсариннің оқулығы 1889 жылдан 1906 жылға дейін бірнеше қайтара басылғанын біреу білсе, біреу білмейді. Әсіресе, ескіше жазуды сыра тұрып, орыс жазуымен тұңғыш кітабын қазақша жазған ғалымның аталмыш оқулығы кейін келе қайтадан ескіше жазумен басылғаны да тарихи оқиға деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» атты дәуір бөлгіштік сипатқа ие кесек еңбегі сол кезде қазақ жазуы ретінде біртұтас мойындалмаған орыстың әрпімен



ҚАЗАҚ ОҚУЛЫҚТАРЫ ҚАШАН ПАЙДА БОЛДЫ?

де, сол тұстағы мұсылман түріктерге ортақ кәдім (араб графикасы негізіндегі ескіше жазу) жазуымен де шыққан болатын.

– Ыбырай ағамыз шығарған оқулықтан кейін 1911 жылы Ғалия медресесінің шәкірттері «төте оқулықтарды» шығарды. Соның ішінде қырғыздың белгілі қоғам қайраткері Ишанғали Арабаев шығарған «Төте оқудың жолы» деген кітап бар. Одан кейін С.Малдыбаев, А.Байтұрсынұлы да оқулық шығарған. Демек, қазаққа бір уақытта бірнеше Әліппе болды. Олар Әліппенің тиімділігін анықтау үшін оны әртүрлі медреселерде оқытып көрді. «Қайсы Әліппені қолдану тиімді?» деп халықтан сауалнама жинады. «Қазақ» газеті арқылы халықтың ойын жүйелеп отырды. Сондықтан алғашқы қазақ оқулықтарын насихаттауда «Қазақ» газетінің қосқан үлесі басым болды, – дейді тарихшы Абай Мырзағали.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Бижан Игенбаеваның айтуынша, одан кейін қазақ графикасын реформалаған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ бастауыш мектептеріне арналған алғашқы оқулығы – «Әліппи» дүниеге келді (1927 ж.). Оған дейін қазақ балаларын оқу мен жазуға үйретуді көздеген М.Нұрбаевтың «Әліппесі» (1910 ж.), З.Ергалиұлының «Қазақ әліппесі» (1912 ж.), К.Сығалиннің «Қазақ әліппе» кітабы (1913 ж.) алғашқы оқулықтар қатарына жатады.

“
Оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде білім мазмұнының тұғыры болатын Ыбырай Алтынсариннің озық идеялары мен адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін шығармаларының орны ерекше болды. Ұлы ағартушының қысқа және тартымды жазылған көркем шығармасының барлығы оқушыларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы зор.

– Дегенмен олар қолданыста өте аз уақыт қана болды. Ал Ахмет Байтұрсынұлының «Жана Әліппи» ана тіліміздің бай сөздік қоры мен сөздердің қолданылуы ерекшеліктерін көрсеткен, заманына сай жазылған оқулықтың үлгісі болды. Өйткені ғұлама ғалым қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиетін жазылуы үдерісінде толық қамту үшін 43 түрлі дыбысты дөйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын тапқан. Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді екенін, дауысты дыбыстардың жуан-жінішкелігіне қарай дауыссыздардың да жуан-жінішке болатынын анықтаған. Араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген, – дейді Бижан Игенбаева.



АЛАШТЫҚТАРДЫҢ АЙНЫМАС МИССИЯСЫ – ОҚУЛЫҚ ЖАЗУ

Тарихшы Абай Мырзағалидың пікірінше, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде кітап басу ісі де тұралап қалды. 1920 жылы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған топ оқулық басу ісін қайта қолға алып, 210 мың тиражбен 7 оқулық шығарды. – Олар 1-2-сыныпқа арналған «Екінші басқыш», «Тіл құралдары» мен М.Дулатұлының «Есеп құралдары». Әр кітаптың тиражы 20-30 мыңнан болған. Бұл оқулықтардың барлығы Қазан қаласында шыққан. Алғашқы оқулықтардың шығуымен бірге қоғамда мұғалімге сұраныс артты. Ғалия медресесін бітірген шәкірттерді халық жаппай іздеген. «Қазақ» газетінде бұл туралы көптеген махбар жазылған. Ол жерде бір қыста мұғалімдердің 120 баланың сауатын ашып, емтихан алғаны туралы айтылған, – дейді Абай Мырзағали.

Бұл кезеңде алаштықтар халықтың сауатын ашуда қазаққа оқу құралдарының қаншалықты керек екенін дер кезінде түсіне білді. Алаштанушы ғалым Ұшқын Сәйдірахманұлының айтуынша, Алаш қозғалысы ұлттың ұйысу құбылысы ретінде екі үлкен қанатта өрістеді. Біріншісі саяси бағыт, екіншісі халықтың мәдени-рухани биік сапаға көтеруге ұмтылған ағартушылық арна. Бұл екі жолда да Алаш зиялылары елеулі табысқа жетті. Саяси аренада үкімет жасақтап, ұлттық әскер құрды, Алаш автономиясын тіктеді. Ал ағартушылық ерекетте көркем әдебиет үлгілерін қалыптастырып, ұлттық баспасөз, жазба тіл, төл оқулықтар негізін қалады. Ағартушылық қызметті репрессияға ұшырағанға дейін нәтижелі жалғастырды. Оқулық жазу – осы ағартушылық қызметтің ішіндегі ең соқталысы, сүбелісі.

– Алаш қозғалысы ауқымынан алып қарағанда оқулық жазу, ең әуелі, төл әліппи құрастырудан басталған. Зәкәрия Ергалиұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаммедораз

Нұрбай, Кенжеғали Ғабдолла, Уфадағы «Ғалия» медресесінің шәкірттері әр жерде ілгерінді-кейінді болып қазақ балаларына әліппе құрастырды. Бұл білім беруде жана жол салған жәділ қозғалысының қазақ топтарындағы жаңғырығы болатын. Аталған әліппилер арасында төте оқылатын, төл дыбысқа негізделген Ахмет Байтұрсынұлының әліппи қанат жайып кең тарады, ықыласпен қабылданды. Әліппемен ілесе хрестоматиялық құрастырды. Міржақып Дулатұлы «Есеп құралы» жазды. Бұл шартты түрде ҚазАКСР құрылғанға дейінгі (1920 жылға дейін) бірінші кезең еді. Қолдағы толық емес есеп бойынша осы мерзімде 13 қалам иесінің оқулық санатына жатқызуға болатын 20 кітабы жарық көрген, – дейді Ұшқын Сәйдірахманұлы.

Оның пікірінше, 1917 жылы Алашорда үкіметі жасақталғанда Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Биыхмет Сәрсенұлы және Телжан Шонанұлынан тұратын 5 адамдық оқу комиссиясы құрылды. 1920 жылдан кейін ҚазАКСР-інде жасақталған оқу комиссиясында тура осы бестік еш өзгеріссіз қайта бас біріктірді. Жаңа автономия құрылған күннен-ақ Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлы және Түркістан республикасында Халел Досмұхамедұлы (әуелгі кезекте комиссияның Иса Тоқтыбайұлы басқарды) бас болып оқулық жазу ісіне кірісті. Бұл қарқын Алаш қайраткерлері ұсталған 1929-1930 жылдарға дейін жалғасты. Сондай-ақ аталған іске Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан батырның маңыз берді. Өзі де оқулық жазудан тысқары, жарық көрген кітаптар тұрасында «Еңбекшіл қазақ», «Ақжол» бетінде «Кітап сыны», «Жаңа кітап» айдарымен пікір жазып отырды. Қайсы автордың қалам қуаты қандай, кітапта нендей кемшілік бар? Сәтті-сәтсіз қолданылған атау-ұғымдар (өздері пән сөздері деп атаған) жөнінде нақты мысал келтіре отырып талдады. Кем жерін көрсетіп, үздік тұсын оң бағалады.

– Қазақстанға оқулықтар алғашқы лекте мұсылманша қарпі толық Қазан баспаханаларынан басылып келіп тұрды. Бернияз Күлейұлы Қазандағы ұрнайы өкіл ретінде қызмет етті. Дайын болған оқулықтар сараптамадан өтіп, тиісті қаулымен мақұлданды. Жарамаған, бір қайнауы кем кейбір оқулық басуға жарамайды деп кері қайтарылды. Алаш арыстары бөтен маман иесі екеніне қарамастан физика, математика, химия қатарлы дүнияы білімдер кітаптарын әзірледі. Айталық, солардың ішінен «Табиғаттану», «Жануарлар», «Денеміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер», «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер», «Оқушының саулығын сақтау», «Адамның тән тірлігі», «Жаңбыр дегеніміз не?», «Күн күркіреу және найзағай», «Бастауыш жағрафия», «Жағрафия», «Түркістан», «Физикалық жағрафия», «Жануарлар туралы әңгімелер», «Күн котанының құрылысы», «Күн күркіреу мен найзағай», «Физика», «Су туралы әңгімелер», «Арғы мәдениет», «Бастауыш жағрафия дәрістігі», «Жердің жаратылыс жайындағы әңгімелер», «Геология», «Өсімдіктер һәм олардың өмірлері», «Жердің үскі қабаты», «Адам тегі», «Гигиена», «Жаратылыстану құралы», «Химия не нәрсе» қатарлы оқулықтарды атап өтуге болады. Мен тек жаратылыс бағытындағы ойға келгенін атап өттім. Ал енді бұлардың барлығы өз пән ғылымы бойынша қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш оқулықтар еді, – дейді алаштанушы ғалым.

Ұшқын Сәйдірахманұлының айтуынша, бұл оқулықтардың таралымы да анағұрлым мол болды. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 50 мың, «Тіл құралының» бірінші кітабы 35 мың данамен басылды. Міржақып Дулатұлының «Қирағаты» мен екі бөлімді «Есеп құралы» 25 мың тиражбен тарады. Енді Ахмет Байтұрсынұлының 12 түрлі кітабы 25-35 мың таралыммен 43 рет басылғанын ескерсек, тұтас қазақ даласының сауаты осы оқулықтармен көтерілгенін бағамдау қиын емес. Әрі осы ретте ұлт ұстазы деген құрметті есімнің де мәні айшықтала түседі.

– Зерттеу барысында тағы бір байқағанымыз, 1929-1930 жылы Алаш қайраткерлері ұсталып кеткеннен кейін де олардың еңбектері авторы көрсетілместен басылып, тарап жатты. Енді осы кітаптарды төл оқулық ретінде қарастыруға болатын негізді атайын. Әрине, кітаптың мұқабасында пәленшеден аударылды деп көрсетіледі. Бірақ оған бола оқулықты толық аударма, түбегейлі қотарынды деп санай алмайсың. Кітапқа сын жазған Әлихан Бөкейхан авторларға ескертпесінде салған жерден аударма бермей, өз табиғатымызға, қырғады қазақ баласының ұғымына лайық болуы керек, тиісті үйлесетін тұсын ғана алып, жанаспайтын жерін қалдырып кету қажет деп атап көрсеткен. Мағжанның өзі де «Педагогика» еңбегінде: «Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғылымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамасы келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым (көп пайдаланылған Рубинштейн, Скворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектері)», – деп жазады арнау сөзінде. Қазір Ә.Бөкейхан Алаш ғылымы-зерттеу институты осы оқулықтарды ғылыми айналымға қосу, жаңғыртып шығару жобасын қолға алып отыр. «Алаштың 100 оқулығы» атауымен әзірленген жобаның қазір де берері мол, – дейді алаштанушы Ұшқын Сәйдірахманұлы.

Өкінішке қарай, алаштықтар жазған оқулықтың барлығы тәркіленіп, авторлары қуғынға ұшырады. 1935 жылы «Оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыру туралы» қаулы қабылданып, оқулықтар әзірлеу жүйесінің негізі қаланды. Дегенмен педагогика ғылымдарының кандидаты Бижан Игенбаева 1996 жылы тәуелсіз еліміздің төл оқулықтары шыққанға дейін қазақ тілі мен әдебиет оқулықтарынан басқасы аударма болғанын айтты.

– 90-жылдары алғашқы оқулықтарды жазған авторлар туралы да мәлімет болған. Мысалы, «Өсімдіктану» оқулығын жазған Жұмалихан Күдерін туралы ақпараттар 90-жылдардағы ескі биология оқулығында кездеседі. «Гигиена» оқулығын жазған Жұмағали Тілеулиннің кітабы бірден жазылып кеткен жоқ. Бұл «Қазақ» газетінде әр жылдары денсаулық сақтау саласы бойынша жазған мақалаларының жиынтығы. Мұны 1916-1917 жылдары оқулық ретінде басуға ұсыныс тастаған. Бірақ әртүрлі саяси жағдайдың кесірінен кеш басылады. 20-жылдардың соңында тек денсаулық саласында жазған Алаш қайраткерлерінің 30-дан астам кітабы болған, – дейді тарихшы Абай Мырзағали.

Қазақ зиялыларының өткен ғасырда оқулық жазуды қолға алуы ұлтты сақтап қалуының бір жолы болды. Ағартушылық жолындағы жанкешті еңбектің арқасында Әліппеміз қалыптасып, қаншама халықтың сауаты ашылды.

Қыркүйек айында тірі болғанда 80-нің сеңгіріне шығатын Оралхан Бөкей жайлы айтылып та, жазылып та жатыр. Ол – заңдылық. Өйткені Алла сыйлаған 50 жасқа жетер-жетпес, аз ғұмырында артына өшпес дүние қалдырып кеткен Оралханды айтпау, еске алмау – қазақтығымызға сын.



Мен жазушы я ақын емеспін, сондықтан Оралхан шығармашылығы жайлы бір нәрсе айту ойымда да жоқ, қолымнан да келмейді. Бірақ Оралханның ішкі жан дүниесінің кейбір сәттерінің күәсі болғанымды тебірене еске аламын. Соларды бүгін айтпағанда қайда алып кетемін деген оймен қолыма қалам алдым. Оның үстіне, тек Қазақстан емес, әлем білетін Оралханды қасиетті Сыр елінде оған етене жақындау болған екеуміз-ау деймін. Оның бірі Оралханды оятқан – ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Өскенбай Көзбеков. Ғылым докторы профессор Майтановтың ғылыми жетекшілігімен бірнеше жылдар ғылыми ізденісте жүріп: «О.Бөкеев прозасының поэтикасы» тақырыбында диссертация қорғап, Оралханмен жүздесуді армандап кеткен інім еді. Екінші кезекте – өзімді айтар едім.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында Қызылорда пединститутында (қазіргі Қорқыт Ата университеті) партия ұйымын басқардым. Сол кезде науқастанып, қара теңіздің оңтүстік жағалауындағы СОКП орталық комитетінің «XXII партсезд» атындағы санаторийге облыстық комитеттен жолдама алып, Қырымға бардым. Науқасымыздың ерекшелігіне қарай жылына екі-үш айдай үш жыл емдейді екен. Қазір ойлап отырсам, жаратушымыз маған сол бір кеселді кездесуге әркімнің қолы жете бермейтін Оралханмен танысып, сырласып жүрсін деп жібергендей көрінеді.

Санаторийде емделушілерге керемет жағдай жасалынған. Қарақалпақстан Жазушылар одағының хатшысы, мемлекеттік сыйлық иегері, Төлөпберген Қайыпбергенов, жерлес ағам ақын Сейіл Боранбаев жыл сайын осында келіп демалады екен. Бірер күннен кейін қатарымызға Оралхан қосылды. Жоғарғы талғаммен жастарша киінген мөлдір бұйра кара шашы өзіне жарасып тұрған жазушымен Сейіл аға таныстырды. Мені онша менсініксіз емесің байқадым да, қырсықтығыма еркіндік беріп тұрмын. Сейіл аға маған: «Оралханды танытын шығарсын», – деп сұрады. Ағаның сауалына: «Танымаймын, қазір не көп жазушы көп, солардың бірі шығар», – дей салдым. Сол-ақ екен Оралхан: «Әдебиеттен бейхабар, өзің бір кері жүретің қырсық екенсің», – деді. Оралханның шырты мінезін ширата түсу үшін: «сеңің «шатпақтарыңды» оқымағанмен естуім бар», – дей салдым. Біздің танысуымыздың алғашқы сағаттары осылай басталған-ды.

Оралхан сырт қарағанда менмен, көкірек, кісікік көрінгенімен, ішкі дүниесі кең, қарапайым жандарға шуағын төгіп тұратын, туған топырағын жанындай сүйетін, ұлт тілі десе жанын беретін



азамат екенін жүрегімен түсінетінмін. Екеуіміздің осы ойларымыз тоғысып, санаторийде өткен үш жылдың алты айында бір палатада жатып айтпаған әңгімеміз, шерпеген сырымыз болған жоқ десем артық емес-ау!

Осы уақыт ішінде терең оймен жүретін Оралханның шұқшырып кітап я газет

оқығанын көргенім жоқ. Сол кездері Мәскеуден шығатын «Роман газета» журналында орыс жазушысы А. Рыбаковтың «Дети Арбата» деген романы жарияланып жатты. Сталиндік репрессия жайлы алғашқы көркем шығармалардың бірі болғандықтан, журнал қолдан-қолға тимей кетті. Бірде кітапханадан журналды алуға менің кезегім келіп, бас алмай оқи бастадым. Оралхан менен журналды көріп шығуға сұрап алып, бірекі сағаттан кейін қайтып әкеп берді. «Қалай оқып шықтың ба?» – деген сауалыма: «Неден басталып, қалай бітетінін шамалағанмын», – деп жауап берді. Сол уақыттағы елді тамсандырған осы шығарма оны еш қызықтырмады. Оралханның жазушы ретіндегі терең логикасы аталмыш орыс жазушысынан да артық екеніне еш шүбәм болған жоқ. Қазір ойласам, Оралхан жазу үстеліне көп отырмай, қалаған тақырыбын ойша жан-жақты сараптап, саралап, уақыт денгейімен үндестіріп, әбден пісіп-жетілгеннен кейін жазуға бірақ отырды екен. Өзінің жазғандарына қайта оралмайтын себебі осы болса керек.

Біздер бірге болған уақытта кеңестік идеологияның нағыз қаһарына мініп тұрған кезі. Оның санамызда соншалықты орныққанынан болар, аталмыш идеологияға сын көзбен қарау деген мүлдем ойымызда болған жоқ. Оралханмен өткізген сағаттарымды қазіргі уақыт мінберінен сараптасам, ол сол кездің өзінде-ақ бүгінгі болашақты болжап білгендей. Әсіресе, тіл мәселесіне байланысты көп толғанып, тебіренетін. «Қазақ әдебиеті» газеті Бас редакторы орын-басар ретінде апта сайын оны алып, әрбір қатарының астын сызып оқитын. Әлі есімде, «Қазақ әдебиеті» газетіне профессор Р.Сыздықованың тіл мәселесіне байланысты мақаласы жарық көргенде балаша қуанды. «Рабиға апай көкейде жүрген мәселелерді көтеріпті,

ризамын, ойымды білдіріп, апам хат та жазып жібердім» дегені есімде. Целиноград облысының бір аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы қазақ қызы екен, бірақ бір ауыз қазақша білмейді. Бір-екі күннен кейін-ақ Оралхан оған: «Түп-тамыры жоқ идеология кімге керек?» – деп тиісе бастады.

ланбасқа?» – деп қынжыла сөйлегені бүгінде құлағымнан кетпейді. Кеңестік идеологияның біздер үшін кері тартпа тұстарын Оралхан сол кезде-ақ болжаған екен. Не деген көрегенділік?!

Қырымдағы демалыстың алғашқы жылы артыман Әлия мен Айнұр қыздарым келді. Әлия – студент, Айнұр – мектеп оқушысы. Олардың келгеніне Оралхан балаша қуанып, Симферополь вокзалынан бірге күтіп алып пәтерге орналастырды. Жұбайым Жақсыбике сәлемдеме ретінде қазы-қарта, Қазақстан қоныяғын молынан жіберіпті. Кейде Оралхан балаларға барып, «қазы мен «көртшік» қуырып жейік», – деп қолқа салады. Тамақ үстінде Сырдың дәмін Алтайдың қазы-қартасымен салыстырып, бізді тамсандырып қояды. Сыр елін де асырамақтап, біраз жерге апарып тастайтын. Өзінің тауын биіктеткенмен, өзгенің тауып аласартпайтын ғажайып жан еді. Туған жері Тарбағатай табиғатын, асқар Алтайын Оралханды жүрегімен сезініп, жан-тәнімен сүю – әркімнің маңдайына жазыла бермеген-ау, сірә! Оның қай шығармасын алсаңда кейіпкерлері туған Қатонқарағай мен Шыңғыстай ауылынан бастау алып жатады.

Бірде санаторийге жақын Симеиз деген елді мекендегі дүкендерді аралап жүрдік. Сөрелердегі жас нәрестелердің киімдерінен көз тұнады. Балаларымның бәрі ересек болғандықтан, оларға ыңғай-

ортақтастық. Алматыдан осы бір суық хабар келерден бірнеше күн бұрын барлық жағдайды айтып, Айманға хат жазатынын айтқан болатын. «Оралхан, асықпа амандық болса, екі-үш айдан кейін Алматыда боласың ғой. Айманға сонда айтарсың деп ақыл бергенмін», – деп сөзін сабақтады Шамиль аға. Менің ойымша, өр мінезді Оралхан сол бір хатты жиырма жыл отасқан сүйген жары Айманға жолдап жіберген болуы керек. Ағасы әрі әріптесі Қуаныш Құрманғалиевтің естелігінде Айманды жерлейтін күннің түнінде Оралханмен бірге жатқаны жайлы, оның түнімен өкініш өкінігінен арыла алмай, таң атқанша жылап шыққанын айтады.

Алғашқы жұбайының қазасынан кейін Оралхан екі жылдан кейін Ардаққа үйленеді. Көп ұзамай Айхан атты ұл, Айжан атты қыз дүниеге келеді. Перзенттерінің есімдерін «Ай»-дан басталып, Хан, Жан ұғымдарымен аяқталуы, Оралханның сүйген жары Айманды ұмытпау үшін қойған рухани ескерткіші-ау деген ой келеді маған.

1993 жылы Қазақстанға Үндістанның Премьер министрі Нарасимха Рао ресми сапармен келетін болды, соған орай «Қазақ әдебиетіне» үнді елі жайлы материал жазып қайтуға Оралхан Бөкей бастаған бірнеше журналистер Үндістанға жіберіледі. Бұл сапардың алдында бір айдай қан қысымы жоғарылап, науқастығы жайлы күәлік пен жүрсе де, Оралханға Дели шаһары қол бұлғап тұрғандай қуана келесі. Бірақ ол 17 мамыр күні өзінің бұл дүниемен қоштасатынын білмесе керек. Бір естелігінде: «Календардың әр бетін жыртқан сайын тағы бір тамаша күнімді өз қолыммен жерлегендей саусақтарым дірілдеп кетеді. Қазір адамдардың барлығы асығыс. Бірақ қайда асығып бара жатқандарын өздері де білмейді. Білсе, асықпас еді ғой», – деп жазыпты. Елу жылға толар-толмас аз уақыт ішінде соңында қыруар іс қалдырған Оралхан қайда асықты екен?! Оның соңғы демін Алланың құзырына тапсырар уақытта қасында журналист жерлесім Нұрғөре Жүсіп інімінің болғанына іштей тәубе еттім. Белгілі жазушы Әмірхан Меңке Оралханның қазасы жайлы: «Қиян шеттегі Үндістанның Делиінің «Тәжі-Махал» қонақүйіндегі оңаша бөлмеде жападан-жалғыз, сапарлас серіктеріне де жалғыз ауыз сөз айтпай, жым-жырт қалыпта, тыныш, оқшау күйде жылжып келіп, фәни дүниенің өлшеулі сүрлеуін артқа тастап, бақи дүниенің болжаусыз соқпағына бет бұрар ақтық сынынның үстінде дәл осылай байсал тауып баз кеше алу, дауасыз өлімді де дәл осылай жүрегі дауалап жым-жырт қалыпта, тыныш күйде қарсы алу ірілердің ғана үлесі ғана шығар» деп жазыпты.

Оралханның артында ұлы Айхан төрт жасында, қызы Айжан үш жасында жетім қалса, ал жұбайы Ардақ жастай жесір атанды. Оралхан қызы Айжан қатты ауырғанда жаратушымызға: «Қайтейін? Қайсыбірін айтайын? Өзімді алып, баламды қалдырсаңшы, Алла!» – деп жалбарыныпты. Оның осы өтініші орындалғанмен, оның қазасын тек отбасы емес, бүкіл қазақ елі аза тұтты. Ақын Жүрсін Ерман жазған жоктауды халық хормен айтқанда, бүкіл ел күңірелді. Алла Тағала Оралханды тума таланттарға мүмкіндікті молынан бергенімен, ғұмырын қысқа етіп құзырына тездетіп алуға асыға ма қалай? Ұлыларды кіндік қаны тамған туған топырағында, Жер-Ана құшағына алуға асықпайтындай. Алаш арыстарының біразын айтпағанда, ұлы Мұхтар соңғы демін Мәскеуде, адамзаттың Айтмауысы Германияда, қазақтың Калтайы Мәскеуде, Алтайдан ақиығы Оралхан Делиде Алланың құзырына тапсырды.

Оралханның кеткеніне 30 жыл толыпты. Қыркүйек айында тірі болғанда сексеннің сеңгіріне шығар еді. Өр мінезді Оралханды қазақ халқы мәңгі ұмытпайтынына бек сенімдімін. Сыр елінде де оның өмірі мен творчествосына арналған мәдени-танымдық іс-шаралар өтуде. Үш жылдың ішінде Қырымның оңтүстік жағалауында танысқан, талай сыр шертіскен Оралхан бейнесі көз алдымда. Ол «Қазақ әдебиеті» газетін басқарған жылдары Алматыға барған кездерімде бірге болып, Қырымда айтылмай қалған әңгімелерімді жалғастыратынбыз. Ал бүгінгі көңіліме медеу тұтатыным – бірге түскен суреттеріміз. «Күллі Қызылордадан келген досым Қазыбайға құрметпен ұсынамын» деген қолтанбасы. Бұған да шүкір!

– Сексеннің сеңгіріне жетпей кеттің, Құрбаны болдың досым ауыр дерттің. Шуағын жақсылықтың елге септің, Ал қазанмен барша елді еңіреттің, – деген өксікке толы өлең жолдарымен ойымды тәмамдаймын.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
профессор

Өр мінезді ОРАЛХАН



Тіптен «өз ана тілімізді білмейтін саған хатшылық неге керек?» дегенге дейін барды. Біз Оралхан басу айтып, оның жолы жіңішке әйел екенін алға тартқанымыз: «Ой, байғұс қазақтар-ай, бізді құрғатын осы ғой», – деп таусыла сөйлегені бар.

1991 жылы Оралхан «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторына келгенінде елдегі жағдай қиын кез болатын. 125 мың оқырманы болған газеттің таралымы 5 мың данаға дейін құлдырады. Оқырман жинау мақсатында Оралханның бірбеткейлігімен ақынды айтысы ұйымдастырылды. Бұған лауазымды министрліктен бастап, көп ұйымдар қарсы болды. Биліктің жазасынан тайсалмай бәріне басын тіккен Оралхан көп кедергілерге қарамастан айтысты өткізіп, газет таралымы 67 978 данаға жетті.

Қара теңіз жағасында серуендеп жүріп, алыстан мұнартықан таудың басына қыран көзін қадап, Оралханның тұра қалғаны есімде. Сәл үнсіздіктен кейін: «Қазеке, тау басында қойшы тұр деп көз алдыңызға елестетіңізші! Біздер оны тек кәсібіне қарап қойшы деп қабылдаймыз. Ал оның өзіміздей адам екенін, оның да рухани дүниелерге зәру екенін еске алмаймыз. Жүз қойдан 150-160 қозы алып жатқан олардың еңбектерінің қайтарымы жоқ. Бұл біздің халқымыздың көмбістігі. Неге біздің маңдайымызға қойшылық, мал бағу жазылған? Қазақстанда қойды елу миллионға жеткізіміз деген ұран бәрімізді қойшы болуға жетелесе керек. Етті барлық ұлттар жақсы көреді, ал солардан бір қойшы тауып берші! Болашақ аналар – қыздарымыз мал бағып, ат жалына жармасып, трактор рөліне отыруда. Бұл да біздің болашағымызды бұлдырландырудың бір жолы ғой. Қазақтардың тез қабылдағыштығы мен ермелігі, көмбістігі мен аңқаулығын мемлекет жақсы пайдалануда, ал ғылыми шығармашылық қасиеттерін неге пайда-

лы ештеңе кездескен жоқ. Ойымда ештеңе жоқ: «Оралхан, жас балаларына мыналардан алмайсың ба?» – деп қалдым. Кенет жанары мені тесіп жіберетіндей бір қарады да, бірден пәс түсіп: «Қазеке, менде перзент жоқ қой әлі», – деп мұна қалды. «Ұйқым келмейді» деген әңгімеді оқымапсыз ғой», – деді. Қайдан білейін? Андамай сөйлеп, жазушы жүрегің сыздата қойған сол бір сауал ұсынысыма осы кезге дейін өкінемін. Бірақ өмір шындығынан ешкім асып кете алмайды ғой.

Осы бір тосын әңгімеден кейін отбасымыз, жұбайларымыз жайлы ашық сөйлесетін болдық. Алғашқы жұбайы Айман өзімен жерлес, Мәскеуде оқыған, орысша білім алған, бірауыз қазақша білмейтін, жүзкітін көзінен өтетіндей сұлу болғанын, үйіне тез сіңісіп кеткенін тамсана айтатын-ды. Бірақ балалы болу бақыты екеуіне бұйырмағанын, бірақ әзірге ажырасу жайлы араларында еш әңгіме болмағанын айтушы еді. Туған ағасындай болған жерлесі Ғаббас Қабышұлының естелігінде: «Ораштын маған бірде бар мұның шағып, Айман екеуінің айырылуына келіскендерін, «менен ең соңғы белгі осы болсын!» деп алғашқы кітабына қоштасу сөзін жазып бергенін, бірақ айырылуына өзін дәлі шыдамағанын айтқаны бар. Мен не дейін?! «Бастарын жас түңілмендер» деген жолдарды оқимыз.

Жылда баратын Қырымдағы санаторийге 1989 жылы бір уақытта баруға Нұрмырғеев Шамиль ағамен, Оралханмен телефон арқылы келіскенбіз. Өкінішке қарай, мен межелеген уақытымыздан екеуінен де бір апта кейін бардым. Санаторийге келісімен Шамиль ағамен кездесіп, «Оралхан қай палатада?» деп сұрағанымда «жұбайы Айман қайғылы қазаға ұшырады деген хабар келіп, кеше ғана жедел түрде Алматыға ұшып кетті», – деді. Сонау Қырымда болсақ та, Оралханның қайғысына іштей



КӨНЕ ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ КӨРІКТІ ОРЫНДАРЫ

Ырысты, күршіт Сыр өңірі қос мерейтойын атап өтуге қызу дайындық жүргізіп жатыр. Нақты айтқанда, биыл облыстың 85 жылдығы мен Қызылорда қаласының 205 жылдығы кең көлемде аталып өтілетін болады. Осынау мерейлі күн қарсаңында өңірдің өткенінен сыр шертетін тарихи орындар қаншалықты сақталып қалды? Өскеген ұрпақты баға жетпес құндылықтарымызбен сусындатып жүрміз бе? Зерттеп, зерделеп көрдік.

Негізі еліміздің алғашқы астанасы болған бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорданың тарихи тереңнен тамыр тартады. Кеңес кезінде кешегі ұлт зиялыларының біразы Сыр өңірінде сауатын ашты. Алаш ардақтары мен ұлт жанашырлары осы өңірде ел келешегі үшін аянбай қызмет етті. «Халық жауы» аталып, жазықсыз атылып кеткен талай боздақтардың да денесі сыр топырағына жерленген.

Бүгінде өңірде сол бір сұрапыл заманнан қалған тарихи орындар аз емес. Сол кездері Николай патша атауымен аталған кірпіштен салынып, әлі күнге дейін міз қақпай сақталып тұрған ескі ғимараттар — соның айқын дәлелі.

Жалпы тарихи деректерге сүйенсек, Қызылорда облысының құрылуы 1938 жылдың 15 қаңтар айынан бастау алады. Өңір 1929-1938 жылға дейін гвардиялық округ болады. Бүгінде көне мекеннің көркіне көз жүгіртсек, көп нәрсенің өзгергені аңғарылады. Бұған дейін көптеген тарихи нысандар мен орындар жойылып кеткен. Қазірдің өзінде де құрдымға кетудің аз-ақ алдында тұрған ғимараттар бар. Қала тарихынан ой тербеген тарихшылар осылай деп мұның шағады.

«Ертеректе қаламызда өткен тарихымыздан сыр тартатын ескі ғимараттар мен еңселі ескерткіштер аз емес еді. Бүгінде соның көпшілігі бұзылып кетті. Атап айтсақ, кезінде қазіргі теміржол вокзалының аумағы кеңес дәуірінен бұрын салынған ескі тарихи нысандарға толы болды. Бірақ белгісіз себептерге байланысты олардың барлығы бұзылып, заманауи ғимараттарға ауыстырылды. Сонымен қатар орталық алаң маңындағы мұнара, кезінде жүйке аурулар ауруханасы болған тарихи ғимараттар жермен жексен болды. Нәтижесінде, сол замандағы Николай кірпіштен салынған ескі ғимараттардан санаулы орындар ғана сақталып тұр. Нақты айтқанда, бүгінде қалада 20-ға жуық тарихи ғимараттар қалды. Оның өзі құрдымға кету қаупінде. Тарих парактарына көз жүгіртсек, Алаштың алғашқы астанасы болған Сыр топырағында ұлт зиялылары еңбек еткен. Бүгінде ұлы тұлғалардың жүрген жері мен тұрған үйлері үлкен тарихи маңызға ие. Алайда осындай құндылықтарымызды қорғай алмай отырғанымыз өкінішті», — дейді тарихшы Бақытжан Ахметбек.

Дерекке сәйкес, көне Қызылорда Перовск форт болып қалыптасқан заманда бұл аумақта 35-тен астам ғимарат салынды. Сол уақытта ескі қалада екі кірпіш зауыты, екі жел диірмені, үш монша мен төрт шайхана жұмыс істеген. Қалада бой түзеген әрбір ғимарат XIX ғасырдағы Орынбор сәулет үлгісімен салынған. Оның әрбір құрылыс заттары да сол өңірден арнайы жеткізіліпті.

Адамзат өркениетінің көне ошақтарының біріне айналған Сыр өңіріндегі сол заманнан қалған тарихи орындар әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан емес. Бір-біріне жақын орналасқан ескі ғимараттардың сәулеттік келбеті ерекше көз тартады. Соның бірі — қаладағы ескі нысан саналатын Айтбай мешіті 1878 жылы бой түзесе керек. Сол заманда Алла үшін Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері салған деген ақпар бар. Бір жарым ғасыр уақыт бойына миз қақпай тұрған имандылық үйін салуға сол заманда 40 мың рубль жиналған көрінеді. Ғимарат күйдірілген қыш кірпішпен өрнектеліп, төбесі қанылтырмен жабылған. Биіктігі 14 метрді құрайды. Мешітте бір мезгілде 500 адам құлшылық етуіне мүмкіндік бар. Мешіт Кеңес Үкіметінің тұсында тігін цехы, кинотеатр,

мектеп-интернат ретінде де пайдаланылыпты.

Ал қала орталығындағы шіркеу ғимараты 1863 жылы салынған. Ең алғаш бұл нысан сабан мен кірпіштен өрілген. Кейіннен 1890 жылы Есаков деген сәулетшінің жобасымен кеңейтіп салу жұмыстары басталып, 5 жылда күйдірілген сары кірпіштен қайта тұрғызылады. Оған 35 мың рубль жұмсалыпты.

Биіктігі 18 метр болатын шіркеуде алғашында 9 қоңырау болған. Оның ең үлкенінің салмағы 136 пұт, яғни 2 тоннадан асқан көрінеді. Кейіннен қоңырауларды большевиктер балкыту үшін алып кеткен деген дерек бар. Содан бүгінде 1 қоңырау ғана сақталып тұр. Тарихшылар бұл шіркеудің 1930 жылы депортацияланғандарға арналған жатақхана, музей болғанын да ала тартады.

Қаладағы көрікті орынның тағы бірі — қазіргі көркемсурет галереясы орналасқан облыстық әскери комиссариат ғимаратының да тарихи тереңде жатыр. Бұл нысан XIX ғасырдың аяғында, яғни 1896 жылы Орынбор әскери-губернаторлығының тапсырысымен әскери казарма ретінде бой түзепті. Себебі сол уақытта дария жағасының әскерилер үшін стратегиялық маңызы зор болғаны байқалады.

Ғимарат сол кездегі сәулет өнерінің әсем үлгісі негізінде салынған. Оның ұзындығы — 32, ені 12,8 метрді құрайды. Бергің келе нысанның аумағы қоршалып, ішкі, сыртқы қабырғалары қалпына келтірілді. Төбе жабындысы ауыстырылды.



Сол сияқты бір кездері Қызылорда қаласында төрт класты қазақ жастарын аудармашылық даярлайтын түземдік мектеп болғанын жергілікті жұртшылық жақсы біледі. 1990 жылы жаппай жекешелендіру салдарынан сауда үйіне айналған ғимарат қаланың құрылу кезіндегі ең алғашқы сәулет өнерінің үлгісі болып табылады.

Дерекке сәйкес, бұл ғимараттың іргесі 1878 жылы инженер, генерал Брюноның жобасы негізінде қаланыпты. Жергілікті маңызы бар тарихи ғимарат бір қабаттан тұрады. Нысан күйдірілген қыш кірпіштен салынған. Ең алғаш «Қыздар приход училищесі» болып ашылып, кейіннен «Перовск орыс-қазақ училищесі» болып жұмыс істепті. Ал Қызылорда астана болған 1925-1929 жылдары республикадағы ең алғаш баспахана жұмысы осы ғимаратта бастау алыпты. Тағы бір дерекке сәйкес, аталмыш училищесіде Мұстафа Шоқай мен Сералы Лапиннің оқығаны айтылады. Бүгінде ғимарат алдына арнайы түркі әлемінің көсемі оқығаны жайында тақта да орнатылған.

«Негізінен бізге жеткен тарихи нысандар қаланың оңтүстік бөлігінде тұрғызылған. Жалпы, Ақмешіт бекінісін орыстар басып алғаннан кейін осындай ғимараттар бой көтерген. Өңірде ілгеріде салынған ғимараттардың көпшілігі жойылып кетті. Бұл жайында 1866-1872 жылдары Түркістан экспедициясын басқарған Кауфманның жазбаларынан көруге болады. Тарихқа терең бойласақ, 1853 жылы 1-ші Николай патшаның бұйрығымен Қызылорда қаласы, яғни бұрынғы Ақмешіт бекінісі Перовск форты болып өзгергені айтылады. Сол уақытта казармалар, әскерилер мен коменданттың үйлері бой түзгені экспедиция материалдарында жазылған. Алайда мұндай

орындардың көпшілігі осы күнге дейін сақталмаған. Тек санаулы ғимараттар ғана бізге жетіп отыр. Мұның басым көбі XIX ғасырдың аяғында бой түзген», — дейді облыстық музейдің ғалым-хатшысы Асхат Сайлау.

Негізінен бұған дейін бұзылып кеткен ғимараттардың қатарында тарихи маңызы зор нысандар аз емес. Өткенімізден сыр тартатын сондай ғимараттарды сақтап қалуды ешбір жанның қаперге алмағаны қынжылтады.

Тарихшылар Алаш ардақтарының табына тиген қасиетті орындар ешқашан да құндылығын жоғалтпауға тиіс деп есептейді. Сондықтан әлі де сақталып тұрған тарихи орындарды көздің қарашығындай қастерлеп ұстауға тиіспіз дегенді алға тартады.

«Бір өкініштісі, өткен жылдың 90-шы жылдары Қазақ АКСР-ның Үкімет үйі болған ғимарат бұзылып кетті. Сөйтіп, оның орнына Қорқыттың — 1300 жылдығына орай арнайы ескерткіш тұрғызылған тұрғылықты халық жақсы біледі. Негізінен аталмыш нысан Қызылорда қаласы ғана емес, ел тарихы үшін өте құнды ғимарат болып есептелетін еді. Сондай-ақ, 1925-1929 жылдары шамасында Алаш қайраткерлері Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұновтар тұрған үйлерді де зерттеп көрдік. Алайда ұлт зиялылары тұрған аумақтан ешқандай тарихи дерек табылмады. Себебі сол кездегі үйлер мен ғимараттар түгелдей бұзылып кеткен. Негізі алаштанушылардың мәліметіне сәйкес, 1925 жылы Қызылорда Астана болған кезінде қаланың бас жос-

парын ең алғаш алаш қайраткерлері Асфандияр Кенжин мен Мұханбетжан Тынышбаев жасаған екен. Нақты айтқанда Қызылорда қаласының алғашқы бас жоспарын қос бірдей ұлт жанашырлары әзірлеген. Қазіргі уақыттағы қала ортасынан өтетін Сарқырама каналының негізгі сызбасы осы қос тұлғаның жемісті жұмысының нәтижесі деп айтуға болады. Сондықтан Сыр өңіріндегі әрбір сәулет өнерінің тарихи тереңге бойлайды», — деп ойын толықтырды музейдің ғалым-хатшысы.

Ғалымның айтуынша, Қызылорда қазақтың өзі салған алғашқы астанасы болып табылады. Бүгінде ілгеріде салынған ғимараттардың осы кезге дейін сақталғандары тарихи және мәдени ескерткіштер болып саналады. Яғни, тарихи нысандар мемлекеттің қорғауына алынған. Сондықтан бұл нысандарды бұзбай, еш өзгерістен сақтап қалу қажет деп есептейді. Сондай-ақ, алдағы уақытта Алаш қайраткерлері тұрған үйлердің орнына арнайы белгі коюды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Жалпы сұлу Сырдың жағасына қоныстанған Қызылорда шаһарының таутасы тұнған тарих. Алайда қолда барды қадірлей алмай, көптеген тарихи, құнды ескерткіштерді құрдымға жіберіп алғанымыз көңілге кіркін уялатады.

Биылғы қос тойы қабат келген Сыр өңірінде әлі де қамқорлықты қажет ететін құнды, тарихи орындар аз емес. Ендігі жерде сондай нысандарды көздің қарашығындай сақтап, өткен тарихымызды өскелең ұрпақтың жадында жаңғырта білсек нұр үстіне нұр болар еді.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ЖАЛҒЫЗ ОҚУШЫСЫ БАР МЕКТЕП жабылғалы тұр

Нанотехнология, өркениетті елдерден үлгі алу, ғылымды дамыту деп әдемі әңгіме айтып жүргенімізде, еліміздің бір түкпірінде бір ғана оқушы оқитын мектептің мәселесі дау болып жатыр. Атырау облысының Қызылқоға ауданына қарасты Кенбай ауылындағы мектеп түбегейлі жабылуы мүмкін. Бар-жоғы төрт жылдық бастауыш мектепте қазір бір ғана бала бар. Шағын топ пен даярлық сыныбында бар-жоғы 4 бала ғана. Сол себепті, жергілікті билік мектепті жақпаң тиімді деп отыр.



Оған ауыл көндігер емес. «Мектеп жабылса, ауылымыз бір-жолға құриды» дейді ауыл тұрғындары.

«Бұл мектеп — ауылымыздағы жалғыз өркениет ошағы. Сондықтан біз мектептің жабылуына қарсымыз. Шағын топқа болса да, мектеп қызмет етуі тиіс. Екінші талабымыз — ауылға газ тартылуы керек. Мұнайлы мекен Атырау өлкесінде тұрсақ та, 21-ғасырда от жағып жүргеніміз жарамайды», — дейді Кенбай ауылының тұрғыны Еділ Темірболатов.

Кенбай ауылындағы Тасым Жанұзақов атындағы мектеп осыдан 37 жыл бұрын салынған. Тұрпаты мектептен гөрі сарайға көбірек ұқсайтын оқу ғимаратында кітапхана, спорт зал, акт залы, асхана сияқты мектепте болуы тиіс ең маңызды кабинеттер жоқ. Өркениет белгісінен компьютер мен интернет қана бар. Оның өзі істен шығып қалса, манды сонау Сағыз ауылынан шақыртылады.

Қызылқоға аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлфайрус Әнжанованың айтуынша, бұған дейін төртінші сыныпты бітірген балалар сол Қызылқоға ауданына қарасты Мұқыр, Сағыз ауылдарындағы мектептерге орналас-тырылып келген.

«Ол мектептерге алыс ауылдан келген балаларға арналған интернат бар. Кенбай ауылында 1989 жылы жұмысын бастаған Тасым Жанұзақов атындағы бастауыш мектебінде қазіргі таңда білім алушылардың жалпы саны 4-еу. Оның ішінде шағын орталықта — 3 бала, мектепалды даярлық сыныбында — 1 бала бар. Мектепте 12 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде алтау педагогтер де, қалғаны — техникалық қызметкерлер», — дейді Қызылқоға аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлфайрус Әнжанова.

Атырау облыстық білім беру басқармасының пайымынша, бұл мектепті ұстап тұру — бюджетке шығын.

«Бұл жерде мәселе қаржыға тіреліп тұр. Бір бала үшін қызметкерлердің бәрін ұстап тұру қиынға соғып отыр. Сол себепті қысқарту жасауды ойластырып отырмыз. Бөлім басшыларымен тағы да

сөйлесеміз. Халықтың пікірін ескереміз», — делі Атырау облыстық Білім басқармасы басшысының орынбасары Орынтай Биманова. Ауыл халқы үшін өркениетпен байланыстырушы жалғыз орынның қызметін атқарып отырған мектептің тағдыры қалай шешілері белгісіз. Дегенмен, Қызылқоға аудандық әкімдігінен Кенбай ауылына газ тартылу жоспарланып отырғанын анықтадық.

«Қызылқоға ауданы бойынша 6 ауылдық елді мекен бар. Шағын топ пен даярлық сыныбында бар-жоғы 4 бала ғана. Сол себепті, жергілікті билік мектепті жақпаң тиімді деп отыр.

Жүзге жуық адам тұратын ауылда негізгі күнкөріс көзі — қолдағы азын-шоғын мал. Шалғайда орналасқандықтан, бұл ауылға сырттан кісі келе бермейді. Тіпті, кезінде әлемді дүрліктірген пандемия уақытында да бұл ауылда коронавирус ауруы тіркелмеген екен. Соның нәтижесінде Кенбай ауылындағы мектеп пандемия кезінде штабтық режимде жұмыс істеген Атырау облысындағы санаулы мектептердің бірі болды.

Аядай ауылға сая болып отырған Кенбай ауылындағы Тасым Жанұзақов атындағы бастауыш мектептің тарихы әріде жатыр. Ол мектептің негізін Қызылқоға өңірі, Атырау облысына есімі жақсы таныс майдангер — ұстаз Тасым Жанұзақов қалаған. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Украина, Беларусь майдандарына қатысып, фашистерді Берлинге дейін тықсыра қуып, жеңіс туын Берлинге тіккен жау-жүрек жауынгерлердің бірі, зеңбірек командирі, артиллерия аға сержанты болған Тасым Жанұзақов III дәрежелі Данк орденімен, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін» және басқа да медальдармен наградталған.

Бейбіт заманда Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы Кенбай кентінде бастауыш мектеп ашқан. Сол кездегі «Ақшелек», «Алғабас», «Жанаталап» ұжымшарларының балаларын бір орталыққа шоғырландырып, 40 орындық интернаттың да жұмысын ұйымдастырған. «Қазақ жастары білім алып, көзі ашық болуы тиіс» деген идеямен кезінде ауыл малышыларының балаларын оқытып-тоқытқан майдангер-ұстаз, Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің озық қызметкері Тасым Жанұзақов атындағы бастауыш мектептің бүгінгідей қиын жағдайда тұрғаны алаңдатады.

«Біз бұл ауылдан көшпейміз. Малмен ғана күнелтіп отырған бізге мектеп керек. Өсіп келе жатқан балаларымызды тентіретіп басқа ауылға жібергіміз келмейді» деген ауыл тұрғындарының өтініші билік тарапынан тиімді шешім қабылдануына ықпал етеді деп сенеміз.

Баиян ЖАНҰЗАҚОВА



Студенттер

енді

«ДАЛАДА» ҚАЛМАЙДЫ

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жыл сайын студенттер саны артып барады. Ресми деректерге жүгінсек, биыл 172 мыңнан астам оқушы алтын ұя мектебімен қоштасқан. Осыған сәйкес мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар саны да өсіп келеді. Одан бөлек, жоғары оқу орындары мен ұйымдардан тағайындалатын ішкі гранттар тағы бар. Әр оқу жылында алып шаһарға ағылып келетін студенттердің «жыры» – жатақхана жетіспеушілігі. Білім саласында жиі көтерілетін бұл мәселенің түйіні әлі тарқаған жоқ. Жатақхана сұранысының артуына студенттер санының ұлғаюы да әсер етіп отыр.

Ал Алматы қаласында алғаш рет іске қосылған дағдарыс орталығы аталған мәселені оңтайлы шешуге көмектеседі. Ғылым және жоғары білім министрлігі өкілдерінің сөзінше, биыл студенттерге арналған дағдарыс орталығы үш мегаполисте ашылды. Астана мен Алматы қаласында орналасқан орталықтың сыйымдылығы 30 адамға лайықталса, Шымкентте 20 орынға арналған мекеме жұмыс істейді. Алматыдағы орталық Логистика және көлік академиясының ғимаратында орын тепкен. Министрлік өкілдері орталықты нәліктен қаладағы бұл оқу орнының ғимаратында ашқан себебін де түсіндірді. Олардың айтуынша, университетте студенттерге орын жеткілікті көрінеді. Білім алушылар үшін орын дефицит емес, керісінше профицит. Дағдарыс орталығында студент жатақханаға орналасқанша, 1-2 күн түнеп шыға алады. Тіпті, түнде ұшақтан, пойыздан енді ғана түскен, бірақ барар жері, басар тауы жоқ студенттерге де орын қарастырылады. Қысқасы, орталық студенттердің «далада» қалмауы үшін барын салады.

Студенттер жатақханаға орналасу үшін онлайн форматта өтініш жібере алады. Бір күн ішінде студентке жауап беріледі. Егер жатақхана жетпесе, жауапты мамандар оларды хостелдерге орналастырады. Биыл студенттердің қамы үшін әзірленген шаралар мұнымен шектелмек емес. «Оған қоса, әрбір жоғары оқу орнының жанынан ахуал орталығы да құрылды. Мұның барлығы үлкен қалаларға білім іздеп келген студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін жасалып жатыр», – дейді Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері. Ахуал орталығының байланыс нөмірлері оқу орындарының әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында көрсетілген. Студент өзі білім алатын университеттің алгоритміне сәйкес ахуал орталығынан ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Дағдарыс орталығын паналайтын студенттерге жатақхана тәртібі бойынша

қойылар талаптарда өзгешелік жоқ. Өзге жатақханалар секілді мұнда да есік 23.00-де жабылады. Осы уақыттан кейін жатақхана, хостел қызметкерлері студенттердің бөлмеде бар-жоғын тексеріп, тәртіпті қадағалайды. Ал жұмыс істейтін студенттер үшін жұмыс орнынан анықтама талап етіледі.

Алматылық белсенді студент Айсұлу Сызхан жатақхана мәселесі тауу арада толық шешімін таппаса да, жағдай оңтайланып жатқанына қуанады. Алайда



Елдар ҚАБА (қолжазба)

бұл тақырыпқа келгенде «әттеген-ай» дейтін оқиғалардың кездесетінін де жасырмайды.

– Былтыр «Қазақ әдебиеті» газетінен Асылан Қуанышұлының материалын оқып қалдым. Студенттер жатақханаға орналасқан. Өкінішке қарай, бірнеше күннен кейін басшылық шетелден келген студенттерді қамтамасыз етеміз деп қазақстандық студенттерді жатақханадан

бакка күнделікті барып-келуі ыңғайлы болу үшін Алматыдан хостелдер іздетіріп бастаған. Бағаларын көргеннен кейін шешімін өзгерткен Айсұлу мұндай баға студент қалтасы үшін ауырлық түсірмей ме деп алғандайды:

– Хостелдер кемі 30-40 мыңнан бастап әрі қарай өсе береді. Орташа бағада 40 мың теңгеге таба аласыз деп ойлаймын. Өйткені өзім де күзден бастап жа-

нысына беріледі. Оның ішінде жаңадан салынғаны немесе жөндеуден өткендері бар. Сонымен қатар мемлекет жыл соңына дейін 4 мыңға жуық студентті тұрақты баспанамен қуантпақ. Яғни, бірінші семестр аяқталғанша тағы 14 нысанның құрылысы аяқталып, студенттер игілігіне табысталады.

Алматы қаласы



Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Нұрсұлтан өзін басқа салада елестете алмайтынын айтады. Өйткені Нұрсұлтан үшін оның жұмысы – өмірінің мәні.

«Бала кезімнен қоғамға пайдалы болуды, адамдарға қызмет етуді армандадым. Бала арман мені бүгінгі құтқарушылық жолға әкелді», – дейді Нұрсұлтан.

Нұрсұлтан қазір 24 жаста. Қарапайым отбасында дүниеге келген. Үйінің кеңжесі. Қазір отбасын құрып, ата-анасымен бірге тұрып жатыр. Шағын отбасында екі ұлы өсіп келеді. Мұның барлығын тәтті шешіп айтып отырғанымыз, Нұрсұлтан отбасы туралы үлкен махаббатпен айтып берді. Себебі көп адамның өмірін құтқаруға себепкер болып, жұмысын үлкен махаббатпен атқаруына отбасындағы тәрбие себеп болған.

«1-сыныптан бастап, дзюдомен айналыстым. Сол себептен де болар, бала кезімнен айналымдағы достарым да, араласқан ортам да спортшылар болды. Колледж бітіргенге дейін дзюдоны тастамадым. Дзюдодан спорт шеберіне үміткер деген атағым да бар. Осылай жүргенімде қазіргі жұбайымды кездестіріп, 19 жасымда отбасын құрдым.

Әлі жасып, отбасының алдындағы жауапкершілік те бар. Сөйтіп, сүнгүірлікті тандадым. Кезінде Атырау қаласында Батыс өңірлік аэроқұтқару жасағы болды. Сол жерге барып, құтқарушылар туралы естідім. Еңбек жолымды

ҚУТҚАРУШЫ СҮНГҮІР ЖАУАПТЫ ІС

Нұрсұлтан Жұмағазиев – құтқарушы, сүнгүір. Ол бес жылдан бері Атырау қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының Жедел құтқару жасағының бас құтқарушысы болып еңбек етіп келеді.

«Амангелді» кооперативінде сүнгүір болып бастадым. Жұмысым өзіме қатты ұнай бастады. Кейін Төтенше жағдайлар департаментіне келдім.

Әрине, бастапқыда қиын болатын шығар деген қорқыныш болды. Себебі Жайықтың асты бұлыңғыр болатын. Бірақ күнделікті жаттығу әрі тәжірибенің арқасында жұмысыма үйреніп кеттім», – дейді Нұрсұлтан.

Көп сөзге жок болса да, биязылығымен өзіне баурап алатын кейіпкеріміз жұмыстағы әр күні тосын оқиғаға толы екенін айтты. Біз Нұрсұлтаннан есінде қалған ерекше бір оқиғаман бөлісуін сұрадық.

«2021 жыл болатын. Қателеспесем, желтоқсан айы болуы керек. Сағат танғы он шамасында диспетчер бір әйел адамның көпірден секіргенін хабарлады. Әйел адам Атырау қаласының «Тұрғындар» қалашығында орналасқан жаяу жүргіншілер көпірінен секіріп кеткен. Хабар түскеннен кейін 1-1,5 минут ішінде дереу жиналып, оқиға орнына бардық. Біз барған кезде полиция қызметкерлері де келіп жатыр екен. Дерекке сәйкес, әйел адамды құтқарып қалдық. Біз судан алып шыққан уақытта әйел адам ес-түссіз жатты. Оған дереу алғашқы көмек көрсеттік. Жағаға шығарып, жедел жәрдем шақырып, өмірін аман алып қалдық. Кейін білгеніміздей, әйел адамның аяғы ауыр болған. Және ол кісіде бәрі жақсы екенін естідік. Ішіндегі шараның өміріне де қауіп төнбеген екен. Осы бір керемет жаңалық кәдімгідей қуантып тастады», – деді Нұрсұлтан.

Бір емес, екі адамның өмірін сақтап қалғаны үшін сүнгүір-құтқарушы Нұрсұлтан Жұмағазиев пен жедел кезекші Аслан-



бек Құмаров екеуіне Президент бұйрығымен «Ерлігі үшін» медалі берілген.

«Құтқарушылық жұмысты бастаған алғашқы уақытта ата-анам аландап, жанын шүберекке түйіп отыратын. Бірақ біздің жұмысымызда күн сайын тәжірибе жинақтау өте маңызды. Кейде суға кеткен адамдарды тереннен іздеп жатамыз. Мұндайда өзен-көлдің астына жиналған түрлі қалдық та кедергі болады. Оның барлығына ептілік керек. Күнделікті жұмыс оның бәріне үйретеді», – дейді Нұрсұлтан.

Өкінішке қарай, суға кеткен адамның бәрін бірдей құтқарып қалған бақытты оқиғалар жиі бола бермейді. Ашы да болса шыныдық, көп жағдайда құтқарушылар суға батып кеткен марқұмның денесін іздеуге көп уақыт жоғалтып жатады.

«Егер суға батқан адамның денесін алғашқы сағаттарда таба алмасақ, мәйіт араға 3-4 күн салып, су бетіне қалқып шығып жатады. Күн суық мезгілде дененің су бетіне шығуына, тіпті апталар мен айлар кетуі мүмкін», – дейді Нұрсұлтан.

Осыдан 10 жыл бұрын Жылыой ауданында қайғылы оқиға болды. Қараша айында Құлсары маңындағы Қамысқөл көліне қайықпен балық аулауға шыққан әкесі мен баласы суға батып кетті. Олардың денесі төрт ай бойы табылмады. Марқұмдардың денесі мұз ерігеннен кейін ғана табылды.

«Судың ластануы салдарынан су астында көру денгейі нөлге тен. Су түбінде көптеген темір, бетон плиталары, балық аулауға арналған ау сияқты қауіпті қалдықтар жатады. Осындай жағдайда денені табу үшін сүнгүірлер судың түбін қолымен «аршығандай» қарап шығады. Мұның бәрі ұзақ уақытты қажет етеді», – дейді Нұрсұлтан.

Біз Нұрсұлтаннан құтқару жұмысына бара жатқан кезде қандай ойда болатынын сұрадық.

«Хабар алған уақытта «адам өмірін құтқарып қалсақ екен» деген ой болады. Және берілген ақпаратты сараптап, адамды қандай тактикамен құтқара алатынымды ойлап, іштей жоспар құра бастаймын.



Ал суға түсіп жатқан кезде отбасыммен аман-есен қауышсам екен деген ниет болады», – дейді Нұрсұлтан.

«Сүнгүірдің жұмысы уақытты, мезгілді тандамайды. Танертен немесе кеш, қыс немесе жаз деген анықтамалар біз үшін жоқ. Қай уақытта суға түсеміз. Біздің жұмыс уақытымыз сағатпен өлшенбейді. Және су қателікті кешірмейді. Сондықтан сүнгүір ең керекті – стратегия», – дейді Нұрсұлтан.

Құтқарушы-сүнгүірдің айтуынша, физикалық дене дайындығы және психологиялық тұрғыда мықтылық, стресске төзімділік қасиеттердің болуы да шешуші рөл атқарады. Себебі сүнгүірлер көп жағдайда өз өмірін қауіпке тігіп жатады.

Жоғарыда біз Нұрсұлтаннан алғашқы асықтай екі ұлы өсіп келе жатқанын айттық. Үлкен ұлы Темірлан 5 жаста, кенжесі Юсуф 2 жаста. Нұрсұлтаннан біз балалары өсе жолын қуғысы келсе, не айтатынын сұрадық.

«Өзім құтқару саласында жүргеннен кейін бұл жұмыстың оңай емес екенін білемін. Біздің әр күніміз сынақтан тұрады. Бірақ балаларымның бұл салаға келгенін қаламас едім. Ал егер олардың жүрек қалауы осы сала болса, онда қолдауға дайынмын. Білгенімді үйретіп, тәжірибеммен бөлісемін», – деді Нұрсұлтан.

Бір сәт елестетіп көріңізші...

Әлемде тосын жағдай болып, сіз бүгінгі өркениет тудырған ешбір техникасыз, байланыссыз, құрал-жабдықсыз қалдыңыз. Мұндай жағдайға дайынсыз ба? Біз тіпті жай ғана электр жарығы сөніп қалған жағдайға дайын болмай қалып жатамыз. Ондайда май шем іздеп, ұялы телефонымызды көбірек қуаттап алмағанымызға өкініп, өнді тамақты қалай жылытатынымызды ойлап әбгерге түсіп жатамыз. Ал қарапайым ғана күнделікті тұтынатын кез келген өнімнің дүкендерде таусылатыны туралы хабар естісек ше? Онда дереу дүкенге сабыла бастаймыз. Міне, осындай қарапайым жағдайлардан бастап үлкен қауіпті тосын құбылыстарға дейін ерте бастан, дайындалушылар туралы, тіпті ақырзаман орнай қалса, қалайда аман қалудың жолын ерте қарастырған адамдар туралы естігеніңіз бар ма? Мұндай адамдар тобын ғылыми тілде – сурвивалистер деп атайды.



АҚЫРЗАМАНҒА ДАЙЫНДЫҚ

АҚЫМАҚТЫҚ ПА?

Наурызбек САРША

Голливудтық фильмдерді тамашалап отырсаңыз, онда тосыннан болған апаттарда алдын ала дайындалған бункерлерге дереу түсіп, жараланғандарға сондағы дәрі-дәрмек қобдишаларынан алғашқы көмек көрсетіп жатқанын көресіз. Сол өздері дайындаған бункерлерде құтқару қызметтеріне рация арқылы байланысқа шығып, көмектерін сонда күтіп отырады. Бұл тек фильм ғой дерсіз... Ендеше қателестіңіз.

Соңғы уақыттары әлемде көптеген ірі өзгеріс болып жатыр. Пандемия, экономикалық дағдарыс, табиғи апаттар, Үшінші дүниежүзілік соғыс қаупі, техногендік апат, ядролық апат қаупі, халық ішіндегі толқулар... Міне, осының барлығы адамзатты еріксіз үрей құшағына тартады. Тіпті, «ақырзаман таяу» деп ойлайтын адамзаттың бір тобы бар. Осындай тосын қауіптерге ерте бастан дайындалып, аман қалудың жолын іздейтіндер өткен ғасырдың өзінде-ақ пайда болған екен.

СУРВИВАЛИЗМ ҰҒЫМЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Сурвивализм мәдениеті АҚШ-та 1950 жылдары Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін және Корея мен Вьетнамдағы қысқартылған кезінде пайда болған деп есептеледі. Жағдайдың ушығуынан үрейленген адамдар дабыл қағып, тосын жағдайларға тиісінше дайын болуды мақсат тұтты.

1973 жылы Америка мұнай дағдарысын бастан өткерді, ал бір жылдан кейін америкалық Ховард Рафф «Америкадағы аштық және аман қалу» кітабын басып шығарды. Ал 1977 жылы тағы бір америкалық жазушы Курт Саксон «Тірі қалған» бюллетенін шығарды, онда ол алғаш рет «сурвивалист» терминін қолданады. Өзі жазған материалда Курт Саксон америкалықтарды ірі қалаларды тастап, жақындарын қауіпсіз жерге апаруға шақырды.

1980 жылдардан бастап сурвивализмдік идея үлкен индустрияға айналды. Жаңа ұғым бойынша тақырыптық мерзімді басылымдар, көрмелер, қауымдас-тықтар және осы қозғалысқа арналған арнайы өнімдер пайда бола бастады.

Сондай-ақ осындай өмір сүру культін қолдайтын топтар да құрылды.

Мәдениеттанушылардың пікірінше, осы уақытта сурвивалистер феномені заманауи медиа мәдениеттің өніміне айналды. Сондай-ақ бұл құбылыс телевизиялық реалисти-шоулармен толығы бастады. «Қалай болса да, аман қал», «Одан да жаман болуы мүмкін емес» деген сияқты шоулар көрермендерге жол тартты. Кино мен әдебиетте де бұл ұғым кеңінен қолданылып, түрлі анти-утопиялық шығарма пайда болды. Кейіннен интернет сайттарында, әлеуметтік желілердегі қауымдас-тықтар мен жеке блогтарда бұл ұғым кең насихаттала бастады.

Бүгінде мұндай топтың өкілдері барлық мемлекетте кездеседі. Ал Америка Құрама Штаттарында ондай топтар тіптен көп десек болады. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, Американың ересек тұрғындарының 72%-ы (шамамен 185 миллион адам) ақырзаманға қандай да бір түрде дайындалғаны айтылады.

СУРВИВАЛИСТІК ТОПТАР ДЕГЕНІМІЗ КІМДЕР?

Сурвивалистер – қиын жағдайларда аман қалуға дайындалатын субмәдениеттің өкілдері. Бұл субмәдениеттің жақтаушылары табиғи апат, экономикалық дағдарыс, эпидемия, ядролық соғыс немесе зомби апокалипсисі сияқты ықтимал сценарийлерге дайындалуға тырысады. Тірі қалған балық аулауды, ан атуды және от жағуды, баспана салуды, тіс дәрігерінің көмегінен тистерді қалай түзетуді, тіпті шөп сорпасын жасауды біледі. Сондай-ақ мұндай адамдарда арнайы чемодан бар. Ол – ақырзаман кенеттен келген жағдайда алдымен пайдалы болатын заттардың арнайы жиынтығы. Ол чемодан арқылы сіз кез келген апаттық жағдайда бірнеше күнге өміріңізді ұзартуға мүмкіндік аласыз.

Сурвивалистік мәдениет өкілдері «әлеуметтік дағдарыс болмай қоймайды және мемлекет одан қорғай алмайды» деген сенімге бекіген жандар. Сондықтан адамдар өз бетінше өмір сүруге немесе топтарға бірігуге мәжбүр болады.

Қалың, іесіз ормандарда аман қалуға тырысатын, сондықтан тиісті дағдыларды меңгеруге үйрететін арнайы топтар бар. Олар әр кезеңде ормандарға



бірігіп шығып, бүгінгі өркениеттік ешбір техникасыз іесіз орманда қалай өмір сүруді, қалай тамақ дайындауды, қалай аң аулауды үйретеді. Тіпті, қар мен жанбырдан қорғанытын баспаналарды қалай салудың жолын да бірге қарастырады. Тренингтерде аумақты бағдарлау, алғашқы медициналық көмек көрсету, өрт сөндіру сынды сабақтар өткізіледі. Мұндай топтар, көрші Ресей мемлекетінде де көптеп саналады.

Сурвивализмдегі ең кең таралған тәжірибелердің бірі – азық-түлік пен ең қажетті тауарларды, оның ішінде дәрі-дәрмектерді, консервілерді, өртке қарсы ыдыстарды, арқандарды және өзге де құрал-жабдықтарды жинақтау.

Ақырзаманға үнемі дайындалу идеясын адамдар әртүрлі сипатта бағалайды. Кейбірі мұны үнемі үрейде өмір сүру деп біліп, ақымақтық санайды. Ал кейбірі мұны жай ғана хобби ретінде санап, тосын жағдайларға дайын болудың ешқандай әбестігі жоғын айтады. Олардың ойынша, бұл хобби жаяу серуендеу, табиғатта өмір сүру арқылы төзімділікті, шығармашылықты дамытады.

Мәселен, 2020 жылы басталған бүкіләлемдік пандемия кезінде осы сурвивалистер ұтты десек болады. Олар мұндай апаттарға алдын ала дайын болды. Қорларында қажетті дәрі-дәрмектер мен вирустан қорғанытын маскалар да табылды. Дәл сол мезетте дүкендерде азық-түлік қымбаттап, дәрілер тапшы бола бастаған кезең болатын. Мұндай жағдайлар сурвивалистер қатарын одан әрі көбейте түсті.

ЕССІЗ ҚОРҚАҚТЫҚ ПА ӘЛДЕ САҚТЫҚ ПА?

2010 жылы Тараз қаласында оқып жүрген студент кезімізде бір оқиғаға куә болдық. Қырғыз еліндегі «Киров» су қоймасы жарылып, «Тараз қаласы су астында қалады» деген үрейлі ақпарат тарап, көне шаһардың тұрғындарын біраз әбгерге салған еді. Дүрліккен жұрт түн жарымда үйлерінен безіп, тау-тасты жағалап кеткен-ді. Елімізде осындай жағдайлар дүркін-дүркін бас көтеріп қалады. Мәселен, 2019 жылы Шымкент қаласынан 97 шақырым жердегі Арыс қаласында орналасқан әскери бөлімінің қоймасында өрт шығып, оның соңы

жарылысқа ұласқан еді. Жарылыс тұтас елімізді аяғынан тік тұрғызып, қырық мыңнан аса қала тұрғыны баспаналарын тастап, басқа өңірлерді бас сауғалауға тура келді. Ал 2021 жылы 26 тамызда Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы әскери бөлімде қоймалардың бірінің жанында өрт шығып, онда да жақын маңдағы елді мекен тұрғындары үdere көшіп, бас сауғалады. Тіпті, кейбір өңірлерде таудағы қардың сруінен немесе үдіксіз жауыннан сутасқындары болып жатады. Кейбір өңірлерде өрт шығады. Елімізде төтенше жағдай жарияланған алғашқы кезеңдерде «дүкендерде азық-түлік қоры таусылады» деген ақпараттың өрбіп кететіні бар. Сондай кезде азық-түліксіз қалуға қорыққан, сабылған ел бір күнде сауда нысандарының сөресін «тазалап» тастайтыны туралы ақпараттар жиі тарайды. Мәселен, 2012 жылы әлемде ақырзаман орнайды деген түсінік пайда болып, біршама ел үрейге бой алдырғаны жасырын емес. Майя күнтізбесі бойынша ақырзаман желтоқсан айының 21-ші жұлдызында деп көрсетіледі. Ал елімізде қараша айының соңында жергілікті ақпарат құралдары елде үн, тұз, сірінке сияқты тауарларға сұраныс күрт өскенін хабарлап, кейбір Қазақстан тұрғындарының «ақырзаманға дайындала» бастағанын жазған болатын. Осындай деректерге сүйенсек, біз тек жағдай тым күрделенгенде ғана әрекет ететінімізді көрсетсе керек.

ТҮЙІН:

Ақырзаман тақырыбының қозғалуына бірнеше болжам түрткі болған еді. Солардың ішіндегі ең негізгісі – жоғарыда айтқан Майя күнтізбесі. Майя күнтізбесі Мексиканың Табаско штатындағы Тортугеро қаласынан 1958 жылы табылған. Майялардың күнтізбесіне сәйкес, біздің жыл санауымызға дейінгі 3114 жылы (неліктен дәл осы сәттен басталуының нақты себебі белгісіз) басталған жаңа дәуір 5126 жылы, яғни қазіргі күнтізбемен айтқанда, 2012 жылы желтоқсанның 21-і күні аяқталады. Америкалық зерттеуші Раймонд Хандли өзінің «2012 жылы ақырзаман бола ма?» атты еңбегінде «майялардың күнтізбесі бойынша ақырзаман 2012 жылы 21 желтоқсанда болады» деген тұжырымды ең алғаш америкалық антрополог Роберт Шарер жасағанын жазады. Шарердің тұжырымын бірнеше автор қайталағаннан кейін бұл болжам көпке тарала бастаған. Ал бұл болжамды одан әрі танымал етіп, кітап жазған америкалық антрополог Майкл Коу «Майя мәдениеті мен қолжазбасын жақсы зерттегені үшін» Гватемаланың жоғарғы құрметіне ие болған. Оның үстіне, Майя күнтізбесін арқау етіп, Голливуд түсірген «2012» фильмі отқа май құйғандай есер етті. Мұндай ақырзаман болады деген болжамдар тек 2012 жылмен шектелмеген. 2014, 2018, 2019 тіпті 2036 жылдан ары деп көрсетілген бірнеше дерек те кездеседі. Бұдан адамзат баласы қанша зерттеп бүкіл өмірін сол жолда сарп етсе де, ақырзаманның қай күні екенін дәл айта алмайтынына көз жеткіземіз. Дегенмен ақырзаман орнамаса да, табиғи және өзге де апаттарға алдын ала дайын болғаның еш әбестігі жоқ секілді. Сіз қалай ойлайсыз?





АБЫРОЙ БИГІНДЕГІ АЗАМАТ

Тәуелсіз еліміздің мұнай-газ саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ардақты азаматтың бірі – Анатолий Орынғалиевті Тегісбаев деп нық сеніммен айта аламыз.

Ол 1975 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірген. Содан бергі саналы ғұмырын мұнай-газ саласына арнап келе жатқан Анатолий Орынғалиевтің өнегелі өмірі келешек мұнайшы жастар үшін үлгі боларлықтай. Кешегі «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігіне қарасты «Маңғышлақ газ өндіру басқармасында» МГӨБ газ өндіру және тасымалдау бөлімшесінің шебері болып еңбек жолын бастаған Анатолий Тегісбаев еңбек ете жүріп, өлден төселді. Газ өндіру және комплексті дайындау қондырғысы операторы, ауысым бастығы, газ конденсат өндіру цехының аға инженері, цех бастығы, «орталық инженерлік-технологиялық қызметі» басшысының орынбасары, МГӨБ өндірістік бөлімінің басшысы сынды өндірістің барлық сатыларынан табысты өтіп, жоғары басшылықтың сенімінен шыға білді. Мұнымен қоса, мол тәжірибе жинақтап үлгерді. 1987 жылы МГӨБ бастығының бірінші орынбасары – бас инженері болып бекітілді. Бас-аяғы 12 жылдың ішінде өндірістің ең ірі мұнай-газ өндірісімен айналысатын алпауыт мекеме басшысының біріне айналды – айтуға ғана оңай шаруа болатын. Осынау биік нәтижеде Анатолий Орынғалиевтің мол теориялық білімін өндірісте тиімді қолдана білгендігімен қатар, жауапкершілік жүгін сескенбей көтере білетін батылдығымен де іштей қабысып жатқан болатын. Бұдан бөлек, Анатолий Тегісбаевтың мыңдаған адам еңбек ететін ұжыммен тез арада тіл табысып, қатардағы жұмысшының мұн-мұқтажын шынайы сезінетін адами қасиеті де көрінеді. Табысты еңбегінің нәтижесінде ол 1990 жылы МГӨБ бастығы болып тағайындалды. Көп уақытты қажет ететін өндірістік жауапты жұмыспен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсенді түрде қатынасты. Комсомол ұйымының хатшысы, кәсіподақ ұйымының төрағасы сынды қоғамдық қызметтерді атқара жүріп, еңбек адамының шынайы болмысына үнілді. Өзінің қызметтік міндетін адал атқару мақсатында ұжым мүшелерінің ауызыбіршілігін арттыру үшін қандай жұмыстарды дереу қолға алып, мерекелерді жоғары деңгейде атап өту үшін ұжым мүшелерінің отбасын қатыстырған жөн деген сынды сан-салалы міндеттерді оң шешу үшін алғашында комсомол ұйымының хатшысы, кейіннен кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде уақытпен санаспай, шапқылдап жүретін. Ол тірнектеп жиналатын абырой мен беделге тек жоғары лауазымды басшы ретінде ғана емес, қарапайым жұмысшының шынайы жанашыры ретінде қол жеткізді. Анатолий Тегісбаевтың аты аталса, күні бүгінге дейін кешегі кол астында жұмыс жасаған азаматтардың тұра қалып амандасатынынның сыры осында жатса керек-ті.

Анатолий Тегісбаевтың тікелей басшылығымен Маңғышлақ газоконденсат кен-орындарындағы табиғи газдар мен газ конденсаттарын өндіру, тасымалдау бағыттары бойынша ғылыми-техникалық жанашылдық әрдайым ескеріліп, жетістіктері өндіріске дер шағында енгізілді. Оның қатынасуымен Жетібай кен орнынан Қазақ газ өңдеу зауытына дейінгі маңызды магистральді газ құбыры уақытында пайдалануға берілді. Нәтижесінде, зауыт шикізатпен толықтай қамтамасыз етілді, сонымен қатар қоршаған ортаны зиян келтіру ісі тыйылып, экономикаға зор пайда келтірілді. Бұрын Жетібай кен орнында мұнаймен бірге өндірілетін ілеспе газ бар-

лық қондырғыларда далада лаулап жанып тұратын.

Отын және энергетика министрлігінің шешімімен 1992–1998 жылдары А.Тегісбаев «Қарашығанақгазпром» АҚ бас инженері, бірінші вице-президент және президенті қызметтерін абыроймен атқарды. Әлемдік масштабтағы ірі кен орны саналатын Қарашығанақтағы өткізген осынау кезең Анатолий Орынғалиевтің өмір жолынан ерекше орын алады. Кеңес Одағы тарап, ел бюджетінде қажетті қаражаттың болмауы сынды қолбайлаулар Қарашығанақ кен орнындағы ырғақты жұмысқа кері әсерін тигізді. Күкірт қышқылының молдығы мен жоғары пласт қысымының әсерінен газ өндіру жұмысы тіптен қиындады. Оның үстіне, аталған кен орында ондаған жыл жұмыс жасаған мамандардың Кеңес Одағының ыдырауына байланысты тарихи Отандарына кетуі де – күрделі мәселелердің біріне айналды. Апаттық жағдайлардың алдын алу үшін көршілес Ресейдің «Оренбурггазпром» мекемесінен бірлесіп білікті мамандарды қалдырып, Маңғыстау, Атырау мұнай өңірлерінен тәжірибелі мамандар шақырылып, өзара түсіністікте жұмыс ұйымдастырылды. Өндірісте ондаған жыл тәжірибесі бар Анатолий

компания басшылары өздерінің бастауында А.Тегісбаев сынды ірі тұлғаның тұрғанын біле ме екен?

2001–2004 жылдары Анатолий Орынғалиевтің «АВЕ» корпорациясы АҚ вице-президенті, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас директорының Амангелді жобасы бойынша және «ДМД Сервис» ЖШС бас директоры лауазымдарын абыроймен атқарды. 2004 жылы ол «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының газ жобалары бойынша орынбасары лауазымына бекітілді. Бұл кезең Анатолий Орынғалиевтің есімі еліміздің оңтүстік өңірін газбен тұрақты түрде қамтамасыз етіп отырған Амангелді жобасының тиімді түрде іске қосылуымен тығыз байланысты. Жамбыл облысы тұрғындарының сапалы, арзан газбен қамтамасыз еткен кен орны іске қосылған соң, көршілес Өзбекстаннан оңтүстік өңірді газбен қамтамасыз ету туралы келіссөздерді бастауға тиімді аргументтің пайда болғандығын атап өтуге тиістіміз. Бүгіндері А.Тегісбаевтың тікелей басшылық жауабымен бұрғылау, өндіру жұмыстарына

жана технология мен техниканы енгізудің әсерінен табиғи газды өндіру мен тасымалдаудың тәуліктік дебиті 1 миллион кубометрге дейін жеткізілді. Газ конденсатын қайта өңдеу мен факельді газды өңдеу, кен орнындағы экологиялық жағдайды жақсарту жұмыстары оң шешілді. Амангелді кен орны тобына кіретін Амангелді, Айрақты, Анабай кен орындарын барлау мен игеру жұмыстарына да сіңірген еңбегі ересен.

2012 жылы Қарашығанақ жобасының 10 пайыздық үлесін игеруші «Қазмұнайгаз Қарашығанақ» компаниясының аяқтан тұруына да Анатолий Орынғалиевтің сіңірген еңбегі қомақты. А.Тегісбаевтың аталған компанияға басшылық жасаған кезеңінде мекеме 48,3 млн тонна мұнай мен 80,27 млрд м3 газ өндірген. Ел қазынасына 13,16 млрд доллардан астам қаражат құйылған.

Анатолий Тегісбаев 2018–2021 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ оқбұдмені лауазымын атқарды. Ондаған жыл өндірістің өзегінде еңбек етіп, қарапайым жұмысшының мұн-мұқтажын жетік білетін Анатолий Орынғалиевтің оқбұдмені қызметі де еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-тұрмыстық шаруалардың он шешімін табуға тікелей атсалысты. Бірталай даулы шаруалардың алдын алуының нәтижесінде Ұлттық компанияның он имиджі өсе түсті. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ корпоративтік этика кодексінің қабылдануына басшылығымен қатысы бар да А.Тегісбаевтың тұруы – өлден зандылық.

«Мұнайгаз кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылтайшыларының бірі әрі бас директоры А.Тегісбаевтың бұл саладағы атқарған қызметі де қомақты. Қазақ мұнайшының 120 жылдығы мен қара шаңырақ «Ембімұнайгаз» компаниясының 100 жылдығы сынды мерейтойлық шаралардың жоғары деңгейде өтуіне – А.Тегісбаев басшылық жасап отырған бірлестік көп еңбек сіңірді. Мұнайлы өңірлердің барлығында бірлестіктің филиалдары құрылып, рухани-мәдени шаралар өткізіп, жас мұнайшылардың шынайы адамгершілік болмысын шыңдау жолында қыруар жұмыстар атқарып келеді. Ардагер-мұнайшылардың мерейтойларын өткізу, олар жөнінде танымдық қуаты мол еңбектер шығаруы сынды қаптаған жұмыстардың бәрін елгеру оңай шаруа емес.

«Еңбек еткен жерінде оң нәтиже көрсетіп, жақсы атыңды қалдыру – азаматқа сын. Шешілмейтін мәселелер болмайды, оны шеше алмайтын басшылар болады» деген ұстанымды басшылыққа алған Анатолий Орынғалиевтің бүгінде Энергетика министрлігінің ірі мұнайгаз жобалары бойынша жұмыс тобының мүшесі, «Қазақгаз» ҰК» АҚ Эксперттік Кеңесінің төрағасы әрі Директорлар Кеңесінің мүшесі ретінде аталған сала жұмысының жандануына бір кісідей үлес қосуда.

Мемлекет тарапынан еңбегі жоғары деңгейдегі марапаттармен атап өтілді. «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» Мемлекеттік және ведомстволық бірнеше медальдардың иегері. Ең бастысы – ол өзі жан-тәнімен қалаған әрі сол саланың ондаған жыл отымен кіріп, күлімен шығып келе жатқан абыройлы азамат. Осындай дәрежелерге жету отбасының, соның ішінде аяулы жары, өзімен бірге Қазақ политехникалық институтын бітіріп, ондаған жыл мұнайшы болып еңбек еткен Аяу Аманқұлықызының қолдауының арқасы екенін де білеміз. Балалары да әке жолын қуып, жоғарғы білім иеленіп, бүгіндері шетелдік мұнайгаз компанияларында үлгілі қызмет етуде.

Кенжебек ТҰМАНБАЙҰЛЫ

ЖҮРЕГІ ЖОМАРТ ЖАН



Қайырымдылық – қазақтың қанымен біте қайнасқан қасиет. «Қайырым қылсаң, қайырым көресің» дейді бабадан балаға жеткен өсиет. Сонау тар жол, тайғақ кешу нәубетті кезеңің өзінде қазақ халқы өзгені өзекке теппеді, бөтенді бауырына басып, барымен бөлісті. Міне, осы кеңдігіміз кейінгі ұрпаққа ұран болып жетіп, бүгінде мұқтаж жандарға аялы алақанның жылуын сездіріп жүрген жандар аз емес. Соның бірі – «Гаухартас» және «Инжу-Маржан» мейрамханаларының иесі, кәсіпкер, Жамбыл облыстық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Меруерт Лештаева. Жомарт жан бір өзі осы таңға дейін он үш отбасыны баспа-намен қамтыған.

Меруерт Каттабайқызы – жастайынан тағдырдың тауқыметін көріп өскен жан. Әкеден үш жасында айырылып, өмірдің соқпағына ертеден бой үйретеді. Туған топырағының дара тұлғасы Бауыржан Момышұлының өр қасиеті бойына дарыса керек, Меруерт өжет те, қайсар қыз болып өседі. Жесір ана жоқтан бар жасағанымен, кейіпкеріміз жұпаны ғұмыр кешкен. Бір күні тіпті Меруерттің анасы жүрек ауруына шалдығып, бірінші топтың мүддегі болып қалады. Өзі де бала кезінен аурушаң болып, дәрі-дәрмектің күшімен жүрген Меруертке бұл ауыр соққы болғаны анық. Содан бала жүрек болашақта дәрігер болармын деп армандаған екен. Алайда үйдің бар ауырталығы мойнына түсіп, Меруерт еңбекке ерте араласады. Қатарластары сияқты жоғары оқу орнына түсе алмай, дүкенде сатушы болып, мейрамханада салат әзірлеп, ақша табады. Осылайша, мейрамхананың асханасынан әкімшілік қызметшісі деңгейіне дейін жеткен Меруертке бір күні «неге өзім бір кафені жалға алып, осы кәсіппен айналыспаймын» деген ой келеді. Алғашқыда Шымкент қаласынан кәсібін бастағанымен, жұмысын жүргізе алмай, тығырыққа тіреледі. Алайда алған бетінен қайтпайтын өр мінезінің арқасында «Гаухартас» және «Инжу-Маржан» мейрамханаларын ашып, бизнесін дөңгелетіп әкетеді.

Меруерт – «оң қолының бергенін сол қолың көрсеміз» деген қағидатты ұстанатын кәсіпкер. Алайда өмірдің талай соқпағын көріп, тағдыр жазуына жығылмаған жанның жомарт жүрегі мен қайырымдылығы жайлы айтпай кетуге болмайды. Ол бүгінгі күнге дейін қоластында адал еңбек етіп келе жатқан 13 қызметкеріне баспана кілтін табыстаған. Одан бөлек, тұрмысы төмен отбасылардың балаларына қуаныш сыйлап, тойларын мейрамханасында тегін өткізіп берген.

– Бірде өзін Светлана деп таныстырған әйел хабарласты. Лана есімді кішкентай қызына туа сала «сал ауруы» деген диагноз қойылыпты. 12 жыл бойы баланы емдетіп табандарынан тозыпты. Дегенмен қуаныштысы, Лана сол аты жаман аурудан айыққан. Қызына әке-шешесі: «Сен өз аяғыңмен жүрсең, біз саған той жасап береміз», – деп уәде берген екен. Бала арманы төтті ғой, кішкентай Лана лимузин көлігін мініп көруді армандапты. Ал ата-анасында той жасайтындай, қымбат көлікті жалдайтындай мүмкіндігі қалмаған. Менің «Гаухартас» мейрамханамның ішіне көлікпен кіруге болады. Лананың арманын орындап, лимузин көлігінмен той төріне әкеліп, әрі сол тойды өзім тегін жасап бердім.

Дәл осы қыздың тағдырын қайталаған Ұлана деген кішкентай қыз апа-

сына: «Мен аяғымнан тұрсам, той жасандаршы» деген өтінішін айтқан екен. Әжесі маған келіп өтінген соң туғандықтарың шакырып, оған да тегін той жасап бердім. Өңгіменің реті келіп тұрғанда айта кетейін, мүмкіндігі шектеулі 13 баланы асырап-баққан Зулфия деген келіншек бар еді. Бір күні оның көлігі өртеніп кетіпті деп естідім. Содан дереу ол кісіге хабарласып, салоннан өздері қалаған көлігін сатып алып бердім. Қол астында жұмыс істеп жатқан аналарымызға да әр мерекеде алтыннан алқа тағып тұрамын. Алла амандығын берсе, желтоқсан айында біздің «Гаухартас» мейрамханасының жұмысын бастағанына 10 жыл толады. Осыған орай, 5 жұмысшыма тағы 5 баспана сыйлаймын деп жоспарлап отырмын, – дейді Меруерт.

Иә, барынмен бөлісіп, айналдағы адамдарға қуаныш сыйлау – үлкен сауапты іс. Меруерт Каттабайқызы коронавирусың індеті жайлаған кезде де қиын жағдайға тап болған жандарға алғашқылардың бірі болып қол ұшын созды.

– Алғашында өзім үш қой сойдырып сорпа, қуырдақ әзірлеп, ауруханаларда адам өміріне араша түсіп жатқан дәрігерлер мен тұрғын үйлерінен кесел шығып, үй қамағына алынған адамдарға тараттым. Кейін Іскер әйелдер қауымдастығы болып бұл жұмысты жалғастырдық. Әрі қарай бұл іс қоғамнан қолдау тапты. «Көп түкірсе – көл» дегендей, осылайша бір жарым ай кәрімінде 100-ден аса қойдың етін тараттым.

Жасыратыны жоқ, сол кезде көп кәсіпкердің қатарында мен де қатты қиындық көрдім. Тойлар тоқтап қалды. Ал қолымда жұмыс істейтін қызметшілердің бәріннің бала-шағасы бар. Жалдамалы пәтерде тұратынандары да аз емес. Сондай қиын күндерде астындағы қымбат көлігімізді сатып жіберіп, жұмысшыларымның айлығын уақытылы төлеп отырдым. Қара басыңды ғана ойласаң, алысқа бармайтының белгілі. Сондықтан мен қолдан келгенше ең бірінші қоластыңды қызметкерлердің жағдайын жасауға тырысамын, – дейді Меруерт.

Меруерт Каттабайқызы жас кәсіпкерлерге де білгенін үйретуге асық. Ол «Еңбек ете берген емес, есеп білген адам бай болады» деген өмірлік қағидатын өзгелерге әрдайым айтып отырады.

– Сіз маған «кәсіпкерлік деген не?» деп сұрақ қойсаңыз, мен еш ойланбастан «ақша табу» деп жауап берер едім. Мәселен, сіз 10 миллион теңгені 10 күнде шашып жіберуіңіз мүмкін. Сондай-ақ 50 мың теңгемнен-ақ елге мәлім бай атануыңыз ғажап емес. Расында, кәсіпке келген адамның жалғыз мақсаты – ақша табу. Ал ақша табу үшін есеп білгеніңіз жөн. Негізі, пайдалана білген адамға мемлекетімізде мүмкіндіктер мол. Егер үйде жатып бос ұрандамай еңбек етсеңіз, екі қолға бір күрек табылады. «Заманың қалай болса, бөркінді солай қисайт» дегендей, бүгінде кәсіптен бағы жанып, отбасын асырап отырған аналар аз емес. Елімізде еңбек етем деген адамға қашанда есік ашық. Тек, «нар тәуекелге» бел буып, мүмкіндікті мүлт жібермей пайдалану керек, – дейді кәсіпкер.

Иә, сөз жоқ, Меруерт Каттабайқызының еңбегі мен елге жасаған жақсылығы көпке үлгі. Әулиеата өңірінен осындай іскер әрі қамқор әйелдердің шығып жатқаны қуантады. Кейіпкеріміздің жүріп өткен өмір жолы мен ақыл-кәнесі жастарға жігер беріп, бағдарлам болады деген үміттеміз.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы



ГАЗДАНДЫРУ: биыл не істеледі?

■ Сыр өңірінде газдандыру жұмысы кезең-кезеңмен жүзеге асырылып келеді. Алғашында солтүстік аудандарды көгілдір отынға қосу бастамасы сәтті жүзеге асырылып, жұртшылық көмір жағудың тауқыметінен арылған болатын.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Ең алғаш 1995 жылы Құмкөл кентінің игеруге шетелдік инвесторлар тартыла бастады. Соның негізінде аталмыш компания кеніштерінде ілеспе газды пайдалануға қатысты бірқатар шара жүзеге асырылып, 2004 жылы «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру» жобасы бастау алды. Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 2014-2015 жылдары Тасбөгет кенті, Арал, Қазалы, Шиелі, Жанакорған аудандарының орталықтары газға қосылды. Артынша облыс орталығына жақын орналасқан Белкөл кенті мен Талсуат елді мекенінің халқы да көгілдір отынның игілігін көре бастады.

Сыр өңіріндегі серпінді жоба 2019-2020 жылдар аралығында Аралдағы Жақсыкылыш кенті, Шиелідегі Байсын және Қазалыдағы Ф.Мұратбаев елді мекені мен қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылында жалғасын тапты. Ал 2021 жылы облыс орталығымен іргелес қоныстанған Жосалы, Жалағаш және Теренөзек кенттерінің халқы көгілдір отынмен қамтылды. Сондай-ақ Шиелі ауданындағы Ш.Қошаманов пен Н.Бекежанов ауылдарына да газ құбыры тартылды.

Өткен жылдың өзінде өміршен жобалар өз деңгейінде жүзеге асырылды



«Жыл қорытындысымен облыс тұрғындарын газбен қамту көрсеткіші 72 пайызды құраса, ауыл халқының газға қол жеткізу деңгейі 42 пайызға жеткен. Жалпы, өңірдегі 4 қала 100 пайыз газдандырылса, 230 елді мекеннің 22 ауыл көгілдір отынға қол жеткізген. Биыл да мұндай жұмыстар жалғасын тауып жатыр», — деп мәлімдеді Қызылорда облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Олжас Исмаилов.

Бұл тұрғыда Қызылорда облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәлімдеуінше, өткен жылы 14 жобаны жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге қаралып, толығымен игеріліпті. Соның нәтижесінде 7 жоба ел игілігіне беріліпті.

«2022 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап Қармақшы ауданы Төретам кенті мен Ақай ауылы, Арал ауданы Сексеуіл кентін газдандыру «АГРС» орнату жобасы жүзеге асырылуда. Ал 2023 жылы 26 газбен жабдықтау жобаларын жүзеге асыруға 8,3 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде республикалық бюджеттен 7,3 млрд теңге, облыстық бюджеттен 1,1 млрд теңге қаралды. Бұл қаржыға 2022 жылы басталған 6 жоба жалғаса, 19 жаңа жобаның құрылысы басталады. Нәтижесінде, 2023 жылдың соңында 12 елді мекеннің, яғни Төретам, Ақай, Махамбетов, Абай, Досан, Қалжан ахун, Бірлік, Қыраш, Жайылма,

деп айтуға негіз бар. Былтыр өңірде 10 жоба қаржыландырылды. Оған қала аумағындағы Ж.Маханбетов пен Наурыз, Жанакорғандағы Бірлік пен Қыраш, Арал өңіріндегі Сексеуіл кенті, Қармақшы ауданындағы Төретам мен



Ақай ауылы, Қазалыдағы Басықара, Жалантөс Баһадүр және Қ.Пірімов елді мекендері, Шиелідегі М.Шоқай ауылындағы газ тарату стансасын салу жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде, 589 шақырым газ құбыры тартылып, игілігін ел көре бастады».

Құттықожа, Шалқия, Кейден ауылдарының газдандыру жобасы аяқталып, 40 мыңға жуық тұрғын табиғи газдың игілігін көретін болады», — деп түсіндірді бұл жайында Олжас Қаласұлы.

Басқарманың мәліметіне сәйкес, 2024-2026 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыруда 18 жобаның құрылысын қаржыландыру жоспарланып отыр. Оған қажетті 10,2 млрд теңгеге бюджеттік өтім де ұсынылған. Басқарма тарапынан осылай деп мәлімдеп отыр. Бұған қоса, 2024 жылға қосымша 2 жобаның құрылысын қаржыландыруға 0,9 млрд теңгеге бюджеттік өтім тапсырылған.

Нәтижесінде, алдағы уақытта тағы 20 жобаның құрылысы қарқын алады деп күтілуде. Бұл жобаларды қаржыландыруға тиісті министрлікке 11,1 млрд теңгеге бюджеттік өтім жолданған.

Қызылорда облысы

КЕЛІСІМШАРТТЫ КЕРЕК ҚЫЛМАҒАН

Басынан бұлт кетпеген «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қарсы тағы да бір кәсіпорын дау тудырды. Өйткені олар қарағандылық «Майқұдық ҚК «СҮ»-ге 2 млрд 610 млн теңге қарыз. Нәтижесінде, фабриканың қызметі тоқтап, 200-ге жуық адам жұмыссыз қалды.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

Айта кету керек, «Майқұдық ҚК «СҮ» — 2022 жылы өңір бойынша «Сенімді салық төлеуші» және «Сенімді өндіруші» номинациялары бойынша үздік деп танылған компания. Компания құрылымында жер қойнауын пайдаланушы өзге де кәсіпкерлік субъектілері бар.

2022 жылғы 17 тамызда «Майқұдық ҚК «СҮ» ЖШС мен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ арасында №4600025567 келісімшарт жасалған. 2022-23 жылдары «KAZ Феррит» ЖШС өндірілген көмір концентратын «Арселорға» осы келісімшарт шеңберінде жөнелтіп отырды. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ тарапынан концентраттың сапасы, жеткізу мерзімі немесе шарттың басқа талаптары бойынша бірде-бір ескерту болмаған. Келісімшарт 2023 жылдың аяғына дейін жасалғанына қарамастан, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ концентрат алуды маусым айынан бастап ешқандай түсіндірусіз тоқтатып тастаған. Бұл жағдай «KAZ Феррит» фабрикасының қызметін тоқтатуға, салық аударымдарын кешіктіруге, жұмыссыздыққа алып келді.

Бір қызығы, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қазір шетелден көмір концентратын сатып алып отыр. Ал жоғары сапалы және қажетті көлемде өнім шығаратын отандық зауыт жабалғалы тұр.

Сондай-ақ «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы «Майқұдық ҚК «СҮ»-ге 33 тонна концентратты сатып алғаны үшін 2 млрд 610 млн теңге қарыз.

— Биылғы шілде айынан бастап кәсіпорын өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Барлық ұжым ақысыз еңбек демалысына жіберілді. Зауыттың жабылуы 200-ден астам жұмыскер мен олардың отбасыларының материалдық әл-ауқатына кері әсерін тигізеді, көп жұмысшының несиесі бар, — дейді «KAZ Феррит» ЖШС директоры Бекжан Көпбаев.

Негізінде, келісімшартта тауар жеткізілу уақыты тайға таңба басқандай жазулы тұр. Дегенмен бұл келісімді Митталдың компаниясы орындамай отыр.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ тауар жеткізілген күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде төлем жүргізуге міндетті. Мерзімі өткен берешек туралы жүйелі түрде хаттар жіберілді. Берешекті ерікті түрде өтеуден бас тартқан жағдайда сотқа талап-арызбен жүгінетіміз туралы хат жолдалық, — дейді «Майқұдық ҚК «СҮ» ЖШС директоры Дулат Нұрғалиев.

«Өнеркәсіптік саясат туралы» заңға сәйкес, мемлекеттің ынталандыру шараларының бірі — ішкі нарықты қолдау, отандық өндірісті дамыту. Кәсіпорын ұжымы мемлекет бұл жағдайға шұғыл араласуы тиіс деп есептейді.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ қазақстандық қамту туралы нормаларды орындап, отандық өндірушілерді қолдауы тиіс. Келісімшартты керек қылмаған, отандық өндірушілерді қолдау орнына уақытында ақшасын төлемей зар илеткен компанияның екі кәсіпорын — «Майқұдық ҚК «СҮ» мен «KAZ Феррит» ЖШС сотқа бермек.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының 1 тармағы негізінде конкурс негізінде Университетімізге қарасты №6 жатақхана ғимаратының 1-ші қабатынан 5 бөлмелерді секциялық типке келтіру ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электронды шот фактура, орындалған жұмыс актілері);
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтамасы;
4. Мердігер жұмыстың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын құрылыс тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Құрылыс мердігері ҚКС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.
6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органдардан берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Конкурса қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурса ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 07.09.2023 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товара «Топливо и горюче-смазочные материалы (керосины, масла смазочные и гидравлические для технологического оборудования, смазки пластичные, суспензии, присадки и уплотнительные пасты)»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке товара «Топливо и горюче-смазочные материалы (керосины, масла смазочные и гидравлические для технологического оборудования, смазки пластичные, суспензии, присадки и уплотнительные пасты)» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-02-04.

«Отын және жанар-жағармай материалдары (керосин, технологиялық жабдыққа арналған жағармайлар және гидравликалық майлар, пластикалық майлаулар, суспензиялар, қоспалар мен тығыздауыш пасталар)» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Отын және жанар-жағармай материалдары (керосин, технологиялық жабдыққа арналған жағармайлар және гидравликалық майлар, пластикалық майлаулар, суспензиялар, қоспалар мен тығыздауыш пасталар)» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы +7 (727) 393-02-04 телефоны арқылы алуға болады.

Жақында Алматы облысының Райымбек Назарұлының 200 жылдығы республика көлемінде аталып өтті. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолға алып, облыс әкімдігі қолдаған шарада Қожеке шығармашылығынан дәріс-концерт, «Күйші-композитор Қожеке Назарұлы: тарих, дәстүр және сабақтастық» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды, ұлттық ойындардан жарыс болды.



Райымбек аудандық Бакқожа Мұқай атындағы Мәдениет үйінде Қожеке шығармашылығынан дәріс-концертпен бастау алған шарада белгілі ғалым, өнертанушы Сағатбек Медеубекұлы Қожекенің қиындыққа толы тағдыры мен күйшілік өнері туралы құнды деректерді баяндады. Конференцияға мемлекет және қоғам қайраткерлері, музыкатанушылар және әдебиеттанушылар, тарихшылар мен ғалымдар, ақындар мен жазушылар қатысты. Біз Сағатбек Медеубекұлына хабарласып, ақын мұрасына қатысты бірнеше сауал қойдық.

— «Ұлт тамырындағы «әуендік код қайта жаңғырады» депсіз..

— Ғасырлар бойы бір ұрпақтан келесі ұрпаққа қан арқылы ауысып отыратын әуендік кодтың қайта жаңғыруы — болмай қоймайтын құбылыс. Сондықтан да біз адамзат дамуындағы рухани тамырластықты жоққа шығара алмаймыз, қазақ күйлерінде бүкіл әлемге ортақ құндылық екенін баса айтамыз. Ұлттық музыка тарихының Қорқытқа дейінгі ғасырлар сілемінде жатқандығын мәдени мұраларымыз айғақтап отырғанымен, олар хатқа түспеген күйі әр ұрпақтың күймақұлақ өкілдері арқылы бізге жетіп отыр.

Біз отыз жыл бұрын тәуелсіздік алған елміз. Бірақ бізде сана бостандығы, рух азаттығы бірден салтанат құрған жоқ. Өйткені саяси тұрғыдан тәуелсіз болғанымызбен, ғасырлар бойы жүргізілген отарландыру және ұлтсыздандыру саясаты санамызға сіңірген, рухымызға ұялатқан әлеуметтік-психологиялық шырмаудан бірден шығып кете алмадық. Қабылданған тауансыз бағдарламалар басталғанымен, баянды болмай су аяғы құрдымға кетіп жатты. Ұлт тарихын кешенді ауқымда жазуға мемлекет тарапынан баса көңіл бөлінбеді.

Тамыры теренде жатқан қазақ музыка өнерінің тарихы түгел хатқа түскен жоқ, ғасырлар бедерінде өмірге келіп, халық жүрегіне ұялаған сан алуан шығармалар тасқа басылмаған күйі дарынды бабалар рухымен бірге уақыт қойнауына сіңіп кетті. Бірақ өнер сабақтастығы, ұрпақ жалғастығы олардың ішіндегі ең таңдаулыларын халық жадынан шығармай, бүгінгі заманға жеткізді. Жекелеген жанашыр патриот жандардың жанкешті еңбегінің арқасында еліміздің әр аймағында тұнып жатқан халықтық мұралар ара-тұра жарыққа шыққаны болмаса, тұтастай кешенді ғылыми зерттеулер жүргізілмеді.

— Жетісу өңірінде күй мұрасы неге зерттелмеді?

— Қазақтың күй мұрасы мүлде зерттелмей қалды деуіне аулақпын. Осы саланы зерттеушілер мүмкіндігінше жұмыс істеді. Олар ұлттық мұрамызды әр жылдарда әр қырынан таңуға, танытуға күш салды. Еңбектері музыкатану саласына қосылған үлкен үлес екені даусыз. Әйтсе де, Жетісу өңірінде, әсіресе Қытаймен шекаралас жатқан аудандарда қаймағы бұзылмаған ұлттық музыка үлгілері тасада қалып келгені — шындық. Оның тарихи-әлеуметтік себептері бар еді.

Ұлы жүз тайпалары Патша ағамның қол астына 1864 жылы ресми кірді. Бірақ құжатқа білеушілер тарапынан қол қойылғанымен, елде бодандыққа қарсылық толастаған жоқ. Ресейдің қазақ жерін өз иелігіне алуына қатысты әділетсіздікке төзбей, қарсы шыққан Тазабек, Саурық, Солтанбек, Шалтабай, Іліпбай, Қожеке секілді батырлар орыс отарлаушыларының жазасына ілікпті. Саурық, Тазабектер түрмеде өлтірілді. Қожекелер зорлық-зомбылық, қуғын-сүргінге өй бермей, ел-жұртың орыс бұғауынан құтқармақ болып, өзіне ілескен 25 үймен бірге Алтай, Іле, Тарбағатай өңірлеріне өтіп, ақыры Іле өлкесіне тоқтаған соң, артынан ел-жұртына 400 үйді көшіріп алады. Олардың ішінде Қожеке күйшінің ұстаздары, тұстастары, ізбасарлары да бар еді. Солармен бірге бүтіндей бір күйшілік мектеп Шыңжаң жеріне қоныс аударды.

Шалтабай Алпарұлы да ақын, композитор, айналасына өзі секілді 300 жігітті топтастырып, ел қорғаны болған батыр, ақын әрі өңші еді. 1871 жылы серіктерімен бірге ұсталды. Итжеккенге айдалды. Атылғаны атылып, тоз-тозы шығып, солармен бірге Шалтабай бастаған тағы бір өнер мектебі тағдыр талқысына түсті. Бірақ олар тудырған өнер ел жадында қалды.

1916 жылғы қанды қырғынға ұласқан Ұлт-азаттық көтерілісте атылғандардың, асылғандардың, шабылғандардың ішінде де небір талантты, дарынды тұлғалар бар еді, олармен бірге киелі өнердің біраз бұтағы кеткені де сөзсіз.

Қырғыннан аман қалғандары арғы бетке босты. Текес өзеніне аққаны акты, ақпағаны Қытай мен қалмақтың тонауына түсті. 1917 жылы патша тақтан құлады,

ҚОЖЕКЕ МҰРАСЫ —

МОЛ БАЙЛЫҚ, САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА!



төндік келді» дегенді естіген ел қайтадан атамекеніне шұбырды. Жолда тағы да ажал құрығына тап болды. Аман қалғаны атажұртына табан тіреді.

Енді төндік аламыз деп еңсесін көтере бастаған елді екі жікке бөлген, кейде бір табын ғана жақтаған Кеңес үкіметі халықтың жолбастар серкелеріне бүйідей тиді. 1929 жылы ірі дәулеттілерді тәркілеу басталғанда, асыра сілтеуге жол берген кеңестік болшевиктер белелі мен өнеріне қарамай, бай ауылының адамдарын да қуғынға түсірді, барын берсе қолынан, бермесе жолынан тартып алды. Ел ішіне ірікті түсті. Тағы да босқындық басталды. Жұрттың жалдысы мен малдысы, әлдісі мен сәндісі амалсыз тағы да шет ел ауып кете барды. Мысалы, Мергенбай Ерденеұлының, Сыбанқұл Қалбасұлының күйшілік-домбырашылық мектептері де түгелімен осы жылдары ауды. Тағы да олармен бірге ақындық, әншілік, жыршылық, шежірешілік өнерлердің негізгі діндері ілесіп кетті. Оларға «босқын» емес, қасакана «қашқын» деген ат тағылып, сенімсіздік мазмұндағы насихат таратылды.

1932 жылғы Голощекин басқарған билік әдейі ұйымдастырған аштық, 1937 жылғы сталиндік-голощекиндік репрессия, 1941–45 жылғы соғыс елдің ең өнерпаз азаматтарын тағы да жалмады. 1956 жылы КСРО мен Қытай арасындағы шекара ашылып, солақай саясат сойлығының соққысынан еріксіз елден іргесін алшақтатып алған жұрт атамекеніне қайта орала бастаған. Бірақ 1962 жылы шекара жабылып қалды. Атамекенің ансап келгендер өз туыстарының ортасында өгейсіді. Жергілікті тұрғындар мен Отанына оралғандар арасында жасанды «психологиялық» перде тұрды. Көшіп келгендердің өзіне де, өнеріне де «артта қалған», «сырттан келген» деген көзқарас қалыптастырылды. Онсыз да көненің бәрін тәрк етіп, жаңа заманға лайық совет адамын жаңадан тәрбиелеп өсіруге көзсіз ұмтылған кеңестіктерге ата дәстүрін қаймағын бұзбай қайта алып өткендер «жабайылау» көрінді. Сол «артта қалған», «жат жерден келген», «жабайылау» қазактар көнеден келе жатқан күйшілік, әншілік, жыршылық өнер теңізінің алып толқынын ала келген еді.

Бірақ Кеңес үкіметі оларды көре тұра көрмегенсілі, біле тұра білмегенсілі. Небір дарындыларға домбыра орнына қоға ұстаып, мал соңына салып қойды.

Сырттан келгендерге ғана емес, шекаралық ауданның жергілікті тұрғындарына да «шет елде туысы бар» деген күдікпен қарады. Сөйтіп, бұл өңірде тұнышып жатқан өнер салалары тоқсаныншы жылдарға дейін жинаусыз, жариялаусыз, зерттеусіз қалып келді. Жинау, жариялау, зерттеу, насихаттау ісі жекелеген ғалымдардың, өнер адамдарының табанды еңбегінің арқасында өгіз аяңмен жылжыған күйі елеусіз ғана бұл ғасырға да ат басын тіреді.

— Ол жекелеген ғалымдар кімдер еді? — XX ғасырдың 20-шы жылдары Мұхтар Әуезов, Илияс Жансүгіровтер бұл өңірдің дарынды тұлғалары туралы пікір

айтып, мұраларын хатқа түсіріп, кейбірін жариялап баспасөз, баспа өнімдері арқылы елге танытуды бастаған болатын. Бірақ бұл іс Кеңес үкіметі заманында жалғасын таппады. Бірді-екілі ақпараттар энциклопедиялық мақалаларда, азын-аулақ пікірлер зерттеу нысанына қатысты айтылғаны болмаса, арнайы қолға алынбады. Оның басты себептері жоғарыда айтып өттік. Тек «жариялық», «демократиялық» және «қайта құру» деген саяси науқандар басталған жылдары жоғалғанды іздеу, өшкенді жандыру, өлгенді тірліту істері әр жерде бас көтерді. Мұндай игілікті іс сол кездегі Алматы, Талдықорған облыстарының аумағында да жүзеге аса бастады. Нәтижесінде, бұрын еш жерде жарияланбаған күйшілердің, домбырашылардың, ақындардың, әнші-сазгерлердің шығармалары жарық көре бастады. Бұл істе музыкатанушы ғалым Базаралы Мүптекеевтің, Токтар Әлібектің, Ғалымжан Серікбайдың еңбегін ерекше атап өтуге турады. Бұған дейін зерттеу нысаны болмаған күйшілердің мұраларын жинау үшін ұрпақтары тұрған өңірлерді өз күштерімен жаяу-жалпылап іздеп жүріп

шежірені жалпы ұлттың тұтастығына жаратудың орнына жеке бастың қамына пайдалануды жөн көрушілік бар.

Бұл екеуін де санадан ысырып тастасак, жеке тұлғаның болмысын тереңірек білу үшін тектану (генетика), шежіретану (генеология) ғылымдары көмекке келеді. Бұл ғылымдар адамзат, жан-жануарлардың қаны арқылы атадан балаға берілетін ерекше мінез-құлық, қасиеттердің сабақтастығын да, тыныс-тіршілігінің даралығын да, тарихи-әлеуметтік байланысын да арнайы зерттейді.

Күйші, домбырашы, әнші, сазгер, ақын, жыршы-жырау, батыр, қайраткерлердің, яғни тарихи тұлғалардың ата-тектелерін жасауды мінейтіндер де, сынайтындар да табылары хақ. Бірақ ғылыми таным тұрғысынан қарасаңыз, кез келген адамның шыққан тегі болатыны, ол тек қан арқылы атадан балаға беріліп отыратыны және ол адам алдымен өз отбасында тағылым, тәрбие алатыны,

ұялайтындай түсінікті де әсерлі сөйлеуге тырысады. Өзгелер зейін қоя тындап отырады. Тыңдау — басты талап. Күй тыңдау үдерісі кезінде ешкім қимылдамайды, үн шығармайды. Бар ықыласы мен зейіні күйде болады. Онсыз күй тыңдалмайды, тыңдалмаған соң қабылданбайды. Келесі кезек домбырашыға келеді. Домбырашы жаңағы тартылған күйді қайта тартып шығуы керек. Ол болғаннан кейін келесі домбырашы кезектеседі. Сөйтіп, айнала домбыра ұстағанның бәрі жаңа шыққан күйді жағалай қайталап шығады. Нәтижесінде, жаңа шыққан күй әркімнің санасында жатталып қалады. Күй тарту болған соң Мергенбай тыңдаушылардың күй туралы сұрайды, домбырашылардың қалай тартқанын айтқызады. Әр сыншы мақтамайды, дәріптемейді, тек қалай қабылданғанын ғана айтады да қояды. Соңында сөзді Мергенбайдың өзі алып, төрелігін айтады.

Әкенің назарына іліну үшін келесі кезекте өзгелер де күй шығарып келуге тырысады. Мергенбайдың кенжесі күйші-домбырашы Ыбырайымхан қария: «былай шыққан соң әркім өз бетімізше күй шығарып, оны тартып көріп, бірімізге біріміз сынаттып аламыз. Сөйтіп, күй шығармай жүргендер де күй шығарып, домбыра тартуымызды жетілдіріп, әрбірден соң оңашада өзара бөсекелісіп қалатын елік» дегенді айтқан еді. Бұған қарап, бойында қан арқылы берілген қабілеті бар бөсекелестер арасында ортаға бейімдеушілік үдерісі де ұдайы жүріп отырғанын білеміз.

Ұлкендерін айтуынша, Мергенбай әулеті мен Қожеке әулетінің арасында күйшілік-домбырашылық өңірде бөсекелестік болған. Өнер бөсекесі өзгелердің де домбыра тартуды үйреніп, көрші ауылдан озып кетуге итермелегені шындық. Бірақ Мергенбай қалай да Қожеке әулетінен асып түсу мақсатында ғана әр жұмада өз балаларының ортасында күйшілік-домбырашылық бөсекесін ұйымдастырып отырған десек қателесеміз. Бұл дәстүр атасы Байғозыдан, әкесі Ерденеден келе жатқан еді. Ердене өзінің бірге туған бауырлары Шыңғысбай, Сапақ, Тілеуберді, Қаражандармен бірге әкесі Байғозының алдында сан мәрте күй тартқан болатын. Осы дәстүр қазаққа бұрыннан бар. Оның тамыры сонау әл-Фараби замандарында жатыр.

— Осы дәстүр Қожеке әулетінде болған ба?

— Бұл дәстүр Қожеке әулетінде де ұрпақ сайын жаңғырып отырғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Қожеке Назарұлының туанына 200 толуына арналған мерейтой аясында фольклорлық-этнографиялық хәм тарихи экспедиция кезінде естігеніміз — Қожекенің әкесі Назар да асқан шебер күйші, Назардың әкесі Қасабай мен дәулескер домбырашы болған. Атасы мен әкесінің тәрбиесін көрген Қожеке де өкден ете туған күйші де, домбырашы да болғаны өз алдына, ол да ата дәстүрін жалғастырып, өзінің кіндігін тараған ұлдарына да, қыздарына да күй үйретуден жалықпаған. Соның нәтижесінде ұлдары Нұрқа, Ақмолла, Рахметолла, Рақыш, Кенжакын, Батталқазылар, қызы Көкшегір, немересі Зиядахандар өз ортасынан озық күйші-домбырашылар болыпты. Енді осылардың ішінде тарихта есімі ерекше аталатын Рақыш та Ахметжан, Шолланбай, Тұрсынғазы, Смайыл, Орынхан, Әділхан, Мұратбек есімді ұлдарына атақесібін жалғастыруды аманаттаған. Ал енді өз көзімізбен көргеніміз — Батталғазының немересі, яғни Қожекенің шөбересі Тілеуберді Шығайұлы ата-бабалары тартқан күйлердің шығу тарихын жатқа білетін болып шықты. Демек, Қожеке күйшілік мектебінде күй шежіресін айту өнері де дәстүрге айналған деп білеміз. Ал енді осы Тілеубердінің баласы, яғни Қожекенің шөпшегі Мәлік — күйші әрі домбырашы екен. Қожекенің жиеншары Рысбүбі Әмзекбекқызы өзіне дейінгі күйлерді бұзбай тартатын домбырашы әрі күй шығарып тартатын күйші де екен. Тілеубердінің немересі, яғни Қожекенің туғанды, алтының сыншты оқитын Азамат та, Қожекенің шөпшегі Дәлетбекұлы Бейбарыс та он саусағынан күй сорағалаған домбырашы болатын тұма дарын екенін танытты. Демек, Қожеке әулетінде де күйшілік-домбырашылық дарын қан арқылы берілгені даусыз.

— Осы күйшілік дәстүрлер қаймағы бұзылмаған күй жетті ме бізге?

— Бір өкініштісі, күйшілік қабілет қан арқылы тұқым қуалаған Мергенбай күйшілік мектебінен шыққан күйлер бізге толық жетпеді. Оның себебі тарихи, саяси, қоғамдық әлеуметтік жағдайларда жатыр. Егер Қожеке күйшілік мектебінің өкілдері өмір сүрген ортада, яғни Қытай жеріндегі қазақ ауылдарында күй өнерін өрістетеу билік тарапынан қырын қарау үстемдік етпеген болса және олар Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарға дейін өздері тамыр жайған өңірде өмір сүрсе, сол ортадан 1956–1962 жылдары Отанына оралған Мергенбай күйшілік мектебі Кеңес үкіметінің сынаржақ саясатының салқынына ұрынды да күй де, күйші де еленбейді, ескерілмеді, санадан ысырып тастау шалғысына ілінді. Сөйтіп, күй де, күйші де тарих сахнасынан, халық жадынан бірте бірте өшірілді.

Дәтке қуат болатыны — Қожекеден тараған күйшілік өнер сабақтастығының үлгісі, бізге жеткендігі. Бұл — ұлттық музыка өнеріне бергені де, берері де ұшан теңіз мол байлық, сарқылмас қазына... — Әңгіменізге рақмет!

XX ғасырдың 20-шы жылдары Мұхтар Әуезов, Илияс Жансүгіровтер бұл өңірдің дарынды тұлғалары туралы пікір айтып, мұраларын хатқа түсіріп, кейбірін жариялап баспасөз, баспа өнімдері арқылы елге танытуды бастаған болатын. Бірақ бұл іс Кеңес үкіметі заманында жалғасын таппады.

тағдыр шашқан тарыны еңбеккер диханшыдай еңбектеп жүріп жинады. Жарыққа шығарды. Ғылыми айналымға қосты. Сөйтіп, Жетісу өңірінде қазақ күй өнерінің ұлы шаңырағы барын, әншілік-сазгерлік өнерде Кеңен Әзірбаев пен Донеш Рақышевтен басқа да санқатар барын, ақындық-жыршылық өнерде Құлмамбет пен Бөлтүрікпен өзге де дүлдүлдер барын ғылыми негізде дәлелдеді.

Халық өнерінің жанашыры ретінде бұл істің басы-қасында болғандықтан, Жетісу өңірінде, әсіресе оның Хантөңірі, Алатау айналасында ғасырлар бойы тұнып жатқан Қожеке биікке көтерген күйшілік-домбырашылық дәстүрдің алтын қазықтарын таныстырып болдық деп айта алмаймыз. Әлбетте, «ел іші — өнер кеніші». Әлі де бабалардан қалған бұл дәстүрлерді арнаулы оқу орындарын бітірмей-ақ өз ауылында бүгінгі күнге сабақтастырып келе жатқан тұлғалар аз емес. Олар туралы болашақта сөз болары анық.

Әрине, Қожекенің күйшілік-домбырашылық дәстүрі кәзіргі заманда жаңа серпінмен жалғасын тапты. Жаңа таланттармен толықты. Әлі талай он саусағынан күй сорағалаған дарындылар дүниеге келері сөзсіз.

— Қожеке әулетінде күйшілік қабілет тұқым қуалаған ба?

— Тәуелсіздік алғалы сана бостандығы, рух азаттығы жоғалтқанымызды табуға жол ашты. Солай бола тұра біз ата-тег шежіресі дегенге әлі де сактықпен қараймыз. Оның екі себебін жасыра алмаймыз да: біріншісі — қоғамда ауызша жеткен шежірелердің ғылыми негізіне сенбестікпен қарау бар; екіншісі — атадан балаға қалған

басқарған Ғазиза Жұбанова, шетелдерге есімі мәлім химик-ғалым Болат Жұбанов, биология ғылымдарының докторы Ажар Жұбанова, филология ғылымдарының кандидаты Ардақ Жұбановалар — еліміздің мақтанышына айналған тұлғалар.

Кейде қабілет ортаға бейімдеушілік нәтижесінде қалыптасады. Адам өзінде жоқты өзгелерге еліктеу, солардан үйрену, бойына сіңіру, әдетті іске айналдыру арқылы қабылдайтын құбылыс өмірде аз кездеспейді.

Тұқымқуалаушылыққа да, ортаға бейімделушілікке де мысалды қазақ әулеттерінде де көруге болады. Мысалы, Жетісу өлкесінің Хантөңірі өңіріне әйгілі күйшілік-домбырашылық мектептің ірі өкілі, даңқты Мергенбайдың арғы атасы Байғозы да, өз әкесі Ердене де, өзінің балалары Нұрмұханбет, Бекмұханбет, Қожакан, Әуезхан, Ыбырайымхан да, немерелері Мендеке, Әскерхан, Аятхан, Сауқынбектер де күйші-домбырашылар. Бұл күйшілік-домбырашылық қабілеттің бір ұрпақтан екінші ұрпаққа тұқым қуалау арқылы берілуінен айқындалады. Ал енді ортаға бейімдеушілік те бұл әулетте болған. Мергенбай әдетте жұма намаздан кейін әулетін жинап, алқақотан отырғызып қойып күй тартқызады, тындайды, сынатады екен. Әуелгі кезек күйшіге беріледі. Ол өзінің соңғы шығарған күйінің шығу тарихын, яғни не себеп болғанын, қалай шығарылғанын айтады. Қай кезде де айтуға ерекше мән беріледі. Өйткені айту көпшілікке арналып отырғандықтан, айтушы шешен тілмен әркімнің санасына сіңіп, жүрегіне

Ұлттық спорт дегенде – ұлттық рух, ұлттық намыс, тарих, мәдениетіміз бен дәстүріміз еске түседі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей қолдауымен соңғы жылдары елімізде ұлттық спорт түрлері қарқынды дамып келеді. Еліміздің барлық өңірлерінде Ұлттық спорт Қауымдастығы мен оған қарасты 9 федерация ұлттық спорт түрлерінен жарыстарды жүйелі өткізуде. Күні кеше «Қазмедиа орталығы» Орталық коммуникациялар қызметінің мәжіліс залында аталған қауымдастықтың президенті Исламбек Салжанов БАҚ басшылары және журналистермен кездесу өткізді.



ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Наурызбек САРША

Шараны Бас редакторлар клубы президенті Бибігүл Жексенбай жүргізді. Алдымен қауымдастықтың біржылдық жұмыс нәтижесі сөз болды. Исламбек Салжанов сөзді қауымдастықтың алты федерациямен қабылдап алғанын, жыл ішінде тағы үш федерациямен толыққанын және бір жыл ішінде Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына енген 9 федерацияның жетеуінің президенті жанадан сайланғанын бастады. Ұлттық спортты насихаттау мен дамытудағы жұмыстар қолға алынып, қарқын алған. Оған себеп федерациялардың жана басшылары түрлі саладағы бизнес өкілдері екен. Бұл төңірегінде Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов түсінік беріп өтті.

«Сайланған федерация президенттері – тәуелсіздік жылдары белгілі бір жетістікке жеткен, өздерін ұлт жанашыры ретінде көрсеткен азаматтар. Олар білімі, тәжірибесін және маңдай терімен тапқан қаражатын ұлттық спортымыздың дамуына салып отыр. Мәселен, «Бәйге» федерациясының басшысы жыл басынан бері 40 ірі бәйге ұйымдастырып, соның бәрін өзі ұшып барып, бастан-аяқ қатысты. Әр кәсіпкердің уақыты – ақша, мен оны жақсы білемін. Соған қарамастан, қоғамдық жұмыс деп салғырт қарамай, ұлт ісін жоғары қоятын жігіттерді қатарымызға тарта алғаныма қуанамын», – деді ол.

Сондай-ақ Исламбек Салжанов қауымдастықтың құрамындағы әр федерацияның жеткен жетістіктерін атап өтті. Соңғы бір жыл ішінде 9 федерация спортшылары 12 халықаралық жарыста 39 алтын, 27 күміс, 29 қола медаль жеңіп алған.

«Аударыспақ» федерациясы халықаралық съезд өткізіп, дүниежүзілік федерация құрды. Штаб-пәтері Алматы қаласы деп бекітіліп, оның президенті болып ҚР федерациясының президенті Марат Жұман сайланды. Ал «Тоғыз-



құмалақ» федерациясының ұйымдастыруымен 9 қыркүйекте Алматы қаласында бір мезгілде өтетін ойынға 3 000-ға жуық тоғызқұмалақшының қатысуы жоспарланған. Бұл жобаны КИНЭС рекордтар кітабына енгізу көзделіп отыр.

Ұлттық ТАНЫТАДЫ

Жетістіктермен қатар, қауымдастық жетекшісі ұлттық спортты дамытуға кедергі болып тұрған мәселелерге де тоқталды. Олардың ішінде елімізде ұлттық спорт түрлерінен мамандар даярлайтын арнайы бірдебір орталықтың жоқтығы, ұлттық спорт инфрақұрылымының жағдайының мүшкіл хәлі, ат индустриясы қолға алынбай жатқаны секілді проблемалар бар. Осы олқылықтарды жою үшін Парламент депутаттарымен бірге «Спорттық бағыттағы казак жылқы тұқымын сақтау және көбейту туралы» заңнамалық ак-



тіге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсыныс берілді. Сонымен қатар ұлттық спорт мамандарын дайындау үшін жоғары оқу орындарымен жұмыс жүргізілуде.

«Қазақстанда қазір ұлттық спорт мамандарын даярлайтын оқу орны тұрмақ, бір де бір мамандық жоқ. Ал спорт мектептерінде дене



шынықтыру пәнінің мұғалімдері жұмыс істеп жүр. Одан қалды инфрақұрылым да нашар. Сала мамандарының сөзінен, біздің елдегі 40 шақты атшабардың ешқайсысы халықаралық талаптарға сай келмейді. Алайда шағын ғана Францияда заманауи 250 ипподром бар екен.

Жабық манеждердің қажеттігі де біраздан бері айтылып жүр. Себебі қауымдастыққа қарасты 9 ойынның алтауы атпен тікелей байланысты», – деді Исламбек Салжанов.

Бұл ел қазынасынан арнайы қаржы бөлінбейтінін, бәйге мен көкпардың басы-қасында жүргендер жарыс өткізу үшін демеуші іздеуге мәжбүр екенін атап өтті. Міне, осының барлығынан көңілі қалған кей шабандоздар амалсыздан сырт елге кететінін қосып өтті. Солардың бір мысалы ретінде соңғы жылдары

әлемге танылған жерлесіміз Бауыржан Мырзабаевты тілге тиек етті.

«Өз күшімен Чехияға барып, ат қорала аттармен бірге өмір сүреді. Пәтер жалдайтын жағдайы болмайды. Сол жақта тұрады. Сосын жолын тауып шағын бәйгелерге қатысады. Соның барлығын жеңіп шығады. Сосын көзге түскеннен кейін Чехияның 3 дүркін чемпионы болады. Бойындағы қасиетін байқаған немістер Германияға шақырады. Германияда қазақтың баласы 111 бәйгені ұтып, абсолютты рекорд орнатады», – деді ол.



Ол 2024 жылы Қазақстанда өткізілетін V Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарына да тоқталды.

«Көшпелі дала салтын ұлықтаған ел ретінде біз дүбірлі жарысты жоғары деңгейде өткізуге қажет. Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында. Көшпенділер ойындары жылдан-жылға қанатын кенте жайып дамула. Мәселен, 2014 жылы бұл жарысқа 19 мемлекеттен 583 спортшы катысты. 2022 жылы Түркияда өткен ойындарға 102 мемлекеттен 3000 спортшы катысты. Ал келесі жылы елімізде өтетін шараға әлемнің 100-ден аса елінен 3000-нан аса спортшы, 15 мыңға жуық шетелдік турист келеді деп жоспарлануда», – деді Исламбек Салжанов.

Сонымен бірге Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов ұлттық спорт түрлерінің насихатын күшейту үшін, осы саладағы журналистер, БАҚ өкілдері және авторларды кәсіби тұрғыдан бағалап, ең үздіктерін анықтау мақсатында тұңғыш рет 1 қыркүйектен бастап ALAMANA медиа байқауын өткізетінін жариялады. Байқау келесі жылдың 1 наурызына дейін 6 ай бойы өткізіледі. Оған отандық журналистер, авторлар және шетелдік Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері 7 номинация бойынша қатыса алады. Сайыстың жүлде қоры да қоммақты. Әр аталымнан үздік шыққандар 1 млн теңге қаржылай сыйлыққа ие болады.

Жиынға қатысушылар ұлттық спорт төңірегінде өз ойларымен бөлісіп, ұсыныстарын жеткізді.

АТА ЗАҢ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Үшінші мегаполисте Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында «Ұлы дала шежіресі – Ата Заң» мерекелік салтанатты іс шарасы өтті.



Арнайы театрландырылған салтанатты басталған салтанатты кеште Әнұран шырылалып, көк Туымызға құрмет көрсетілді. Сарбаздар рухты асқақтататын патриоттық әндерді шырқады. Шымкент қаласының әкімі М.Әйтемов мерекелік жиынға арнайы катысып, қала жұртшылығы мен қонақтарын ел тарихындағы маңызды мерекемен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда жаңғыртып, Әділетті Қазақстанды қалыптастыру мақсатында жүйелі реформаларды жүзеге асырып келеді. Бүгінде Қазақстан құқықтық-демократиялық дамуын жана бір кезеңін бастан өткізіп жатыр. Азаттығымыздың айшықты ай-

ғағына айналған Ата Заң – тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы. Халықтың өзі дауыс беріп қабылдаған өзгерістер арқылы Конституциямыз өркениетті мемлекеттің барлығына тән демократиялық қағидалармен толық қамтылып отыр», – деді қала әкімі.

Салтанатты басқосуды ел мен ұлттың ынтымағы, дамуы жолында үлес қосып келе жатқан азаматтарды марапаттау рәсіміне ұласты.

Түркістан сарайында өткен Ата Заңымыз ұлықталған мерекелік іс шарада қалалық мәдениет үйі өнерпаздары, цирк әртістері мен өзге де жергілікті өнерпаздар патриоттық бағыттағы ән-жырлары мен қойылымдарын көпшілікке ұсынды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ЧЕМПИОНҒА ПӘТЕР СЫЙЛАДЫ

Батыс Қазақстан облысы әкімі Нариман Төреғалиев дзюдодан әлем чемпионы Нұрлан Исатаевты қабылдады. Нұрлан Исатаев – дзюдо бойынша Батыстан шыққан тұңғыш әлем чемпионы. Оның жасы бар болғаны 16-да.



Жас чемпионды қабылдаған аймақ басшысы: «Сен біздің мақтанышымызсың, сенің жасыңда әлем чемпионы болу – үлкен жетістік. Сен өзіңнен кейінгі жастарға үлгісің. Біздің өңірде спортшылар үшін барлық жағдай жасалған», – деп жас чемпионы бір бөлмелі пәтердің кілтін табыстады.

Нұрлан Исатаевтың жаттықтырушысы Алтынбек Сұпығалиев облыс әкімінің қолынан бір миллион теңге қаржылай сыйлық алды.

Жиында Нұрлан Исатаевтың әкесі сөз сөйлеп, өңір басшылығына алғысын жеткізді.

«Біздің туған елге оралғанымызға көп бола қойған жоқ. Ұлым да, мен де ана тілінде нашар сөйлейміз. Бірақ ұлым 2028 жылы өтетін Олимпиадаға дейін қазақ тілін менгеремін деген мақсат қойып отыр. Мен ұлымды спортқа бала күнінен баулымды. Әрине, оңай болған жоқ. Бос уақыттың текке өткізбесін деп осы спортқа

бергеніме өкінбеймін», – деді чемпионның әкесі Серік Исатаев.

Нұрлан Исатаевтың отбасы Ресейден көшіп келген. Қазақстан азаматтығын осы тек биыл наурыз айында алыпты. Нұрлан – отбасында үш баланың үлкені. Ол биылдан бастап Олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің 10-сыныбына қабылданған.

Естеріңізге салсақ, Нұрлан Исатаев күні кеше Хорватия елінің Загреб қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы дзюдодан чемпионатта әлем чемпионы атанған болатын. Жарысқа жалпы саны 64 елден 576 спортшы қатысқан. Біздің чемпион 56 келі салмақта өнер көрсетті.

Нұрлан Исатаев жартылай финалға дейін Түркіменстан, Армения, АҚШ спортшыларын жеңген. Ал финалда Грузия елінің спортшысынан басым түсіп, әлем чемпионы атанды.

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN
апта

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛПЫБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4345
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
Тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
Тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,